

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8/2016 ТАМЫЗ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

М.АХАЕВА.	Компьютерлік терминдерді аудару мәселесі.....	3
М.ӘБЛҰЛЫ.	Молақсай жырау.....	11
Д.КӨПШІЛБАЕВА.	Жаңа білім технологияларын қолдану, диагностика жүргізу арқылы оқушының тұлғалық дамуына ықпал ету.....	23

Авторлық бағдарлама

З.ИМАНБАЕВА.	«Жас тілші» курсы бойынша бағдарлама.....	34
--------------	---	----

Пікір таласы-ақиқат айнасы

Г.КҮЛЕКЕНОВА, Б.СҮЛЕЙМЕНОВА.	Үш тіл білу - сәтті өмірге жолдама.....	43
---------------------------------	---	----

Жас маманға жәрдем

Ә.ШАПАУОВА.	Қазіргі шешендіктің түрлері.....	47
Ж.АСИЛИНА.	Рағфузи. «Лұқман Хакім».....	50
Г.СЕЙІТОВА.	Әнші-ақындар шығармалығы.....	54
Э.САҒЫНДЫҚОВА.	Расул Ғамзатов. «Ана тілі», «Менің Дағыстаным».....	57
Б.КҮЛШАРИЕВА.	Әлем әдебиеті үлгілері. Әбілхасан Рудаки.....	59
М.ҚҰАНЖАНОВА.	Олжас Сүлейменов. «Қыз қуу».....	64

Білім сынағында

Ә.ТҮРСЫНОВА.	Қазақ тілі пәнінен зияткерлік олимпиада.....	66
--------------	--	----

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.ТӨЛЕУҚАНОВА.	Синонимдер.....	72
Г.ОРАЗБАЕВА.	Етістіктің сөйлемдегі қызметі.....	76
С.БИЖАНОВ.	Дауыстылардың жазылуы.....	81
С.ЖАРДЕКОВА.	Сәбит Мұқанов. «Лашын».....	83
Н.ДҮЙСЕНОВА.	Есімдіктердің түрленуі.....	85
Ж.БУКЕТОВА.	Н.Ә.Назарбаевтың «Ғауелсіздік толғауы» шығармасының стильдік-тілдік ерекшелігі.....	88

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ЖОРАБАЙ.	Қадыр Мырза Әлі. «Шалкөде Жайлауы».....	91
Б.ҚАПАЕВА.	«Аяз би» ертегісі.....	94
А.ТҮРДАЛИЕВА.	Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы кейіпкерлер бейнесі.....	97
А.БЕЙСЕМБАЕВА.	Б.Майлин. «Гүлбай».....	100
А.КИСТАУБАЕВА.	Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы.....	102
М.ОҚАНОВА.	Шерхан Мұртаза. «Жүз жылдық жар».....	105
А.ҚҰРАУБАЙ.	С.Бегалин. Бала Шоқан.....	109

Қайталау-оқу анасы

А.САБЫРЖАНОВА.	Жай сөйлемнің түрлерін қайталау.....	112
Ж.АБДИРОВА.	Сөз таптарын қайталау.....	119

Асылды тот баспас

А.НАУРЫЗАЛИ.	Ата мұрасы - халық қазынасы.....	123
--------------	----------------------------------	-----

Әдеби кеш

А.АБДРАХМАНОВА.	«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!».....	128
Б.АХМЕТЖАНОВА.	Ерлік пен намыстың ақыны-Махамбет.....	134

Оқушы шығармашылығы

А.ӘЛМАХАН.	Ана – көктем, қыз – көктем.....	141
------------	---------------------------------	-----

Таным табиғатында

М.АХАЕВА,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.
Тараз қаласы

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

Өркениетке қадам басқан қазақ халқының алуан түрлі тіршілігінің бірі – тіл тағдыры. Мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тіліміздің әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелері баршылық.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге орай тіліміздегі терминдер – едәуір өзгерістерге ұшырап, қайта қаралып жатқан күрделі мәселе. Сондықтан терминология мәселесіне, оның ішінде салалық терминдерге аса көңіл бөлініп, жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізу бүгінгі күннің зор талабы болып отыр.

Қазақ лексикологиясының белді салаларының бірі – терминология екендігінде дау жоқ. Академик Ә.Қайдаровтың сөзімен айтсақ, «терминология – ғылым тілінің жон арқасы». Жалпы алғанда қазіргі қазақ тіл білімінде терминологияға қатысты терминдердің жасалуы мен қалыптасуына байланысты біршама зерттеулер жарық көргені белгілі. Дегенмен, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраныстар мен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жан-жақты, толыққанды қызмет ету талабына сай өз шешімін түбегейлі таппаған

өзекті мәселелері жетерлік[1, 56]. Осы тұрғыдан қазақ терминологиясының табиғаты зерттеліп, оның жан-жақты қырлары мен сан түрлі салалары ғылыми тұрғыдан өз бағасын алып болды деп айта алмаймыз. Сондай мәселелердің бірі – қазақ тіліндегі информатикалық терминдері.

Олай болса, тіліміздегі компьютерлік терминдердің жасалуы мен қалыптасуына, дамуына қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ғылыми өзгерістердің түрткі болып, әсер еткенін айрықша атап өткен жөн. Бұл үдеріс әсіресе білім мен ғылым және техника тілі қазақша дамып, қалыптаса бастаған қазіргі кезеңде ерекше мәнге ие болып жатыр. Аталған ғылымсалаларын қазақша сөйлету, оларды қазақтың ұлттық ұғым-түсінігіне сай баяндап беру, сөйтіп ғылым тілін қазақша жасау – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі [2, 34].

XXI ғасыр адамзат дамуының жаңа сатысы – ақпаратты қоғамға өтумен байланысты. Сондықтан да таза қазақ тілінде сөйлеуге тиісті салалардың бірі – информатика және компьютерлік техника.

Ақпараттың құрылымы мен қасиеттерін білу, оны іздеп табу, ақпаратты алу, жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату, және күнделікті тіршілікте керегінше пайдалана білу өркениет өріне бет бұрудың негізі.

Қазіргі уақытта адам іс-әрекетінің барлық салаларына компьютерлік технология кеңінен қолданылатын болды, және оның маңыздылығы барған сайын арта түсіп отыр. Осыған байланысты жаңа бағдарламалардың

тасқыны, көптеген адамдарға кәсіптік-ақпараттық технология құралдарын жоғары дәрежеде білу қажеттігін көрсетеді. Бұл салаға мемлекеттік тұрғыдан да барынша көңіл бөлінуде. Осы орайда жоғары және орта кәсіптік мамандар үшін, мектеп оқушылары үшін информатика және компьютерлік техника пәнінің ана тілімізде оқытылуы, қазақ тілінде компьютер программаларының жасалуы бүгінгі өмірдің өзекті қажеттілігіне, сұранымға айналды.

Ана тілімізде информатика саласының терминологиясын жасау – әрі қоғамдық үлкен мәні бар аса қажетті жұмыс.

Информатика саласын меңгеру үшін сол салаға тән терминдердің мағынасын, ғылыми мәні мен білдіретін ұғымын түсіну қажет. Белгілі бір ғылым саласына тән терминологияны білмей тұрып ол ғылымды меңгеру де мүмкін емес.

Мемлекеттік тіл қазіргі кезде ғылымның әр саласында кеңінен қолданылып жүр. Ондай жақсы өзгерістер информатика саласында да бар. Әйткенмен, информатика саласы басқа салаларға қарағанда күрделі. Оның бірнеше себебі бар. Бірінші себебі – информатика тілінің негізі ағылшын тілі. Бұрын информатика саласындағы терминдер екі тілде ағылшын және орыс тілінде жазылып, айтылып келді. Екінші себебі – компьютермен жұмыс жасағанда көптеген ұғымдар мен жабдықтар қолданылады. Сондықтан қолданатын аспаптардың, жабдықтардың, ұғымдардың аттары, атаулары көп. Техника мен

технология дамыған сайын әр зат, әр құбылыс өзінше атау тауып, термин болып қалыптасуы табиғи нәрсе. Информатика білімі мемлекеттік тіл аясында нық орын алу үшін, оның өрісін одан сайын кеңейте түсу үшін бүгінгі таңда әр информатикалық атауға дұрыс балама таба білу көкейкесті мәселе.

Информатикада көптеген терминдер сөздердің халықаралық қоры болып саналады да халықаралық терминдердеп аталады. Содан барып, ғалымдар арасында компьютерлік терминдерді аудару керек пе, әлде керек емес пе деген сұрақ туады. Осындай жағдайда мен өз басым Әбдуали Қайдаровтың ұстанылым қолданғым келеді. Осы ұстанымға зер салсақ, «салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану керек» деп жазған. Әрине бұл ұстанымды барлық терминдерге қолдануға болмайды. Әйткенмен осы ұстаным арқылы көптеген компьютерлік терминдердің атауларын жасауға болады.

Аударма ісіндегі негізгі мәселелер – терминдерді аудару болып табылады. Қос тілділік жағдайында қандай да бір жаңа терминді ең алдымен, өз ана тіліне аударып, одан кейін оны белгілі бір терминдік жүйеге жатқызу қажеттілігі туындайды.

Белгілі бір тілдердегі абстрактілік философиялық, саяси, эстетикалық мағынаны білдіретін ғылыми терминдер кейде басқа тілде өз баламасын таппайды. Осы терминдерге сәйкес балама табуда көп ізденістер

жасалды, мәселен, басқа тілдің түбірін алу, кейде сөз ойлап табу немесе сол сөзге жақынырақ мағынасы бар сөздерді пайдалану тәсілдері қолданылады.

Ғылыми-техникалық терминдерді аударуда аудармашыға келесі мәселелер қиындықтар туғызады:

1. Ғылыми-техникалық терминологияның ауқымы кең, сондықтан барлық терминдерді аудармашы түгіл маман да толық білмейді.

2. Тезаурустық білімнің жеткіліксіздігі.

3. Терминдерді бірегейлендіру мәселесі, сондай-ақ екі тілдегі терминдердің тоғысы.

Информатикалық терминдердің жасалу жолдары әдеттегі сөздер мен терминдердің жасалу жолдарынан ешқандай айырмашылықтары жоқ. Олар әдеттегідей морфологиялық, синтаксистік және лексика-семантикалық болып үшке бөлінеді. Зерттеушілер бұл үшеуінің үстіне соңғы кезде калькалану немесе аударма тәсілі деп аталатын төртінші тәсілді қосып жүр [3, 41].

Морфологиялық тәсіл.

Морфологиялық тәсілмен жасалған термин жасамның ең өнімді түрі. Кейбір лингвистикалық еңбектерде бұл тәсіл «аффикстік тәсіл» деп аталады. Бұл тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі бірліктің қатысуымен жасалады.

Мысалы, *ақпараттық, электрондық, айырғыш, бейімдегіш, ажыратқыш, көрсеткіш.*

Синтаксистік тәсіл.

Қазіргі қазақ тілінде термин жасаудың үлгілері мол. Солардың бірі – сөздерді тіркестіру арқылы термин жасау.

Терминтанушылар әр түрлі еуропа тілдерінің терминологиясының 60%-дан 95%-ға дейін құрап, дара терминдерден әлдеқайда басым екенін атап көрсетіп жүр.

Информатика терминдерінің басым көпшілігі осы тәсіл арқылы жасалады.

Мысалы, *деректер базасы, ақпараттық жүйе, басқару құрылғысы, операциялық жүйе, сақтау құрылғысы, жұмыс үстелінің терезесі, компьютер желісі, магниттік таспа блогы, символдар жиыны, сақтау жады, электрондық пошта, алмасу операциясы, енгізу-шығару құрылғылары, электронды мәліметтерді өңдеу, жіберуді бақылау символы.*

Лексика-семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп – ешқандай жұрнақсыз-ақ, ешқандай сөз біріктірусіз немесе сөз тіркестірусіз-ақ жаңа сөз жасауды айтамыз. Бұл қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеде енген араб, парсы сөздерінің арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалуды болып табылады. Әлгі жаңа қызмет сол байырғы сөздер мағыналарының бірінің негізінде өріс алады. Мұндай жағдайда сөзжасамның қайнар көзі – тілімізде бұрыннан қолданылып келе жатқан жалпыхалықтық сөздер болып табылады. Яғни, жалпыхалықтық сөздердің мағынасында болатын әр түрлі өзгерістер жаңа сөз жасаудың лексика-семантикалық тәсілінің негізін қалайды.

Лексика-семантикалық тәсіл – терминжасау тәсілдерінің бірі. Оны басқа тәсілдерге қарағанда

термин жасаудың басты, негізгі тәсілі деп бағалауға болады. Өйткені ұлт тілі негізінде жасалған ғылыми терминдердің көпшілігі осы тәсіл арқылы жасалған терминдер.

Мысалы, *қапшық – папка, терезе, жималау, жаймалау*, т.б.

Аударма тәсілі.

Информатика терминдерін жасауда аударма тәсілінің рөлі зор. Бұл тәсіл кейде калькалау тәсілі деп те атайды.

Калькалау – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады. І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов сөздігінде: «Бір тілдегі сөз бен сөз тіркестерін я сөз мағынасын ауыстыру, көшіру, мысалы: тышқан – орыс тілінің мышь сөзінің калькасы» деп жазылған. Кейбір тілдерде калька шет тілдері сөздерін игерудің бірден-бір тәсілі болып саналады. Біз де солай етейік деп өзге тілдерді үлгі ете берудің реті бола қоймас. Бірақ қажетіне қарай, термин шығармашылығында бұл тәсілді де жатсынбай пайдаланып, оны тіліміздің табиғатына сәйкестендіріп жетілдіре білсек, терминжасам тәсілдерінің өрісі кеңейіп, өзге тілдердің сөздерін игеру мүмкіндігі арта түспек.

Мысалы, *тышқан, көшіру, жылжыту, қию, жою, құжат, қаріп, жұмыс үстелі, менің компьютерім, ұяшық, құрал-сайман тақтасы, сақтау, басу, түзету*, т.б.

Қорыта айтқанда, термин жасау-оңай шаруа емес. Оның арнайы жасау заңдылықтары мен тәртібі болады

[4, 205].

Біз әлі күнге дейін қай бағытта термин қалыптастыру, термин жасау қажеттігін, қай бағыттардың тиімділігін анықтап ала алмай отырмыз. Анықтауға мүмкіндік беретін еңбектер жазылғанымен, оның тиімділігін ажыратып, іс жүзінде қолға алу жағы бізде әлі де баяулау жүріп жатқаны белгілі. Көпшілікке термин табиғатын түсіндірудің өзі қиын да маңызды шаруалардың қатарына жатады. Ал оның бастау көзі мектеп оқулықтарынан басталатынын тағы ескеру керек.

Мемлекеттік тілдің ғылым мен техника, білім мен мәдениет, экономика мен саясат, мемлекеттік басқару мен бұқаралық ақпарат құралдарында және шаруашылық пен өнеркәсіп, сәулет құрылысының барлық салалары жылдан-жылға дамып, белсенді қызметі артқан сайын ауқымы кеңейіп, нақты шараларды қажет ететіні белгілі. Олай болса, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытудың ең басты жолы – оның ғылыми терминдерін жасау, оларды ретке келтіру, жүйеге түсіру және оны қолданысқа енгізу.

Әдебиеттер

1 Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – А., 1988.

2 Исанова А.Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері: математика саласы негізінде. – А., 1997.

3 Сарсенова С.Е. Қазақ тіліндегі физика және астрономия терминдерінің құрамы мен құрылымы. Канд. диссертация. – А., 2003. – 41 б.

4 Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері. – А., 2007. – 205б.

М.ӘБІЛҰЛЫ,

Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.

ф.ғ.к., профессор.

МОЛАҚСАЙ ЖЫРАУ

Молақсай жырау туралы деректер өте аз. Қай жылы туылып, қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Белгілісі: Молақсай ғұн дәуірінде өмір сүрген. Олай дейтініміз: біздің қолымызда халық ақыны Өмірзақ Қалбай жырлаған халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі - "Алаңқай батыр" қиссасы бар. 1992 жылы "Жазушы" баспасынан жарық көрген Ө.Қалбайдың "Алаңқай батыр" кітабындағы "Алаңқай батыр" қиссасы: "Ертеде Еділ патшаның заманында Еділ-Жайық бойында қалың елде Молақсай деген жырау болыпты..."-деп басталады. Еділ (Аттила) патшаның заманы-ғұн дәуірі. Қиссада (Ө.Қалбай "дастан", Ә.Марғұлан "поэма" деп атаған, М.Ә.) нағашысын іздеп алыс сапарға аттанған баласы Алаңқайға әкесі Молақсай жыраудың айтқан сөзі бар. Сонан соң "Алаңқай батыр қиссасы" арқылы бізге жеткен "Молақсай жыраудың жалғыз баласы Алаңқайдың моласында отырып айтқан сөзі", "Молақсай жыраудың Алаңқай деген баласына берген батасы" бар. Сонан соң бесқалалық (қарақалпақстандық) қазақ жырауы Теңізбай жырау жырлайтын "Он үш жасар Алаңқай батыр" қиссасында Молақсай жырау туралы өлең жолдары кездеседі: "Ертеде Тұранымда ғұндар

болған // Ғұндарда Молақ деген жырау болған..."
Өлеңдегі "Молақ" деп отырғаны-Молақсай жырау.
Жырау өлеңнің буын санын ескеріп, "Молақсай"
деген есімнің "сай" деген буынын әдейі алып тастап
жырлаған.

Енді Молақсай деген есім туралы бірер сөз: осы
есім "Алаңқай батыр" қиссасында Молақсай жырау
деген атпен белгілі, ол-нағашысын іздеп алыс сапарға
аттанатын он бес жасар (Теңізбай жырау жырлайтын
"Алаңқай батыр" қиссасында Алаңқай он үш жасар
бозбала, М.Ә.) Алаңқай батырдың әкесі. Тарихта
сақтардың тұңғыш патшасы Тарғытай туралы
жазылады. Тарғытай туралы деректер әйгілі гректің
тарихшысы Геродоттың "Тарих" атты кітабында бар.
Сол Тарғытай батырдың үш баласы болған. Есімдері:
Липоксай, Арпақсай, Қолақсай. Ал біздің айтып
отырған жырауымыздың есімі - Молақсай. Есімдер
ұқсас па? Ұқсас. Молақсай ғұн дәуірінде өмір сүрген.
Осы "Алаңқай батыр" қиссасында Тоғанас жыраудың
аты аталады. Бұл да халық ауыз әдебиеті үлгілерінде
кездесетін Кетбұға, Сыпыра, Құтан, Молақсай жырау
сияқты тарихи тұлғалар емес пе екен? "Алаңқай батыр
қиссасында" Молақсай жыраудың замандасы Тоғанас
жырауға былай дейтіні бар: *"Замандасым Тоғанас //
Жылады деп сөкпеңіз // Көңілім кетті шыдатпай..."*
Ежелгі сақ тайпалары мен ғұн тайпаларының қазақ
ауыз әдебиетіне тигізген әсері жайлы қазақ ғалымдары
ғылыми тұжырымдарын жазғаны белгілі. Грек
тарихшылары Геродоттың, Диодордың, Фотийдің,

Страбонның, Иран патшалары Ахменидтер заманынан
қалған жазуларда ежелгі сақ тайпаларының мәдениеті
мен ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті қазақ халқының
ауыз әдебиетін тудырып, ғұн дәуірінде өмір сүрген
жыраулар-Молақсай мен Тоғанас біздің дәуірімізге
ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр.

Молақсай жырау мен Тоғанас жырау халық ауыз
әдебиеті үлгілерінің бірі "Алаңқай батыр қиссасы"
арқылы жетіп отырғанын атап айтуымыз тиіс. Белгілі
ғалым Ә.Марғұлан бұл шығарманы "ертегі" деп
атағанымен мұнда оқиғалар шыншыл тұрғыдан
сипатталады."Алпамыс батыр" жырында Алпамыс
зынданда жеті жыл жатса, "Алаңқай батыр қиссасында"
Алаңқай зынданда алты жыл жатады. Дегенмен,
"Алаңқай батыр қиссасында" оқиғалар легі тек шынайы
тұрғыда жырланады. Қиялдан туған кейіпкерлер жоқ.

Профессор Ә.Қоңыратбаев "Қазақ эпосы
және түркология" атты монографиясында тарихи
деректердің ертегілерде де кездесетінін атап көрсетеді:
"...Гата", "Даистани Даник", "Бадашт" хикаяларында,
тат ертегілерінде жүрген тарихи деректердің өзі де
Орта Азия жөнінде есепсіз көп мағлұмат береді. Тек
солардың тарихи-аңыздық жүйесін анықтап, ғылыми
тұрғыдан зерттей түскен жөн..." (1).

Ауыз әдебиеті мен мәдени құндылықтарымызды
ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде жыраулармен бірге
жыршылар, қиссашылар, ертекшілер, айтушылар
(информаторлар), қобызшы-бақсылар, бишілер,
әншілер мен күйшілер, көшірушілер, шежірешілер де

зор рөл атқарғаны белгілі.

Ғұн дәуіріндегі қазақ әдебиетіне "Алаңқай батыр қиссасы" (Өмірзақ жырау мен Теңізбай жырау нұсқасы), "Он үш жасар Алаңқай батыр қиссасы" (Теңізбай жырау нұсқасы) деп аталатын қиссаларды енгізу ғұн дәуіріндегі әдебиетіміздің олқы тұстарын толықтырады деп ойлаймыз. Бұл қиссаларды өзіндік жырлану ерекшелігіне қарай қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиеті үлгілеріне жатқыза аламыз.

Қазақ жыраулары қазақ халқының ұлы батыры Еділ (Аттила) патшаны жырға қосып, оның ерлігі мен өрлігін өскелең ұрпақтарымыздың санасына құйып келді. Бұл елдігіміздің белгісі. Әдебиет халықты осылай тәрбиелейді.

Профессор Н.Келімбетов ғұндардың Еуропаға қоныс аударып, Еділдің билік жүргізген тұсын жырлайтын «Атилла» дастаны туралы: «Атилла» дастаны-ғұндардың Еуропаға қоныс аударып, Еділ (Атилл) өзені мен Атлант мұхиты аралығында билік жүргізген дәуірін жыр еткен туынды. Сол себепті бұл дастан кезінде ғұндардың ата мекені болған ұланғайыр қыпшақ даласында емес, сол көшпелі тайпалардың ерлік жасаған шайқастар жасаған жері-Еуропа елдерінде жақсы мәлім еді...» -деп жазды (2). "Алаңқай батыр қиссасы" мен "Он үш жасар Алаңқай батыр қиссасы" Еділ (Аттила) патшаның қазақ жерінде және Еуропа жерінде болған сәттерін сипаттайды. Бұл әдебиетіміз бен тарихымыз үшін мол қазына.

Әдеби шығармаларда, аңыздарда, дастандар мен

қиссаларда, толғаулар мен термелерде жыраулардың шығармалары өзімен бірге жырланатыны бар. Оған көптеп мысалдар келтіруге болады.

Профессор Қ. Жұбанов ежелгі қазақ жеріндегі ескі әдеби мұралар туралы былай деп жазады: «Қазіргі қазақ атанып отырған халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігін білу үшін Қазақстан жерінде өмір сүрген бұдан бұрынғы халықтардан қалған және олардың атақты жеке адамдарынан қалған ескі әдебиет мұраларына да үңіле қарау керек. Ескі әдебиеттің, оның ішінде ескі жазба әдебиеттің, қандай болса да кейінгі қауымдар үшін ерте замандардан қалған әдебиет мұрасы болып саналады. Ескі әдебиет мұрасы халықтың тарихын танытатын материал болады, бір халықтың тарихын білу үшін, сол халықтың әдебиетінен қалған мұраларды жинау, сақтау, оларды тиісінше тексеру керек. Біздің жұртшылығымызда ұлан-байтақ Ұлы Отанымыздағы әрбір ұлттың тарихи мұраларын соның үшін сақтайды, сақтап та отыр...» (3).

Профессор Қ. Жұбанов "ескі әдебиет" деп ауыз әдебиетін айтып отырғаны түсінікті. Ауыз әдебиеті жәдігерліктерінде кездесетін тарихи тұлғаларды зерттеп, халқымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін өскелең ұрпақтарға ұсына білуіміз қажет-ақ.

XV ғасырда Асан қайғының Жәнібек ханға айтқаны Сыпыра жыраудың Тарғын батырға айтқанын еске түсіреді. XVIII ғасырда Бұқар жыраудың Абылайханға айтқаны ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан әдеби дәстүрді дамыта түседі. Жыраулардың ел басқарған

хандарға, батырларға өлең-жыр жолдарымен айтқан ақыл-кеңестері жыраулар поэзиясындағы асыл қазына болып, өскелең ұрпақтарға қызмет еткені белгілі. Демек, белгілі тұлғаға, ол хан болсын, патша болсын, батыр болсын немесе шешен болсын, ел басқарған көсем, емші болсын, әулие болсын жырмен арнау дәстүрі - ежелгі сақтар мен ғұндардан келе жатқан әдеби дәстүр екен.

Молақсай жыраудың баласы Алаңқайға шығарған жоқтау жыры: *"Жатырсың ба жайыңда // Жалғызым менің Алаңқай. Аңсаған әкең алыстан // Келіп тұр бүгін басыңда-ай. Қабірің жатыр, өзің жоқ // Төгіп тұрмын жасымды-ай..."* - деп келеді (4).

Қазақтың жоқтау жыры өте көне дәуірден бері қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Молақсай жыраудың Алаңқайды жоқтап айтқан жоқтау жыры көне дәуірден осы заманға жеткен, шамамен б.з.д. VII-II ғасырларда өмір сүрген Тұран елінің даңқты патшасы, батыры, дарынды қолбасшы Алып Ер Тұңға- Апрасияп қайтыс болғанда шығарылған "Алып Ер Тұңғаны жоқтау" деп аталатын жырды еске түсіреді: *"Алып Ер Тұңға өлді ме? // Опасыз дүние қалды ма? Заман өшін алды ма? // Енді жүрек жыртылар..."* (5).

Профессор Ә.Қоңыратбаев өлген адамдарға ән-күй арқылы сыйыну дәстүрі ежелгі Тибетте, Иранда, арабтарда болғанын атап көрсетеді: *"...Біздің эрамыздың басына дейін Тибет елі будда емес, бәну (бон) культіне табынған. Бұл наным оларда көк, жер,*

ай, жұлдызға, өлгендерге (әруак) ән-күй арқылы сыйырудан туған..." (Ә.Қоңыратбаев, "Қазақ эпосы және түркология", Алматы, "Ғылым" баспасы, 1987-жыл, 21-бет). Қазақтың жоқтау жыры белгілі бір әуенмен орындалатыны белгілі. Сондай-ақ ежелгі сақтар мен ғұндарда өлген адамның құрметіне қобызбен күй тарту (қаралы әуен) дәстүрі болған. Жошының өлімін Шыңғысханға қаралы әуенмен естірту дәстүрі осыны аңғартады. Еуропа халықтарындағы өлген адамның құрметіне оркестрмен қаралы әуен орындауы осыдан қалған дәстүр екені белгілі.

Сонан соң Кетбұғаның жыры, Құтан жыраудың Қобыланды батыр өлтірген жалғыз баласы Дайырқожаны жоқтап айтқан жоқтау жыры осы дәуірге жеткен. Осы жоқтау жырдың Қанышбек жырау жырлаған нұсқасы Бесқала (Қарақалпақстан) қазақтарының ауыз әдебиетінде сақталған.

Біздің қазақта: "Есік алды төбе болса, ерттеулі атпен тең, ауылында қарт болса, жазып қойған хатпен тең"- деген мақал бар. Ауыз әдебиетін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушылардың бір тобы осы "хатпен тең" қариялар болса керек.

Біздің қазақта "Ауызша тарих" деген мәдени сала бар. Бұл-ғылым. Осы "Ауызша тарихты" өркендетіп, кемелдендіретін зиялылар. Осы сала өркендемей, тұралап тұр. Осы ғылымды дамытып, әдебиетіміз бен тарихымызды жолға салатын уақыт өтіп барады.

"Алаңқай батыр қиссасында" Молақсай жырау баласы Алақайға бата береді.

Молақсай жыраудың баласы Алаңқайға берген батасы: Алдымда тұрған Алақай // Тәңірі берген балақай. Түрегеліп қол жайшы // Берейін, балам, батаңды-ай. Тәңірім саған бақ берсін // Еділ патша тағындай. Ұшантеңіз және бақ берсін // Ескендірдің бағындай...

Молақсай жыраудың баласы Алаңқайға берген батасы, біріншіден қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрімен қабысып жатады. Ежелгі ғұн дәуірінде, тіпті сақ дәуірінде қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінің сақталғаны жайлы ғалымдардың жазған ғылыми еңбектерінде аталып өтіледі, және сол салт-дәстүрлердің орындалып келгенін дәлелдейтін жәдігерер бар.

Молақсайдың батасында: "Алдымда тұрған Алаңқай // Тәңірі берген балақай..."-деп жырланады. Сақ дәуірінде, ғұн дәуірінде жаратқан иені сақтар мен ғұндар, берідегі үйсіндер мен қаңлылар, тіпті қыпшақтардың (түркілердің) өзі Тәңірі дейтін болған. "Тәңірім саған бақ берсін // Еділ патша тағындай..."-дейді. Ғұндар үнемі қытайлармен соғысып келген. Ол жайлы халық жырауларының шығармаларында, А.Ясауидің хикметтерінде де айтылады: "...Әй, достар, заман ақыр болды, көрің // Кәпірлер дүние-әлемге толды, көрің. Барлық жаннан ізгілік ниет қашты // Сол үшін Тәңірім ашу қылды, көрің!..."

Профессор Қ.Жұбанов А.Ясауидің қытайлардың шапқыншылығы туралы жазған хикметтері туралы былай деп жазады: "Осы дәуірде Түркістанда өмір сүрген Қ.А.Ясауидің 95-толғауы жауға шабылған елдің

күй-жайын суреттеуге арналған (6).

А.Ясауи хикметтерінде қарақытайлардан азап көрген түркілер туралы былай дейді: "Бұларды қараңғылық басты тамам // Бізге ашу қылды бүгін Тәңірім-сұхбан. Кәпірлер олжаланып қуанысты // Мұсылман зар еңіресіп састы, көрің!..."

Профессор Қ.Жұбанов Қожа Ахмет Ясауидың хикметтері туралы былай деп жазады: «Біріншіден, бұл толғаудың Хожа Ахмет аузынан айтылуы жоғарыда сөз болған қара қытайлардың Түркістан елін жаулап алуымен байланысты тәрізді. Үйткені бұл толғаудың мазмұны шапқыншылыққа ұшыраған халықтың хал-жайын суреттейді. Алқазіргі қолда бартарихи деректерге қарағанда, екі өзен аралығындағы Түркістандық елдерді 12 ғасырдың алғашқы жартысында қара қытайлардан басқа жаудың шауып алғаны айтылмайды.

Бұл толғаудың мазмұнына қарағанда, қарақытайлар Түркістан елін (өзен аралығындағы елді) жаулап алған кезде, олар елге үлкен зәбір-жапа жасаған. Елдің ұлдарын құлдыққа, қыздарын күндікке алып, ел тұрмысын зор күйзеліске түсірген. Құр жылау-сықтаудан басқа жергілікті халықтың қолынан еш қайрат келмеген. Шет ел басқыншыларының мұндай жауыздығына қарсы ызаланған Хожа Ахмет ел күйзелісін суреттеп, басқыншыға «кәфірлік» атақпен нәлет айтып, («кәфір» деген сөз ол кезде адам баласының ең жауызына айтылатын қарғыс есебіндегі сөз еді, біздің заманымыздағы «фашист» деген сияқты), осы жырымен мұңын шерткен тәрізді.

Екіншіден, сол кездегі түркістандық елдердің өзара ауызбірлігі кем болған. Оның себебі қара халыққа хан-сұлтандардың қамқорлығы, ғалым-ғұламалардың мейірімі түспеген тәрізді. Соның салдарынан жергілікті халықтың шеттен келген басқыншыға қарсы күресі әлсіз, бытыраңқы болғанға ұқсайды. Сонымен қатар, сол кездің өзінде-ақ, жергілікті халықтың әлеуметтік, саяси тағдыры хан-сұлтан, ғалым-ғұламалардың қолында болғандығы көрінеді...» (7).

Молақсай жыраудың қытай халқын аузына алғаны жәй емес: "Өсіп-өнсін ұрпағың // Қара қытай халқындай..." -деп бата береді. "Ағаштай өсіп бұтақтан // Тәңірім жайсын шақанды - ай..." ("Шақанды-ай"-бұл жерде "бұтағынды-ай"-деген мағынаны білдіреді, қарақалпақ түркілерінің сөзі. М.Ә.) Жырау "Тәңірім" деген сөзді көп қолданады. Мұның өзі қиссаның көне дәуірден-ғұн дәуірінен бері ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанын дәлелдейді. Яғни Молақсай жырауды ғұн дәуірінің перзенті, Еділ (Аттила) өмір сүрген дәуірде жасаған деп пайымдауға болады.

"Алаңқай батыр"- ертегі емес, шыншыл сипаттағы шығарма, тіпті бұл қиссаны тарихи қисса деп те атауға болады. Мұнда халық қиялынан туған жалғыз көзді дәу, мыстан кемпір, жалмауыз кемпір, таусоғар, желаяқ, дию, т.б.қияли кейіпкерлер жоқ. Оның есесіне ғұн дәуірінде өмір сүрген тарихи тұлға Еділ (Аттила) патша жырланады. Қазақтың көрнекті ғалымы Ә.Марғұлан Өмірзақ жырау мен оның жырлайтын "Алаңқай батыр"

атты қиссасы туралы былай деп жазады: " Өмірзақ Қалбаев - белгілі қазақ халық ақыны. Оның көптеген жырлары Батыс Қазақстан мен Орта Азия жерінде кеңінен таралған. Ол тарихи тақырыпқа көптеген толғаулар мен қатар тарихи мақалалар да жазды. Қазақ ақындары туралы көптеген тың материалдар берді. Мысал үшін айтсақ, "Қалнияз ақын" атты мақаласы. ("Қазақ әдебиеті" газеті, 9-шілде, 1982-жыл) әдебиет зерттеушілерге құнды деректер берді. Өмірзақтың мұрағатында әлі де тың материалдар көп.

Өмірзақ Қалбаевтың "Алаңқай батыр" атты поэмасын баспаға дайындадық. "Алаңқай батыр" - Батыс Қазақстанда кең таралған ертегі. Сондай-ақ әртүрлі нұсқасы бар. Қазақ фольклорының асыл мұраларының бірі. "Алаңқай батырды" кезінде қазақтың талай ақындары жырлаған болатын. Алайда, әйгілі ақындар Сабыр жырау, Құдайберген ақын және басқалардың "Алаңқай батыр" туралы жырлары біздің заманға жетпей қалды.

Ө.Қалбаев осы қазақ халқының асыл мұрасын үлкен дастан етіп қызыл тілмен жырлап шыққан...Бұл поэманың және бір маңызды жері - Еділ патша туралы жырланады. Ғұн патшасы Еділдің образында оның әділ басқарушысы болғаны айтылады..."(8).

Қиссада қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері сақталған. Мысалы, жоқтау жыры бар. Исламдық түркі дәуірінің көрнекті өкілі М.Қашғаридың "Түркі сөздерінің жинағы" деп аталатын кітабында ел аузынан жинаған "Алып Ер Тұңғаны жоқтау" жыры бар екені белгілі.

Ал бұл жоқтау жыр ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен ғасырларды көктей өтіп, ауыздан-ауызға тарап М.Қашғариға жеткен. М.Қашғаридан бізге жетіп отырғаны белгілі.

Қиссадағы Молақсай жырауды "Ғұн дәуірінде өмір сүрген Молақсай жырау..."- деп алуға осындай ғылыми негіз бар. Осыны ескере отырып "Ежелгі ғұн дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тарихына" Молақсай жырауды кіргізгеніміз дұрыс болар деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1 Қоңыратбаев Ә. "Қазақ эпосы және түркология". -Алматы, "Ғылым" баспасы, 1987, 16-17-бб.

2 Келімбетов Н. «Қазақ әдебиетінің бастаулары». -А., «Ана тілі» баспасы, 1998, 46-бет.

3 Жұбанов Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», ішінара өңделген үшінші басылымы. -Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010, 300-бет.

4 Қалбайұлы Ә. «Алаңқай батыр», -Алматы. «Жазушы» баспасы, 1992. 125-127-бб.

5 Қыраубаева А. "Ежелгі әдебиет", 5-томдық шығармалар жинағы.

6 Жұбанов Қ. "Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер", ішінара өңделген үшінші басылымы, Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010-жыл, 304-305-бб.).

7 Марғұлан Ә. "Алғы сөз орнына", кітапта: Өмірзақ Қалбаев, "Алаңқай батыр", "Жазушы" баспасы, 1992. 5-бет.

ЖАҢА БІЛІМ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ, ДИАГНОСТИКА ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУ

Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат-әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтан да жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Олар: инновациялық, дамыта оқыту, деңгейлеп

оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан және тағы басқа оқыту технологиялары.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты—оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Білім беру мекемесінің алға қойған мақсатына жетуі үшін басқаруға ықпал жасайтын (мұғалімдер, мектеп оқушылары) және өзінің басқарушы ішкі жүйесі (әкімшілік, педагогикалық ұжым) біртұтас жүйе болғандықтан, инновацияға үнемі орын табылады. Ал жаңа өзгеріс нәтижесі білім беру мекемелері үздіксіз өзгеретін және дамытын жаңа қайшылықтардың көздері болады. Сонымен қатар басқарудағы маңызды орын үнемі қозғалыс пен дамуда болатын педагогикалық және балалар ұжымының қажеттілігіне беріледі. Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп

оқушыларының білімге, дағдыға шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алудағы жеке тұлғаның дамуы. Технологияны, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады. Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады.

I кезең. Дайындық (рольдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

II кезең. Ойын кезеңі (оқушылар жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

III кезең. Қорытындылау (проблеманы шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Оқушылардың танымдық ой белсенділігін қалыптастыруда ойын сабақтарын өткізу оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды.

Психолог Л.С.Выготскийдің айтуынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі- бұл тіл мен ойдың шығармашылығы». Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау

қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Бастауыш саты- бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білу тиіс.

Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ой-өрісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқытудың ЕРЕКШЕЛІГІ:

- оқушыларды еркін және қыстамай оқыту;
- оқушылардың білім алуға деген қызығушылықтарын дамыту үшін тақырыптарды жаңа бір қырынан қайталауды ұсынып отыру;
- білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі;
- оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру;
- оқушыларға берілетін білімнің саралануы;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Педагогика ғылымының докторы Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамымыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың, жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің даму деңгейінің оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

Деңгейлеп оқытудың маңыздылығы:

- Сынып оқушыларының жаппай жұмыс істеуіне жетелейді;
 - Бос іспен айналысатын оқушы болмайды;
 - Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады;
 - Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады және пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады;
 - Ізденіс дағдысы қалыптасып, шығармашылық қабілеті дамиды;
- Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:
Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу
Әр оқушы өз деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп

қана қоймай, оны дамыту.

Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Технология 4 деңгейден тұрады:

1. Оқытушылық-үйретушілік деңгей.

Бұл деңгейде оқушылардың жаңа тақырыпта алған білімдерін бекіту, практикада қолдана білуге жаттықтыру. Мұнда заңдылықтарды, ережелерді, формулаларды білуі қажет етіледі. Тапсырмаларды оқушылар мұғалім берген үлгі бойынша орындай алады.

2. Алгоритмдік деңгей базалық - минимумды ілімге сәйкес.

Бұл деңгейде үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру, амалдарды орындай және құрастыра алулары, күрделі материалдарды жүйелей білуі, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыптарды еркін меңгергені ескеріледі.

3. Эвристикалық деңгей - материалды саналы түрде меңгеру.

Бұл деңгейде оқушылардың меңгерген білімдерін тереңдету үшін танымдық ізденіс, әр түрлі логикалық есептерді талдай, жинақтай алатын салыстыра білуі қажет етіледі.

4. Шығармашылық деңгей- өз бетімен оқу материалдарын меңгеру.

Құбылысты өз бетімен талдай келіп, шағын шығармашылық тұрғыда зерттеу жұмысын өткізуге баулу, яғни әр оқушыға кішігірім болса да, жаңалық ашқандай әсер беруі тиіс.

Қазіргі заман талабы әр оқушының сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, талап – пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде. Осындай өздігімен дамуды қалыптастыратын Ж.Қараевтың

«Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясының тиімділігі мен маңыздылығы қажетті. Бұл технология оқу үрдісінде:

- оқушыға сенімділік білдіру;
- пәнге қызығушылығын арттыру;
- оқушы біліміне сеніп, әрі дамыту;
- өзіндік шығармашылық деңгейге көтерілу көзделген .

Профессор Ж.Қараевтың технологиясының тиімділігі сол жаңа тақырыпты балаларға шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын белсенділігін арттыру үшін мәселелік сұрақтар қойып отыру . Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі сабақта қарастырылды.

Сабақ үш кезеңмен жүргізіледі және оның мынадай тиімділіктері бар.

1-кезең. Тірек тапсырмалармен жұмыс.

Мұнда жаңа тақырыпты меңгеруге қажетті бұрын өтілген материалдарды қайталау. Бұл үйде орындалып келетін тапсырма болғандықтан, үй жұмысын талдауға барлық оқушыларды қатыстыруға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы кезеңде әңгімелесу, көрнекілік мәселелік оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушылардың бұрын алған білімін ескере сабаққа қызығушылығын арттыру және білімін қадағалау жүзеге асырылады. Осы жұмыстар арқылы оқушының сабаққа зейіні ауып, жаңа тақырыпты өздігінен меңгеруге дайындалады.

2-кезең. Жаңа тақырыпты өздігінен меңгеру.

Бұл кезеңде оқушыларға тақырыпты меңгеру үшін жұмыстар беріледі. Алдымен оқулықпен жұмыс істеп, тақырыптан керекті мәліметтерді таба білуге , ізденімпаздыққа үйренеді, әр оқушының танымдық қызметіндегі дербестікті дамытуға мүмкіндік туады. Оқытудағы іздену көзқарасы оқушының өнімді іс-әрекетіне

негізделеді. Мұнда оқушы жаңа тәжірибені мүмкіндігінше өз бетімен меңгеруі тиіс. Оқу барысында оқушы өзін-өзі жетілдіреді. Одан кейінгі кезеңде оқушыға тақырыпты оқып, үйреніп, топ болып талдауға уақыт беріледі. Оқушы тақырыпты оқып болған кезде мұғалімнің үй тапсырмасын тексеруге немесе жеке оқушылармен жұмыс істеуге уақыты бар. Мұнда оқушылардың барлығы қатысады. Тақырып тақтада талданады. Оқушылар жартылай ізденіс, мәселелік және зерттеу әдістерін қолданады.

3-кезең. Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі.

Оқушылар білімін бағалау мен бақылау жүйесі арасындағы байланыс. Қоюшы әр сабақта жинаған ұпайларын «Даму мониторинг» кестесінде белгілеп отыру арқылы талдау жасалады.

Оқушының даму моторингі, оның жеке басының қабілетіне қарай тақырып бойынша игерген білім сапасының объективті сипатын көрсетеді. Осы жағдайда оқушының даму деңгейі – басқалармен емес, уақыт өткен сайын, өзімен -өзін салыстыру арқылы анықталғандықтан, ол оқушыларға деген ізгілік қатынасты көрсетеді.

Өзін -өзі бағалау «қосу» әдісімен жүргізілетіндіктен оқушы бұрынғыдай «екілік» аламын деп қорықпайды. Оқушыда жоғары ұпай жинауда ұмтылушылық пайда болады. Бұл дұрыс орындалған тапсырмалардың санына тікелей тәуелді.

Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты:

-жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар.

-оқушы ізденіске, шығармашылыққа бөленеді.

-дарынды оқушылар мүмкіндігі анықталады.

-әр оқушы өзін -өзі бағалайды, өз білімін жоғары деңгейге жеткізе алады, материалды толық меңгереді.

-жаңа тақырыпты жаңа әдіспен түсіндіреді.

- тест, диктант арқылы тақырып меңгеріледі.
- өзіндік жұмыстар жүргізіледі.
- бақылау жұмысы алынады.
- бақылау парағы жасалады.

Қорыта келе, деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді. Тапсырманы орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді. Оны шешуде ақыл – ойы дамиды, ойлануына жан – жақты әсер етеді деп түйіндеуге болады.

Технологияның басты мақсаты-дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегиясынан: әдістерінен тұрады. Мақсаты-шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сыни ойлау-әр тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз ойын еркін жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік жеке ойлау болып табылады. Ол-өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады.

1.Қызығушылықты ояту-үйрену үрдісі. Бұрыннан білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Бұл кезеңде үйренушінің белсенділігі артады. Айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оқушы жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Осы кезеңге мына әдістер қызмет етеді:

«Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау».

2. Мағынаны ашу-түсіне білу. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оған өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушының жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі- INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында Y-«білемін», (-)- «мен үшін түсініксіз», (+)- «мен үшін жаңа ақпарат», (?)«мен+і таңқалдырады» қойып отырып оқу тапсырылады.

INSERT-оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, өз ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал.

3. Ой-толғаныс – күнделікті оқыту үрдісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге көмектесу. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында әр түрлі кестені біліп, үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының жетістіктері:

1. Оқушылар күні бұрын берілген тапсырмамен де, сабақ үстінде берілген тапсырмалармен де қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады.

2. Оқушының ой қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік берілді.

3. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді.

4. Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса білуге үйренеді.

5. Шыншылдық, әділдікке дағдыланады.

6. Өзгенің пікірімен санасуға үйренеді.

7. Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға дағдыланады.

8. Өз пікірін қорғай, дәлелдей алады.

9. Топпен жұмыс істеуге үйренеді.

10. Жан дүниесін тәрбиелейді.

Көрнекті кеңес психолог-ғалымы А.Н.Леонтьев: «Мен

өмірімде нені меңгердім, ал нені меңгере алмадым, соны ұғына алдым ба, жоқ па, егер ұғынсам, меңгерсем, қаншалықты, қандай дәрежеде ұғындым. Оның мен үшін, менің жеке тұлғам үшін маңыздылығы қандай?...» деп, психология ғылымында «мән» және «маңыз» деген ұғымдардың түсініктемелерін зерттеген. Білімді меңгеру үдерісінде бағалау мен бағаның алатын орны ерекше. Себебі баға объективті қасиеттерді танып-білулердің негізінде беріледі және бағалау өз алдына таным болып табылады. Мектеп іс-тәжірибесінде білімді формальды түрде, яғни немқұрайлы меңгеру жиі кездеседі. Оқушы ғылыми деректі біле тұра, оны саналы түрде түсініп, ұғынбайды, ғылым оқушы үшін бұл жағдайда жеке тұлғалық мәнге ие болмайды, жай құбылыс ретінде қалып қояды. Білім мен оны саналы түрде сезінудің арасындағы мұндай алшақтық білімнің маңыздылығын, яғни құнын түсіреді. Оқушы білімді жай, уақытша қажеттілік деп санаса, онда білімнің маңыздылығы төмендейді. Ал егер де оқу әрекетін басқа іс-әрекеттермен (Шығармашылық, болжамдық, танымдық қырым-қатынас, бағалау) байланыстырса, онда «білсем», «маған керек», «маған қажет» сияқты себептерге ұласатыны сөзсіз.

Жалпы, менің оқытудағы мәселем - оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақтың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі бөлігінің бірі-әр мұғалім сабақ жоспарын құрастырған кезде нақты мақсаттар қойып, соған жету жолдарын ізденушілік, жауапкершілік көзқараспен қарауы. Ұстаз жан-жақты дайындалып, білімін шыңдап, шығармашылық қабілеттерін үнемі арттырып отыруы қажет.

З.ИМАНБАЕВА,
Көктөбе жалпы орта
білім беретін мектебі.
Павлодар облысы,
Май ауданы

«ЖАС ТІЛШІ» КУРСЫ БОЙЫНША **БАҒДАРЛАМА** *(8-сынып)*

Түсінік хат

Көркем өнер қоғамдық өмірмен байланысты. Оқушыларды көркем өнерге баулып, ой-қиялына қанат бітіріп, дарынын ашып, жан-жақты шығармашылық қабілетін жетілдіру қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. «Жас тілші» үйірмесі оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беріп, тұлғалық қасиеттерінің дамуына, болашақ тілші не тіл мен әдебиет мамандығын таңдауға жетелейді.

Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі- өзіндік көзқарастарын ашық айта білу, өзіндік пікірін қорғой білу, қоғамдық пікірге жүгіну болып табылады.

Үйірме жұмысы - бұл іс-әрекеттің танымдық ойын формасы. Оқушылар үйірме іс-шараларына қатыса отыра, өздерінің әр түрлі қабілеттерін ашып дамытуға мүмкіндік алады. Олар бір-бірімен тілдесіп, қарым-қатынас жасауға, өз ойы мен пікірін ауызша, жазбаша түрде жеткізе білуге, іс-шараларды ұйымдастырып өткізе білуге үйренеді, жаңа достар мен таныстарын табады, көптеген қызықтар мен жаңалықтарды біліп отырады.

Үйірме жұмысы-теориялық және әдістемелік негіздердің

жасалымы, балалар баспасөзі мен аудиовизуалды құралдарын жаппай қарым-қатынас жүйесіне енгізу, бұл жүйенің жас тұлғаға айқара есік ашуы, берілген әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыру үшін балалардың өзін немесе қызығушылық танытқан қоғам күштерін біріктіру үшін тәжірибелік жағдай жасау.

Ұсынылып отырған бағдарлама оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Тіл және әдебиет өнері, тілшілік, әртістік өнер туралы қосымша түсінік беруді және мәнерлеп оқу жолдарымен таныстыруды, ізгілік, адамгершілік, жауапкершілік, әсемдік, іскерлік құндылықтарын шәкірт бойын сіңіруді көздейді.

Бағдарлама төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1. Қосымша білім беру курсының негізгі мақсат-міндеттері, мазмұны мен құрылымы.

2. Курс материалдарын тақырыптық жоспарлау.

3. Жас тілшілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

4. Негізгі іс-әрекет формалары.

Бағдарламаның алғашқы бөлімінде үйірме курсының негізгі мақсат-міндеттері айқындалып, оқу материалының мазмұны мен құрылымы сипатталынады. Олар мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Тіл және әдебиет өнері.

2. Тілшілік өнер.

3. Мәнерлеп оқу.

«Оқу материалдарын тақырыптық жоспарлау» бөлімінде курс материалдарының тізбесі мен олардың қысқа сипаттамалары, белгіленген теориялық және тәжірибелік оқу уақыты берілген.

«Жас тілшілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» бөлімінде курс барысында меңгерілетін,

оқушылардың дайындығына қойылатын негізгі талаптары мен іс-әрекет түрлері айқындалған.

Курстың мақсаты:

1. Сөзді қоғамдық пікір қалыптастырудың құралы ретінде жұмсап, көпшілікке арналған басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында қандай тілдік қолданыстарды алуға болатыны туралы мағлұмат беру.

2. Ақпаратты алу және өңдеудің шығармашылық үдерісіне оқушыларды жұмылдыру, олардың оқу үрдісінде белсендіру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды тілді шұбарламай таза сөйлеуге үйрету;

2. Әрбір сөзді орнымен қолдана біліп, сауатты жаза білу нормаларын сақтауға баулу;

3. Оқушылардың тіл өнеріне қызығушылығын арттыру;

4. Көпшілікке арналған басылымдар мен теледидар тілін ажырата білуге дағдыландыру;

5. Оқушылар өмірінен мақала, хабарлама жазуға төселдіру;

6. Оқушының ой-қиялын ұштап, әдеби тіл мен ауызекі сөйлеу тілін дамыту, мәнерлеп оқуға үйрету, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

7. Редакциялық баспа ұжымдарының көмегімен мектепте көп қырлы оқиғалы және танымдық ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру;

8. Оқушылардың өздігінен пікір алмасу үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз ету, журналистік шеберлік заңдары туралы білім негізінде олардың шығармашылық қабілетін жүзеге асыру.

Курстың тәжірибешілік мақсат-міндеттері:

1. Аудандық, облыстық әдеби, тіл байқау сайыстарына қатыстыру;

2. Тілші, ақын-жазушылармен шығармашылық

кездесулерді қйымдастыру;

3. «Жас тілші» қабырға газетін шығарып, онда оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жариялап отыру;

4. Көркем шығармаларды мәнерлеп жатқа айтуға ынталандырып үйрету;

5. Тіл мәртебесін көтеру мақсатында оқушылармен тілдің құдіреттілігі жөнінде пікірталас, конференциялар, сайыс, байқау, әдеби кештер, қойылымдар ұйымдастырып өткізу;

6. Ақпаратты өздігінен жинау, өңдеу, басуға жұмылдыру;

7. Шағын мақалалар жазуға бағыттап үйрету;

8. Шағын сахналық қойылымдар арқылы оқушылардың әртістік қабілетін ашу және оны әрі қарай дамыту, жетілдіру;

9. Мәнерлеп оқу машықтарын жетілдіру және мәнерлеп оқу сайыс, байқауларын ұйымдастыру.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

Көпшілікке арналған басылымдарды жинақтау, зерттеу.

Әр түрлі телехабарлар көрсету арқылы оларды жүргізе білуге үйрету. (дауыс екпіні, сөйлеу жылдамдығы)

Мәтіндермен жұмыс жүргізу. Мақала, ой толғау, хабарлама, өлең жазу сияқты шығармашылық жұмыстарға баулу.

Күтілетін нәтиже:

Алған білімдері арқылы функционалдық сауаттылығын арттырады.

Тілдік-коммуникативтік құзіреттілігі дамиды. Тілшіге қойылатын талаптарды меңгереді. Мәтінді талқылап, өз пікірлерін ауызша және жазбаша еркін жеткізе біледі.

Курс материалдарының мазмұны мен құрылымы

I. Тіл және әдебиет:

1. Тіл мәдениеті.

Әдебиет теориясы (әдеби тек, жанр, түр, ұйқас түрлері,

троп және фигура/айшықтау/ түрлері).

2. Шығармашылық жұмыстар /шығарма, ойтолғау, өлең шығару, әңгіме, әзіл-сықақ оқиғалар, т.б./

II. Мәнерлеп оқу:

1. Шығарма құрылысына талдау жасау.
2. Көркем айшықтау құралдарымен жұмыс.
3. Шығарма жазуға дайындық талаптары.
4. Сөзбен жұмыс істеу- тіл дамытудың негізі.
5. Мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру жолдары.
6. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу тәсілдері.
7. Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу.
8. Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу.

III. Тілшілік өнер:

1. Тілшілік өнердің басты аспектілері.
2. Репортаж жасауға дайындық.
3. Ақпаратты жинау және сұрыптау.
4. Тілшінің лексикасы, тілшінің басты кәсіби қасиеттері, тілшілер тобы.
5. Сұхбат, сұхбаттасу технологиясы.
6. Мақала жазуға дайындық, тақырып таңдау, материалды дайындау және өңдеу.
7. Мақала түрлері.
8. Газетті көркемдеу тәсілдері, шығару.

Оқыту материалдарын тақырыптық жоспарлау.

(Аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат)

Тіл және әдебиет (25 сағат)

I. Тіл мәдениеті (5 сағат)

Ауызша сөйлеу мәдениеті және жазба тіл мәдениетінің ерекшеліктері. Әдеби тілде сөйлеудің үлгісі. Ауызша сөйлеуде орфоэпиялық қағидаларды сақтау. Көпшілік алдында сөйлеудің түрлері: мұғалімдердің, оқушылардың, баяндамашылардың, дикторлардың сөйлеу ерекшеліктері. Ойды жеткізудің тілден тыс көмекші құралдары (ым-ишара,

дауыс ырғағы, күші, кимыл-қозғалысы).

Сөзді дұрыс жазу мәдениеті. Орфографиялық нормадан ауытқуға болмайтындығы, оны сақтаудың міндеттілігі. Емле ережесіндегі соңғы толықтырулар мен өзгерістер тіл фактілері негізінде талқыланып, олардың дағдыға айналуы. Тіл мәдениеті және шығармашылық жұмыстары.

Ұсынылатын тақырыптар: қазақтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өнері, ұлттық мақтанышы, көрнекті адамдардың өмірі жайлы сыр, сынып мүддесі, денсаулықты сақтау, табиғаттағы өзгерістер, бейбітшілік, мамандық, кітап-адамның досы, т.б.

II. Әдебиет теориясы (5 сағат)

Көркем әдебиеттің қоғамдық мәні. Оқып зерделенген туындының тектік, жанрлық сипаты. Эпос, лирика, драма. Өлең сөздің құрылымдық элементтерінің (өлшем, ырғақ, ұйқас, шумақ) мән-мағынасы, негізгі ұғымдарын тәжірибелік қолданыста пайдалана алу.

Туындыдағы көркем суреттеулер, сипаттаулар (портрет, пейзаж, интерьер, т.б.), баяндаудың түрлері, автор позициясын бейнелеу құралдары (әжуа, мысқыл, сарказм, юмор мен сатира, аллегория), оларға қатысты ұғымдарды тәжірибеде қолдана білу.

Кейіпкерлер сөзі (диалог, монолог), тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (троп, фигуралар: тенеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, гипербола, литота, параллелизм, қайталаулар) қолданысы. Әдеби кейіпкер, сюжет, композиция, идея, тақырып ұғымдары, басты сипат-белгілері.

III. Шығарма құрылысына талдау жасау.(5 сағат)

Оқып зерделенген шығармалардағы аса маңызды авторлық, лирикалық толғаныстары, шегіністері, идеялық-көркемдік мазмұны. Сюжет элементтері (композиция, оқиға байланысы, оқиға дамуы, шарықтау шегі, шешімі).

Шығарма құрылысына талдау жасау.

IV. Көркем айшықтау құралдарымен жұмыс (5 сағат)

Шығармадағы көркем айшықтау құралдары (троп пен фигура). Поэзиялық шығармаларды талдау. Прозалық шығармаларды талдау.

V. Шығарма жазуға дайындық талаптары.

Шығармашылық жұмыстар (5 сағат)

Оқылған, зерделенген мәтіннің, өзінің сөйлейтін сөзінің, шығарма жұмысының жай және күрделі жоспарын құру. Эпиграф таңдау. Шығарма талаптары. Шығарма стилі. Шығарма жазуда тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын қолдана білу, емле, тыныс белгі ережелерін сақтау. Шығарма жазу.

Шығармашылық жұмыстар/ шығарма, ойтолғау, өлең шығару, әңгіме, күнделік беттері, хат, мақала, әзіл-сықақ оқиғалар, т.б./

Мәнерлеп оқу (18 сағат)

I. Сөзбен жұмыс істеу- тіл дамытудың негізі (2 сағат)

II. Мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру жолдары (2 сағат)

III. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу тәсілдері (3сағат)

Мәнерлеп оқудың партитурасын, яғни барлық элементтерін (дауыс ырғағы мен екпіні, олардың бірде жоғары, бірде бәсең болуы) білуі, оқу қарқынын бірде келте, бірде ұзақ кідіріс жасауды тәжірибелік қолдану деңгейінде меңгеруі, мәнісін түсіну, сахнада өзін-өзі ұстау мәдениеті.

Әртістік.

IV.Поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу (3 сағат)

V.Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу (3 сағат)

VI. Практикалық жұмыстар. Көркем шығармаларды жаттау (2 сағат)

Тілшілік өнер (25 сағат)

I. Тілшілік өнердің басты аспектілері (2 сағат).

Журналистік шеберлік туралы білім. Қоғамдық мүдделерді сақтау.Мақала тақырыбын таңдау ерекшеліктері. Түрлі тілдік стильдер және газеттік-публицистикалық жанрлар. Әдеби редакциялау ережелері.

II. Репортаж жасауға дайындық. (5 сағат)

Сенімділік қарым-қатынасты орнату. Нақтылық. Материалды түсінікті етіп баяндау. Ақпарат көздерін пайдалану. Авторлық түсініктеме. (3 сағат).

Репортаж жасау. Өңдеу. (2 сағат)

III. Ақпаратты жинау және сұрыптау, өңдеу (3 сағат)

Пайдалы және дұрыс құрастырылған ақпараттар. Жаппай ақпарат құралдары. Ақпаратты жинау, сұрыптау, өңдеу.

IV. Тілшінің лексикасы, тілшінің басты кәсіби қасиеттері, тілшілер тобы. (3 сағат)

Тілшінің лексикасы: сөйлеу және өзін-өзі ұстау мәдениеті. Риторика негіздері. Ораторлық өнер. Тілшінің басты кәсіби қасиеттері, қарым-қатынас психологиясы. Тілшілердің шығармашылық тобы.

V. Сұхбат, сұхбаттасу технологиясы. (2 сағат)

Сұхбат дегеніміз не? Сұхбаттасушы және сұхбат. Сұхбатқа дайындық. Сұхбаттасу технологиясы. Сұхбат алу бойынша практикалық жұмыстар.

VI. Мақала жазуға дайындық, тақырып таңдау, материалды дайындау және өңдеу. (3 сағат)

VII. Мақала түрлері. (2 сағат)

VIII. Газетті көркемдеу тәсілдері, шығару. (3 сағат). Газетті көркемдеу тәсілдері. Газет материалдарын өңдеу. Газет шығару.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

Оқушылардың теориялық дайындығы факультативтік

сабақтарда өтеді және оның келесі негізгі бөлімдері болады:

- журналистік шеберлік заңдары туралы (мазмұны, құрылымы, дәлелдеме, газет мәтінін әдеби безендіру), әр түрлі тілдік стильдер және публицистикалық жанрлар жайлы, әдеби редакциялау ережелері жайлы, макеттеу тәсілдері және жаппай ақпараттандыру құралдары техникасы туралы білуі;

- сөз қарым-қатынасы негіздері және өзін-өзі ұстау мәдениеті (сөйлей білу, өз ой-пікірін дәл және нақты құра білу, тілдесу психологиясы);

- сөз шешендігінің негіздері, ораторлық өнер заңдары, суырыпсалмалық өнер, көпшілік алдында сөйлей білуі, аудиториямен қарым-қатынас жасай білуі;

- өз ойын жазбаша түрде дәл, нақты жеткізе білуі, нақты деректі бұрмалауға жол бермеуі, көркем, әдеби сөздерді, емле, тыныс белгілерін дұрыс қолдана білуі;

- оқылған, талданған шығарма, не өз бетімен оқыған туындысы, көрген спектаклі, кино, теледидар қойылымы жайлы пікір, ұсыныс, мақала жаза білуі;

- әдеби шығармашылық сипатта жазба жұмыстарын (эссе, ойтолғау, репортаж, т.б.) орындай алуы;

- өз бетінше сыныптан тыс оқыған әдебиеттерді, БАҚ мәліметтерін, жаңа технологияларды;

- әдебиеттану терминдері мен фразеологиялық сөздіктерді, энциклопедияларды;

- компьютермен, техникалық құралдармен жұмыс істеп, интернеттен қажетті дүниелерді күнделікті өмірде қолдана білуі тиіс.

Әдебиеттер

1 Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту.-А., 1998

2 Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. -А., 1998.

3 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы.- А., 1978.

Пікір таласы-ақиқат айнасы

**Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,
Б.СҮЛЕЙМЕНОВА,**

№6 орта мектебі.

Ақтөбе облысы,

Шалқар ауданы

ҮШ ТІЛ БІЛУ- СӘТТІ ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА

Мақсаты:

• Оқушылардың үш тілді білуге деген ынтасын арттыру, тілдің қоғамдағы ролі мен қызметі, жаһандану дәуірінде алған білімдерін өмірде өз қажетіне жарата алу, өз көзқарастарын, ой-пікірлерін еркін жеткізе білу дағдысын қалыптастыру, тілді құрметтеуге, шешендікке баулу.

Барысы:

I. Ұйымдастыру.

Жүргізуші: -Құрметті оқушылар, мектебімізде Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және үш тілділікті ілгерілету жөніндегі іс-шаралар жоспарына орай өткізілгелі отырған «Үш тіл білу- сәтті өмірге жолдама» тақырыбындағы пікір-сайысқа қош келдіңіздер!

«Мозайка» әдісі арқылы оқушыларды топқа бөлу. Берілген мақал- мәтелді құрастырып, топ ішінде мағынасын ашу.

1-топ. Друзья познаются в беде.

2-топ. Досыңды жауда сына.

3-топ. A friend in need is a friend indeed.

Жүргізуші: -Осы мақал-мәтелде айтқандай бүгінгі сайысқа барлығымыз достық қарым-қатынаста атсалысайық. Тіл-халықтың жаны, сәні .Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Тек қазақ жұрты ғана емес, барша қазақстандықтар осы үш тілді өзара ұштастырып, өз орнымен қолдана білулері қажет.

- Good morning teachers and students!

- Welcome to the game.

- We are happy to see you here.

In connection with progressive development of a society development of a society, last years the increasing interest to foreign language is observed.

One of the reasons of it is desire to travel on the world, to enrich the knowledge in dialogue with representatives of the various countries and cultures. The most popular foreign language is English. Therefore it is not casual one of the widespread languages studied at school, English language is.

Дорогие ученики, приветствуем вас в игре. В настоящее время необходимо знание трех языков, которое дает направление нам в светлое будущее, как нам указал наш лидер Н.А.Назарбаев без знания трех языков , нельзя строить свою будущую жизнь. В этой игре будем обмениваться знаниями пословиц и поговорок на трех языках и будем высказывать свои мнения о трехязычиие.

Сайыс кезеңдері:

1. Қызығушылықты ояту. Аламан бәйге.

1. «Қазақ хрестоматиясының» авторы
Ы.Алтынсарин.

2. Autumn қай мезгіл? Күз.

3. Автор романа - эпопеи «Путь Абая». М.Ауэзов.

4. «Екінші» сөзі ағылшынша қалай? Second.

5. Кому? Чему? Қай септіктің сұрақтары?
Дательный

6. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» қандай жыр? Лиро-эпостық

7. «Бородино» өлеңінің авторы. М.Ю.Лермонтов.

8.А.Құнанбайұлы кімнің мысалдарын аударған?
И.Крылов.

9. Автор поэмы «Евгений Онегин»? Пушкин

10. Қазақ тілінде неше септік бар? Жеті.

II. Негізгі бөлім:

1) Сұрақ-жауап кезеңі.

Үш тілдің қоғамдағы орны туралы пікір айту.

1-топ. Қазақ тілі туралы.

2-топ. Орыс тілі туралы.

3-топ. Ағылшын тілі туралы.

2) Түйінді сөз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз үштілділікті енгізуді жеделдетудеміз. Бұл біздің ойлап шығарғанымыз не қалауымыз емес, бұл–қажеттілік. Қазірдің өзінде 20% қазақстандықтар ағылшын тілін меңгеріп отыр, яғни, үш тілді білу-бұл жаһанданған өмірге жолдама, бұл-адам өмірінің сәттілік қағидасы. Осы жаһанданған әлемде біздің балаларымыз ғаламшар азаматтары болады-олар барлық жерде және кез келген жұмысты атқара алулары керек және

де олар осынау қилы заманда суда жүзген балықтай болулары керек » деген сөзіне пікір алмасу.

3) Сергіту сәті.

Мақал-сөздің көркі.

Оқушылар берілген мақалдың орысша, ағылшынша нұсқасын табады.

1. Өз үйім-өлең төсегім.

В гостях хорошо, а дома лучше.

East or West, Home is best.

2. Отсутствие новостей - хорошая новость.

No news is good news.

3. Жылтырағанның бәрі алтын емес.

Не все золото, что блестит.

All that glitters is not gold.

4. Жағымсыз хабар тез тарайды.

Плохая молва летит на крыльях.

Better late, than never.

5. Ештен кеш жақсы.

Лучше поздно, чем никогда.

Bad news travels fast.

III. Қорытынды.

Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін үш тілде хормен орындау.

Жүргізуші: -Жаһандану заманында ел арасын жақындастыратын, жүздескенде ізгі ниетті, жақсы ілтипатты жеткізетін тілдің орны бөлек. Көп тілді білген жұрттың көсегесі көгерер. Бұл-құптарлық іс. Өз ұлтының, халқының, мемлекетінің тілін жетік біле отырып, өркениет көшінің алдыңғы сапында келе жатқан халықтың тілін де білу-заман талабы. Олай болса, заман көшінен кеш қалмайық!

Жас маманға жәрдем

Ә.ШАПАУОВА,
Ақсу қаласының дарынды
балаларға арналған
мамандандырылған
гимназиясы.
Павлодар облысы,
Ақсу қаласы

ҚАЗІРГІ ШЕШЕНДІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

(II-сынып)

Мақсаты:

1. Қазіргі шешендік сөз түрлерін, оның идеялық мәні мен көркемдік ерекшеліктерін, тілдік сипатын таныстыру арқылы олардың сөйлеу, ой қорыту дағдысын жетілдіру.

2. Шешендік сөздердегі фразеологизмдердің, мақал - мәтелдердің, афоризмдердің табиғатын тану қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту.

3. Тіл тазалығын сақтап, тауып сөйлеуге төселдіру, мәдениетті сөйлей білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: іздендіру, талдау, дәлелдеу, жинақтау, сұрақ - жауап, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: слайдтар, интерактивті тақта арқылы сызба-кестелер.

Түрі: жаңа білімді игеру.

Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

-Балалар, қазақ шешендік өнері неше кезеңнен тұрады? топқа бөлу.

1-топ: Әдия, Ерназар, Жансерік, Әмина, Әділжан.

2-топ: Гүлден, Рүстем, Азамат, Азалия, Темірлан.

3-топ: Әлібек, Аян, Асқар, Әйгерім, Мәдина.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1-топ. 1,2-кезең толғаулармен дәлелдеу.

2-топ. 3-кезең шығармашылық жұмыс ойтолғаумен.

3-топ. 4, 5-кезең тұсаукесер түрінде.

- Балалар, қазақ шешендік өнерінің қай кезеңін қамтыдық?

- Дұрыс, біз XI ғ. бастап XIX ғ. аралығын қамтыдық.

- Қазір шешендік өнер түрі бар ма? Мысалдар келтірейік. (оқушыны тыңдау).

- Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ?

- Жаңа сабақ-Қазіргі шешендіктің түрлері. Біз қазір оның түрлерін анықтайтын боламыз.

1-тапсырма. Ол үшін мына мәтіндерді оқып, топта талдап, постерге түсіреміз.

1-топ. *Кіріспе, білім-ғылым мазмұнды.*

2-топ. *Әлеуметтік-саяси мазмұнды; әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды.*

3-топ. *Діни мазмұнды; сотта қолданатын сөздер.*

Спикер. 2 жұлдыз, бір тілек.

2-тапсырма.

Жаттығу жұмыстары. Берілген мәтін шешендіктің қай түріне жатады. Мысалдар арқылы дәлелдеу.

1-топқа 27-жаттығу.

2-топқа 30-жаттығу.

3-топқа 36-жаттығу.

Бекіту. 3-тапсырма.

Ал қазір, балалар, шешендіктің түрлеріне өзіміз мысалдар құрастырып көрейік.

1-топқа әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды

2-топқа діни мазмұнды

3-топқа әлеуметтік-саяси мазмұнды

Қорытынды. 4-тапсырма Би-шешен, судья, әкімдермен салыстыру. (5 мин)

Би-шешен	судья, әкімдер
Ертеде	Қазір
1. Оқымаған. 2. Тілге шешен. 3. Әділетті. 4. Туа біткен дарын. 5. Аса сақ, халықшыл, сезімтал. 6. Адам тағдырына арашашы.	1. Оқыған. 2. Тілге орашолоқ. 3. Әділет жолынан ауытқиды. 4. Оқып-үйрену арқылы қабілетін шындаған. 5. Халық қамын аз ойлайды. 6. Адам тағдырына немқұрайлы.

Үй тапсырмасы.

Ойтолғау. Әр топқа ортақ тақырып.

"Шешендік күші-шындықта"

Мұғалім сөзі: Дәулет-қолдың кірі жусаң кететін,
Бақ-сел-көшкін уақытпен өлшенетін.
Өнер-ризық, несібе таусылмайтын,
Тіл-байлық, ізгілік мұрат,-

деп кезінде Шойынбет би айтқандай шешендік-тіл мәдениетінің жоғарғы формасы. Сондықтан да әрбіріміз осы шешендік түрлерімен қарсы келгенде осы мәдениетке, осы формаға жетуге тырысайық дегім келеді.

Бағалау.

Бағалау өлшемдері

5=22-25; 4=17-21; 3=12-16.

Орындалған тапсырмалар:		Асқар	Әдия	Ерназар	Әйгерім	Аян
1	1. Үй тапсырмасы					
2	2. Жаңа тақырып (постерге түсіру, мәлім...)					
3	3. Практикалық жұмыстар (1 тапс. орындаса-5, 2 тапс. ор-са 4,					
4	4. Венн диаграммасы					
5	5. Қорытынды. Ойтолғау					
	Жалпы ұпай					

Ж.АСИЛИНА,
Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын
орталықты орта мектеп.

Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы,
Жақсылық ауылы

РАБҒУЗИ. «ЛҰҚМАН ХАКІМ»

Сабақтың мақсат-міндеттері:

А) Әңгіме мазмұнымен танысады;

Ә) «Лұқман хакім» әңгімесіндегі қойылған мәселенің ақ-қарасын ажыратады;

Б) «Лұқман хакім» әңгімесін талдайды;

Әңгімеде табиғат, жаратылыстың пайда болуы, әулие-әнбиелер, пайғамбарлар туралы адамгершілік мәселелері

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту:

• Оқушылар өздері білетін ежелгі ертегі-аңыздармен салыстырады;

• Әр қиссаны талдай отырып, оның негізгі идеясын ашады;

Топтық жұмыс:

• Шағын топта пайда болған жеке идеялардың негізінде ортақ пікірлерге келеді;

• Әр оқушы өз білімін кеңейтеді.

Бағалау.

Мазмұн:

• сұрақтарына берген жауабының толық болуы;

• жазбаша жұмыстарды, талқылау кестесін орындауы;

• бес жолды өлеңді құрастыруы;

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту:

• Салыстыру жасаған жауаптарының болуы;

• Мәтінді жеке, топта талдауы;

• Тақырыбы мен идеясын аша білуі.

Топтық жұмыс:

- Өзіндік көзқарасын айта білуі;
- Топтық жұмыс нәтижесіне пікірін қосуы;
- Тобына көмектесуі.

Түрі: жаңа білімді меңгерту.

Әдіс-тәсілдері: «Интервью» стратегиясы, ЖИГСО, «Бес жолды өлең», әңгімені СКТ, кейіпкерлерді талдау.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабақтың жабдығы: АКТ, мәнжазбалар, оқулық, слайдтық көрсетілім, қима қағаздар, кестелер маркер, А1 форматты қағаз.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: 1. Психологиялық тренинг. «Мысық пен тышқан». Оқушыларды үш топқа қолдарына жазылған сөздерді тарату арқылы бөлемін: қисса, әңгіме, ертегі. Әр топ өзінің атын қорғайды.

Қызығушылықты ояту:

1. «Интервью» стратегиясын пайдалану.

1. Рабғузи деген кім?

2. Рабғузидің қандай шығармаларын білесің?

3. Рабғузи өз шығармаларын қай тілде жазған?

4. Лұқман сөзі қандай мағынаны білдіреді?

5. «Лұқман хакім» сөзін естігенде көз алдыңа не елестейді?

Оқушылар топ бойынша ақылдасады, өз пікірлерін топ ішінде талқылайды, топтың пікірін ортаға салады.

Мағынаны ажырату сағысы:

Жигсо әдісін пайдаланамын.

Жанұя тобы

Топ ішінде нөмірленеді: 1,2,3,

Әр нөмірге тақырып беріледі. I топ «Қарлығаштың адамға достығы», II топ Лұқман хакімнің бірінші, екінші әңгімесін, III топ Лұқман хакімнің үшінші әңгімесін оқиды. Әр оқушы дәптерге өзінің түсінгенін жазады, кейіпкерлеріне баға береді.

Жұмысшы тобында әр топ өз мәтіні бойынша жұмыс істейді.

1-топ: «Қарлығаштың адамға достығы» мәтіні бойынша

топ мүшелері мазмұнын баяндайды, суретін салады, негізгі идеяны анықтайды, түйінін жазады.

2-топ: Бір оқушы Лұқман хакімнің бірінші, екінші әңгімесінің мазмұнын баяндайды, бірі кесте сызады, оны толтырады, бірі талдау кестесін тақтаға сызады.

Әңгіменің аты	Тақырыбы	Идеясы	Кейіпкерлері	Кейіпкерге баға
Лұқман хакімнің бірінші әңгімесі	Адалдық	Арамдық ойламай, жанды таза ұстау	1. Лұқман хакім 2. Қарыз алушы	Жоғары: өйткені әр кез қайырымды. Орташа: бірінші рет арамдық іс ойлады, ойы орындалмады; екінші рет адал іс істеді, екі есе пайда көрді.

1. Тілдің суреті.


2. Жүректің суреті.

Түйін: «Тәтті болмақ та тіл мен жүректен, ащы болмақ та тіл мен жүректен».

3-топ. Лұқман хакімнің үшінші әңгімесін талдайды. Топтағы оқушының бірі мазмұнын айтады. Топ мәтіннің мазмұны бойынша суретін салады. Салған суретті тақтаға іледі, әңгімені сатылай кешенді талдайды.

Әңгімені сатылай кешенді талдау

Берілгені: «Лұқман хакім» әңгімесі.



1. Шығарманың авторы кім?
2. Шығарманың түрін ата.
3. Тақырып мәтінге сай алынған ба?
4. Кейіпкерлерді ата.
5. Әңгіме желісі: ұнады. Себебі: ұнамады. Себебі:...
6. Әңгіменің қысқаша мазмұны
7. Әңгімені бірнеше бөлікке бөл.
8. Мақал-мәтел
9. Шығармашылық бөлім.

Жанұя тобы. 1 2 3

1 2 3

1 2 3

Әр оқушы жанұя тобына оралады. Әр топ жұмысшы тобында жасаған жұмыстары бойынша түсінік береді. I, II, III топ оқушылары өз тақырыбын айтып, кестемен таныстырады, түсіндіреді. Әр топ өз жұмыстарын осы сипатта жүргізеді. Соңынан ортаға шығып өз жұмыстарын қорғайды, өз жұмыстарының қорытындысын жариялайды.

Ойтолғаныс сатысы:

«Бес жолды өлең» стратегиясын пайдаланамын.

1-топ:

1. қарлығаш
2. ақылды парасатты
3. тыңдады жұлды түсіндірді
4. қарлығаш масаның тілін жұлды
5. адамның досы.

2-топ:

1. қарыз
2. қайтарылған қайтарылмаған
3. берді алды қайтарылды
4. Лұқман хакім қарыз берді.
5. уақытша төлем

3-топ:

1. жүрек
2. адал ақ
3. толқиды ауырады жаншиды
4. қойдың тілін, жүрегінің асты
5. өмір кілті

Бағалаушы оқушының аты-жөні _____ Бағаланушы

оқушының аты-жөні

Не бағаланды?	5	4	3	2
Сұраққа жауап беруі				
Топтастарына көмек беруі				
Жобаны қорғауы				
Сыни тұрғыдан салыстыра білуі				

«5»-тік баға – 18 – 17 ұпай

«4»-тік баға – 16 – 14 ұпай

«3»-тік баға – 13 – 10 ұпай

«2»-лік баға – 9 – 2 ұпай

Оқушы білімін бағалау. Өлшемдерді бағалау. Стикер арқылы топтарды бағалайды.

Үй тапсырмасы: «Менің өмір сүргім келеді» эссе жазу.

Рефлексия.

Г.СЕЙТОВА,
Орта жалпы білім беретін эстетикалық
бағыттағы мектеп-гимназиясы.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ӘНШІ-АҚЫНДАР **ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Міндеттері: 1.Әнші-сазгер ақындар шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту.

2.Топпен жұмыс жасауға, ізденуге жаттықтыру.

3.Қазақтың әнші-сазгер ақындарының шығармашылығына қызығушылықты тәрбиелеу.

Сабақтың мақсаты:

а) білімділік: әнші-ақындар шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыстардың бірі екендігі, әнші-сазгерлігі туралы оқушыны іздендіре отырып, білім мазмұнын ашқызу;

ә) дамытушылық: оқушылардың өз беттерінше ізденуіне жол ашу,ғылыми зерттеу еңбектері мен қосымша материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын, зейінін, қиялын дамыту;

б) тәрбиелік: әдебиетіміздегі, тарихымыздағы тұлғаларымыздың еңбектеріне құрметпен қарау; эстетикалық зейінге, әдемілікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақ әдісі: СТО, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер. (Топтық, шығармашылық ізденіс, т.б.)

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, оқушылардың өз ізденістерімен жасалған қаттамалар, сызба кестелер, т.б.

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

«Дала деген

Дана туған Абайым,
Қалап кеткен өлең сөздің сарайын.
Ол дара тұр ойшыл ақын, данышпан,
Кейінгілер қарайламай маңайын.
Дала –Ақан,
Үкілі Ыбырай,
Біржандар,
Серіліктің ор шыңында тұрғандар.
Дала – Мұхит, Жаяу Мұса, Естайлар,

Дала - Мәди тар қапаста тыңғандар» деп, бүгінгі сабақты бастауға рұқсат етіңіз.

Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деп, қазақ халқының әдебиеті мен өмірін зерттеген Шоқан Уәлихановтың досы Г.Потанин айтқандай, қазақта әнсіз өмір жоқ. Халқымыздың асыл қазынасының бірі – әнші – ақындардан қалған поэзия, өлеңдер, музыка өнері. Қазақтың ән өнері ұлттық өнер болып, халқымыздың өзімен бірге туғандай. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазақ ақындарының ішінде екі өнерді бойында тоғыстырған айрықша бір талант иелері пайда болды. Оларды «әнші-ақындар» деп жүрміз.

- Әнші –ақындар деп кімдерді атаймыз?

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қандай әнші-ақындарды білесіңдер?

Олардың шығармаларының негізгі тақырыбы не жайында болған?

- Сал мен сері сөздерінің арасында айырмашылық бар ма?

- Сал-серілік дәстүрдің негізін салушылар кімдер?

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Ой толғау: Айтарым бар.

Сендердің ойларыңша, қазіргі таңда нағыз, сері жігіттер қандай болу керек?

Сыныпты топқа бөлу. Әр топ топбасшысын сайлап, үй тапсырмасын бір-бірлеріне оқып, үздік дегенді ортаға шығарып оқиды.

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ. «АНА ТІЛІ», «МЕНИҢ ДАҒЫСТАНЫМ»

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік-оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығын меңгерту арқылы білімдерін арттыру; дамытушылық-оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, өз ойларын еркін жеткізуін, өзара қарым-қатынастарын дамыту; тәрбиелік-өз ана тілдерін құрметтеуге, оны шұбарламауға, Туған жерін, Отанын қорғауға, оны сатпауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар ақынның өлеңін оқып, талдау арқылы өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады.
2. Әңгіменің мазмұны бойынша көрініс көрсетіп үйренеді.
3. Шығарма кейіпкері арқылы өмірмен байланыс жасайды.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, постер қорғау, диалог.

Типі: жаңа сабақ.

Түрі: аралас.

Қамтылатын модульдер: СТО, АКТ, Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

Сабақтың көрнекілігі: АКТ, А3 форматты қағаздар, маркер, стикер

Пәнаралық байланыс: география, тарих.

Уақыты	Сабақтың ұйымдастыру формасы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
3 мин.	Ұйымдастыру кезеңі	1. Оқушылармен амандасу. 2. Журнал бойынша түгелдеу. 3. Оқушылар өлең құрылысын атау арқылы топтарға бөлінеді. I. Өлең. II. Шумақ. III. Бунақ. IV. Буын. V. Ұйқас.	Оқушылар сәлемдесіп болғаннан кейін өлеңнің құрылысына талдау жолдарын атау арқылы топтарға бөлінеді.

III. Жаңа сабақ:
Сабақтың эпиграфы:
Туғанда, дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай, елең-селең, -
деп хакім Абай айтқандай, бүгінгі сабағымызда ақын, әнші, сазгерлер туралы әңгімемізді әрі қарай жалғастырамыз.

Алдыңғы сабақта біз Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сынды ақын, әнші-сазгерлермен таныстық. Енді алған білімізді қорытындылап, олардың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен орнын анықтаймыз.

Бірінші топ «Ер есімі–ел есінде» ақын-әншілердің өмірбаянын зерттеп, олардың арасында ұқсастық пен айырмашылықты табады.

Екінші топ «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер» ақын-әншілердің шығармашылығын зерттеп, ұқсастық пен айырмашылықтарын табады.

Үшінші топ «Сегіз қырлы бір сырлы». Осы сал-серілеріміздің ақындық пен әншіліктен басқа тағы қандай қасиеттері, жақсы қырлары бар екенін анықтайды.

Төртінші топ «Жақсының аты өлмейді». Осы сал-серілер туралы қандай шығармалар бар?

IV. Үй тапсырмасы: Ақын-әншілердің ұнаған өлеңдерін жаттау.

V. Сабақты қорытындылау:

Өнер ешқашан өлмек емес, ол жалғасын табуда. Бүгінде айтыс ақындары халықтың мұңын тілегін жеткізушілер болып табылады. Сал-серілердің кезінде қуғынға түсіп, қудаланғаны сияқты айтыстың да біраз жылдар жабылып, айтыс ақындарының үнсіз қалуы біздің қоғамда кездесіп отыр.

Сондықтан халықтың жоғын жоқтайтын, халыққа қызмет ететін өнер өлмесін, өз жалғасын тапсын! «Өнерліге өріс кең» дейді халық. Өнерлі өрге жүзсін!

Б.КҮЛШАРИЕВА,
«Сәулет» мектеп-лицейі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Таскала ауданы

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ. ӘБІЛХАСАН РУДАКИ

Мақсаты: әлем әдебиеті, оның ірі өкілдері туралы түсінік қалыптастыру. Әбілхасан Рудаки өмірбаянымен таныстыру, шығармашылығына талдау жасау. Өмір туралы көзқарастарын ортаға салып, адамгершілік қасиеттерді дәріптеу.

Түрі: жаңа білімді игеріп, талдау.
 Әдісі: топтық жұмыс, СТО стратегиялары, «Белсенді оқыту» стратегиялары, АКТ.

Көрнекілігі: компьютер (слайд), проектор, портрет, үлестірме қағаздар, түрлі-түсті ленталар, доп.

Сабақтың нәтижесі:

- әлем әдебиеті туралы, өкілдері туралы түсінік алады;
- Әбілхасан Рудаки өмірімен, шығармашылығымен танысады;
- өлеңдерін талдай отырып, өмір туралы көзқарастарын айта алады;
- топпен жұмыс жасай отырып, ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

- I. Ұйымдастыру /Оқушылармен амандасу, танысу, түгелдеу)
- II. Сыныпты 4 топқа бөлу.Топқа бөлу тренингі (лентамен): «Шаңырақ» әдісі.
- III. Жаңа сабақ. Әлем әдебиеті үлгілері. Әбілхасан Рудаки.

10 мин.	Үй тапсырмасын тексеру. Омар Һайәмның рубаиларын жатқа сұрау.	1-тапсырма Үйге берілген Омар Һайәмның рубаиларын тізбектей жатқа сұраймын.	Оқушылар жаттап келген рубаиларын кезекпен тізбектей айтып шығады.
15 мин.	Жаңа сабақ. Расул Ғамзатов. «Ана тілі» өлеңі, «Менің Дағыстаным» әңгімесі.	2-тапсырма. Оқушыларға жаңа тақырыпты атап өтіп, тапсырма беремін I топ: Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы оқып, түсіндіреді. II топ: Өлеңнің 1-3 шумағын оқып түсіндірiндер III топ: 4-9 шумағын оқып түсіндіру. IV топ: «Менің Дағыстаным» әңгімесіндегі ақын мен суретші диалогы бойынша көрініс көрсету V топ: Ақын мен суретшінің анасының арасындағы диалог бойынша көрініс көрсету (формативті бағалау)	Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша топпен, жұппен жұмыс жасайды.
2 мин.	Сергіту сәті	Оқушыларға «Ана тілі» туралы билетін өлеңдерін жатқа айтқызамын. (2-3 оқушыға)	Оқушылар «Ана тілі» туралы өздері билетін өлеңдерін жатқа оқиды.
5 мин.	Бекіту Бес жолды өлең жазғызу	3-тапсырма Оқушыларға тақырып беремін.Сол тақырыптарға бес жолды өлең шығарады I топ: Ақын II топ: Отан III топ: Тіл IV топ: Туған жер V топ: Тіл	Бес жолды өлең жазғызу
5 мин.	Қорыту (рефлексия)	Кері байланыс парағын ұсынамын.	Өтілген сабақ бойынша алған әсерлерін, ұсыныс,тілектерін жазады.
2 мин.	Үйге тапсырма	Өлеңнің ұнаған шумағын жаттап келу және әңгімені оқып, жоспар құру.	Оқушылар күнделіктеріне үй тапсырмасын жазып алады.
3 мин.	Бағалау	1. Оқушыларға өздерін бағалау парағын үлестіремін 2. Оқушылардың алған бағаларын ескере отырып бағалаймын.	Оқушылар жиынтық бағаларын күнделіктеріне қойғызады.

Сабактың мақсатын түсіндіру.

Топтық жұмыс жауабын бағалау үшін өлшемдер таныстырылады:

- Тірек сөздерді толық (жартысынан көбін) пайдалана білуі – 1, 2, 3;

- Ақпараттың толық болуы – 1,2,3.

1-топтық тапсырма. Тірек сөздерді пайдалана отырып мәтін құрау.

I топ. Әлем әдебиеті туралы шолу /Фирдауси, Низами, Науаи, Хұсрау, Физули, Жәми, Сағди, Хафиз, Омар хайям, Ш.Айтматов, Жюль Верн, А.С.Пушкин, “Мың бір түн”, “Махабхарата”, “Рамаяна”, “Қалила мен Димна”/

II топ. Ә.Рудаки өмірбаяны /Әбу Абдуллах Джафар Ибн Мухаммед, парсы-тәжік ақыны, 858 жыл, сарайға шақырылу, Панжруд (тәжік тілінен аударғанда бес бұлақ), соқыр, Араб тілі, Құран, 8 жас, Хорасан әмірі болған Ахмад Саманидың ұлы Әмір Насыр, музыкант, сарайдан қуылу, мәйіт, антрополог М.Герасимов, мавзолей, Самани әмірі/

III топ. Шығармашылығы / тәжік классикалық поэзиясы, 5 үлкен поэма, «Қалила мен Димна», зерттеуші, «Синабаднаме», 130 мың бәйіт, 2000 бәйіт, Садриддин Айни, рубаи/

IV топ. Ә.Рудаки шығармаларының ерекшелігі /«Ақындардың адам атасы», «Хорасан бұлбұлы», шәкірттер, 40 жыл ақындар атасы, орыс қызы, ғашық болу, бостандық беру/ /4 топтың мәтіні тыңдалады/.

I топ жауабы:

- Қазақ әдебиеті көршілес шығыс, туысқан түркі халықтарының мәдениетімен, әдебиетімен ежелден жақын, тығыз байланыста болды. Қырғыз, өзбек, тәжік, түркімен, әзербайжан, татар халықтарының ортақ

ежелгі жазба ескерткіштері соның айғағы. Шығыстың классикалық поэзиясы, оның ірі өкілдері Фирдауси, Низами, Науаи, Хұсрау, Физули, Жәми, Сағди, Хафиз, Омар хайям туындылары, араб халқының “Мың бір түн”, үнді елінің “Махабхарата”, “Рамаяна”, әсіресе “Қалила мен Димна”, “Тотынама” сияқты әлемге әйгілі үлгілерінің кейбір тараулары қазақ арасында кең тараған, олардың жекелеген сюжеттеріне өлең, қисса, дастандар шығарылған.

II топ жауабы:

- Әбу Абдуллах Джафар Ибн Мухаммед (кей деректерде – Әбіл Хасан) – белгілі парсы-тәжік ақыны, тәжік классикалық поэзиясының негізін қалаушы. 858 жылы Панжруд (тәжік тілінен аударғанда бес бұлақ) деген ежелгі Согидан астанасы Пенджикент маңындағы таулы өлкеде туған. «Ақындардың адам атасы», «Хорасан бұлбұлы» атанған. Ел есінде ол Рудаки деген атпен қалған. Рудаки(ручөөк), Панжрудтан шыққан дегенді білдіреді.

Бір деректерде ол соқыр боп дүниеге келген, ал кей деректер оның Самани әмірінің бұйрығымен соқыр боп қалғандығын айтады. Осы дерек бойынша зерттеушілер бір тоқтамға келе алмаған. Ол өз заманына лайық жақсы білім алған. Араб тілін жақсы білген, Құранды жатқа оқыған. Парсы поэзиясының антологиясында ол туралы былай деп жазылған: «Ол өте талантты болатын, 8 жасында Құранды жатқа оқитын, Оның жырлары мазмұнды болғандықтан, халық құрметпен оқитын. Жаратушы оған сонымен қоса керемет дауыс берген. Дауысының арқасында әнші боп, сол кездің белгілі музыканты Абдоллаб Бақтиярдан үйренеді. Хорасан әмірі болған Ахмад Саманидың ұлы Әмір Насыр оны

өзіне жақын тартады. Таланты мен ақындығы оны шыңға шығарды, байлығы да арта түсті. Одан кейінгі ақындардың ешқайсысы бұлай байып көрген жоқ еді». Бозбала күнінде ол туған үйінен жыраққа, Бұқарға оқу іздеп келеді. Күндіз оқу оқып, түнде ән айтады. Талантты ақын, әнші туралы Хорасан билеушісі Әмір Насыр ибн Ахмед Саманиға жеткен кезде оны сарайға шақыртады. Өмірінің көп бөлігі сарайда өтеді. Әмір Рудакиды жақсы сыйлайды, онымен өнер, музыка саласындағы тақырыптарда кеңесіп отырады. 40 жылдан аса уақыт ол Бұқардың Самани әулеті билігіндегі ақындардың басы болады. Алайда оның өмірінің бәрі осылай тыныш өтті деуге келмейді. Қартайған шағында ол көзінен айырылып, сарайдан қуылады, мүлкі тәркіленіп, жоқшылықта өледі. Сарайдан қуылу себебі Хорасан әмірінің байларға қарсы күрескен жауларына деген аяушылық сезімі әсер еткен болу керек.

1100 жылдан кейін оның мәйіті жаңа тәжік прозасының негізін салушы Садриддин Айнидың үздіксіз жұмысының арқасында табылды. Ол көптеген тарихи деректер мен қолжазбаларды оқып шығып, ұлы ақынның жерленген жерін дәл тапты. 1956 жылы оның мәйіті ашылып, белгілі антрополог М.Герасимов сүйек қалдықтарымен оның бет-бейнесін қалпына келтірді.

1858 жылы Рудакидың 1100 жылдығына орай ақынның жерленген жеріне Пенжикентке жақын Панджруд кишлағында ақынның мавзолейі тұрғызылды.

III топ жауабы:

- Тарихи дереккөздерге қарағанда Рудаки өте көп жазған. Ол 5 үлкен поэманың авторы. Үндінің «Калила мен Димна» ертегілер кітабынан жасалған аудармасы, «Синабаднаме» поэмасы, т.б. Бірақ оның 130 мың бәйітінен бізге тек 2000 –дайы сақталған.

Осы сақталғандардың өзі оның мықты ақын екенін растайды.

IV топ жауабы:

- Көзі тірісінде оны «Ақындардың адам атасы», «Хорасан бұлбұлы» атаған.

Ортағасырдың аса көрнекті ақындары Фирдоуси, Хайям, Сағди Рудаки шығармаларына үлкен мән берген әрі өздерін оның шәкіртіміз деп есептеген.

Адамгершілік пен жақсылық жасау оның екінші өзі болатын. Бір аңыздарда оның күндікте жүрген орыс қызына ғашық болып, оны сатып алып, еліне босатып жібергені туралы айтылады.

(Әр топ өлшемдер бойынша өздерін өздері бағалайды)

2-топтық тапсырма. Оқулықта берілген өлеңдерін оқып, мазмұнын, идеясын түсіндіру.

I топ. «Өмір маған ақыл айтты – сол ізгі».

II топ. «Үш күндік бұл фәниге келген пенде».

III топ. «Қара сен ой көзіңмен дүниеге бұл».

IV топ. «Ақылсыз болса дана ұлы».

3-топтық тапсырма. Әр топ өздеріне берілген өлең жолдарының мазмұнын ашатындай мақал не афоризм айтады.

(«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісімен әр топ бір-бірін бағалайды).

4-топтық тапсырма: бекіту.

(«Серпілген сауал» әдісі бойынша мұғалім сұрақ қойып, оқушыға доп лақтырады. Ол жауап беріп, келесі оқушыға пікір айту үшін лақтырады). Мысалы: - Бұл өмірде алдына нені мақсат етесің?

- Өмірді мәнді өткізу дегенді қалай түсінесің? т.с.с.

Қорытынды. Оқушылардың жаңа сабақты қаншалықты меңгергенін байқау үшін «Мини - тест» беріледі, бағаланады.

М.ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ. «ҚЫЗ ҚУУ»

Мақсаты: 1. Оқушыларға ақын өмірі мен шығармашылығы туралы айта отырып, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ұғындыру.

2. Логикалық ойлауын дамыту, дұрыс, анық сөйлеуге жаттықтыру, сөздік қорын молайту.

3. Оқушыларды елін, жерін сүйуге, салт-дәстүрін құрметтеуге баулу.

Сабақтың түрі: Искерлік пен дағдыны жетілдіру, білімді жүйелеу.

Сабақтың әдісі: Әңгімелеу, сатылай талдау, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, жинақтау, бес жолды өлең құрастыру.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, бүктеме, шығармалар жинағынан көрме.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа сабақ.

«Қыз қуу» дегеніміз не?

Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын - сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсаң ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесіне көңіл бөлуге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке, адамгершілікке баулиды.

4. «Қыз қуу» өлеңін мәнерлеп оқу.


5. Өлеңнің мазмұнын ашу. (Ақынның айтпақ ойы не?)

6. Өлеңді құрылысына сатылай-кешенді талдау.

7. Топпен жұмыс. I кезең.

I топ. Өлең жолынан қыздың сөзін тап.

II топ. Өлең жолынан жігіт бейнесін құрастыр.



III топ. Өлең жолынан жігітке байланысты мақал-мәтел айт.

1. Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.

2. Жақсы қыз - жағадағы құндыз,

Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.

II кезең. I топ. Қайталау дегеніміз не? Неше түрге бөлінеді?.

1. Жай қайталау (әр жерден қайталау)

2. Анафора (басында қайталану)

3. Эпифора (соңында қайталану)

II топ. Эпитетті табыңыздар.

III топ. Өлеңнің 1, 2 – тармақтарынан Аллитерация мен Ассонанс табыңыздар.

Ассонанс –

Аллитерация –

III кезең.

I топ. Ұлттық ойынды бейнелейтін сурет салу.

II топ. Өлең ішінен «Дүлдүл» сөзіне сатылай морфологиялық талдау жасау

III топ. Өлең ішінен «Бұлбұл» сөзінің мағынасын түсіндір.

Бұл құс атауы. Бұл жерде жігітті құстай ұшқан тез, шапшаң қозғалатын адам бейнесінде көрсетіп тұр.

IV кезең.

Сабақты қорыту.

Бес жолды өлең құрастыру.

Зат есім (1)

Сын есім (2)

Етістік (3)

Сөз тіркесі

Сөйлем

Бағалау. Үйге тапсырма беру.

Ә.ТҰРСЫНОВА,
«Жаңа Ғасыр» №175 гимназиясы.
Алматы қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ЗИЯТКЕРЛІК ОЛИМПИАДА

(5-сынып)

Сайыстың мақсаты:

- 1) оқушылардың қазақ тілі пәнінен білімдік деңгейлерін анықтау, теориялық білімдерін сараптау .
- 2) оқушылардың сайысқа қатыса отырып, туған тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілін құрметтеуге баулу.
- 3) оқушылардың ой-өрісін дамыту, танымдық қабілетін арттыру.

Зияткерлік олимпиаданың жүргізілуі:

I кезең. Зымыран сұрақтар шоғыры.(Сұрақ-жауап бөлімі)

II кезең. «Сөз – мерген» (Мақал-мәтел айту.)

III кезең. «Сөз сыры» (Тұрақты тіркестер табу.)

IV кезең. «Кім жылдам?» (Семантикалық карта)

V кезең. «Білімді мыңды...» (Білімділік сайысы)

Жүргізуші:

Тілім менің қайыршы емес қаңғыбас,

Тілім тұлпар – қуған желге шалдырмас.

Кенже ұлдай үйге мұрагер,

Жер иесі – менің тілім мәңгі жас.

Әуезов, Абай өткен дәріс тілі,

Тіл тартқан Токтар, Талғат ғарыш тілі.

Қашан заң қабылдаймыз, жетер енді.

Естілсін мемлекеттік әр істе үн!

-Құрметті оқушылар мен ұстаздар, бүгінгі 5-сыныптар арасында өткізгелі отырған Қазақ тілі пәнінен зияткерлік олимпиадасына қош келіпсіздер! Сайысымыздың негізгі

бағыт-бағдарымен таныстырсақ.

Әр кезеңді бағалау үшін әділқазылар алқасына сөз беріліп отырады. Сайысымызға 5-сынып оқушылары қатысады.

I кезең. Зымыран сұрақтар шоғыры. (Сұрақ-жауап бөлімі)

1. Әдеби тіл қанша және қандай формада өмір сүреді? (Екі түрлі формада, ауызша, жазбаша)

2. Мәтін сөзі қандай мағынаны білдіреді? («байланысу, бірігу»)

3. Мәтіннің тақырыбы дегеніміз не?

4. Лексика нені зерттейді?

5. Сөздің тура мағынасы дегеніміз не?

6. Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз не?

7. Көп мағыналы сөз деген не?

8. Омоним сөз деген не?

9. Синоним сөз. Мысал келтір.

10. Антоним сөз, мысал.

11. Табу сөзі қай тілден енген, мағынасы нені білдіреді ?

12. Беткөргіш апа сөзін қандай сөзге жатқызуға болады? (Айна апа)

13. Құлағының мүкісі бар сөзі неге жатады? (Керен -Эвфемизм)

14. Эвфемизм мен дисфемизм сөздері қай тілден енген сөздер? (Грек тілінен)

15. Дисфемизм әдеби тілдің үлгісіне жатады ма? Дәлелде. (жоқ жатпайды)

II кезең. «Сөзмерген» (Мақал-мәтел айту.)

1. Берілген сөздерге мақал-мәтел тауып айту.

Әл	Іс
Қуат	
Шама	
Күш	

Күшіңе сенбе, ісіңе сен.

Тону	Секіреді
Тою	
Ашығу	
Жаурау	

Біреу тойып секіреді, біреу тойып секіреді.

Ер	Атанады
Батыр	
Ержүрек	
Қаһарман	

Елін сүйген ер атанады.

Еңбек	Тояды
Жұмыс	
Іс	
Әрекет	

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

1. Берілген мақалды толықтыру.

1. -----қария – ағып жатқан дария .(ақылды)

2. Кімнің сүті тәтті, кімнің тілі тәтті.(ана, бала)

3. Сөз неден өтеді? Ал таяқ ше? (Сүйектен, еттен)

4. Ең әдемі сөз - ----- (ең ақылды сөз)

5. Ауыртпалық -----қосар.(ақыл)

III кезең. «Сөз сыры» (Тұрақты тіркестер табу.)

1. Төмендегі сөздерден қарама-қарсы мағыналы тұрақты сөз тіркестер тап.

Ант	Қуырдақ
Серг	
Уәде	
Сөз	

Құрғақ уәдемен қуырдақ қуыру - алдау.

Жүрек	Түк
Бас	
Кеуде	
Аяқ	

Жүрегiнiң түгi бар - батыр.

Мал	Тері
Құс	
Аң	
Ит	

Ит терісін басына қаптау - ұрысу.

Тымақ	Ұшу
Қалпақ	
Тақия	
Малақай	

Қалпақтай ұшу – құлап түсу.

2. Төмендегі сөздерден қарама-қарсы немесе мағыналас тұрақты сөз тіркестер тап.

Бет	Қақпау Алу
Жүз	
Келбет	
Дидар	

Бетінен қақпау- бетінен алу.

Бас	Жығылу Ұру
Көз	
Аяқ	
Қол	

Бас ұру – аяғына жығылу.

Ат	Шулы Шыққан
Есім	
Аты – жөні	
Ныспысы	

Аты шулы – аты шыққан.

Жұлдыз	Жарасқан Қарсы
Ай	
Аспан	
Күн	

Жұлдызы қарсы - жұлдызы жарасқан.

3. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашу.

1. Ажары кетті – көркі кетті.
2. Ажары кірді – көріктенді.
3. Ай қабақ, алтын кірпік – сұлу.
4. Қабағы ашылды – көңілі көтерілді.
5. Жаны иненің ұшында – үрейленді.
6. Бәйек болды - кішіпейілділік білдірді.
7. Үш ұйықтаса түсіне кірмеген – ойламаған жерден
8. Көз тастау – қарау.
9. Жүрегі орнына түсу- көңілі орнына түсу.

IV кезең. «Кім жылдам?» (Семантикалық карта)

№	Мысалдар	Ту- ра ма- ғы- на	Ауыс- палы мағы- на	Омо- ним	Ан- то- ним	Си- но- ним	Та- бу	Эвфе- мизм	Дис	М а - қал
1	Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда									
2	Қорқақты көп қусаң, батыр болады.									
3	Көңілді – қапалы									
4	Бағалы, құнды, қымбат									
5	Саңырау									
6	Дүние салды – өлді									
7	Төре жігіт									
8	Құлақ – дене мүшесі, домбы- раның құлағы									

9	Жүз - қайшының жүзі									
10	Әңгір таяқ ойнату									
11	Терең ой									
12	Адамның көзі									

V кезең. «Білімді мыңды ..» (Білімділік сайысы)1
минутта бірнеше сұраққа жауап беру керек .

1. Қазақ тілінің лексика саласы нені зертейді?
 2. Әліпбиде неше әріп неше дыбыс бар?
 2. Әдеби тіл?
 3. Сөз табы нешеу?
 4. Тіл туралы заң қашан қабылданды?
 5. Тіл туралы қандай ақындардың өлеңдері бар?
 6. Тілдер мерекесі қай күні аталып өтеді?
 7. Ойды тұспалдап, ишаралап тұратын не? (Мәтел)
 8. Себебі мен салдары қатар айтылатын не? (Мақал)
 9. Даяр қалпында жұмсалып, орны өзгермейтін?
- (Тұрақты тіркестер)

Жеңімпаздарды анықтау.

Қорытынды сөз:

Сол тілменен дүниені аттадым,

Таптым бүкіл тіршіліктің атауын.

Жатты онда уыз сүті ананың,

Жатты онда аманаты ананың.

Сол тілменен аспан көрдім, жер көрдім,

Сол тілменен көгершінге жем бердім.

Сол тілменен дүниеден кетемін,

Сол тілменен дүниеге мен келдім.

Хамит Ерғалиев.

А.ТӨЛЕУҚАНОВА,
Н.Островский атындағы
№4 Күршім орта мектебі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы,
Күршім ауылы

СИНОНИМДЕР

Мақсаты: білімділік-мәндес сөздерді бір-бірімен салыстыра отырып анықтамасын оқушылардың өздері ойланып шығарып алуға бағыт беру; дамытушылық-оқушылардың өз бетінше ізденіспен топта жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, басқаларды тыңдау, өз көзқарасын дәлелдеп қорғай білу қабілетін, сонымен бірге қазақ тілінің лексика тарауынан алған білімдерін жүйелі түрде қолдана білу дағдыларын арттыру; тәрбиелік-сұхбаттасу мәдениетін қалыптастыру, тиянақты тұжырымдама жасауға баулу, оқушыларды адамгершілік, қайырымдылық, бірлік, достық, бауырластық рухында тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кестелер, фотосуреттер т.б.

Әдісі: сын тұрғысынан ойлау, түсіндіру, АКТ, әңгімелеу, топтастыру.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Ұйымдастыру кезеңі:

Үй тапсырмасын сұрау:

Үйге берілген шығармаларын тексеріп шығамын.

Топқа әндердің бір - бір шумағы таратылады. сол өлеңнің атымен топқа бөлемін.

Осы бөлінген топта сол әннің бір шумағын айтқызып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Жаңа сабақ: «Синоним» тақырыбын мұқият оқып шығып, постерге синонимге байланысты суреттер немесе мысалдармен тақырыптан түсінгендерін салады.

1-тапсырма.

I топ.

Қастерлі, күту, тез арада, мұғалім, жуықта, қадірлі, тоқтау, ұстаз, кідіру, таяуда, оқытушы, құрметті, аялдау, жақында, тәрбиеші, қадірменді.

Кім?	Қандай?	Не істеу?	Қашан?

2-топ.

Зат есім	Сын есім	етістік	үстеу
Кім? Мұғалім Оқытушы Ұстаз Педагог	Қандай? қастерлі қадірлі құрметті қадірменді	Не істеу? күту аялдау кідіру тоқтау	Қашан? тез арада жуықта таяуда жақында

3-топ (топпен ақылдаса отырып синонимнің ерекшелігін табу)

2-тапсырма.

Мағынаны ажырату.

Берілген сөздерді синонимдік қатарлармен толықтыру

1-топқа: туысқан, ...

2-топқа: данышпан, ...

3-топқа: қаймығу, ...

«Қамажай» биі арқылы сергіту сәтін жасау.

Суретпен жұмыс.

3-тапсырма. (Топтық жұмыс). Оқушыларға сұрақ қоя отырып, жауаптарына синонимдік қатар айтқызу (мамандықпен байланыс).

4-тапсырма. Графикалық диктант. Синоним

сөздердің екі сыңарын табу.

адам	жаһан
байлық	күшті
әлем	алдымен
әуелі	пенде
мықты	қазына

5-тапсырма. Тест жұмысы.

Бұл тапсырманы оқушылар тест түрінде орындап, жұп-жұбымен тексеріп, бір-біріне баға қояды.

1. Синоним дегеніміз –

A) Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер.

B) Қарама-қарсы сөздер.

C) Жазылуы әр түрлі, мағыналары бір-біріне жуық сөздер.

2. «Даңқ» сөзінің синонимін тап:

A) Мықты;

B) Атақ;

C) Дәулет.

3. «Қадірлі, құрметті, қадірменді» синонимдік қатары қай сөз табына жатады?

A) Сын есім;

B) Зат есім;

C) Үстеу.

4. «Адам» сөзінің синонимін тап:

A) Шәкірт;

B) Дос;

C) Кісі.

5. Синонимдік қатардың дұрысын тап:

A) Күлу, сықылықтау, жылау;

B) Зат, мүлік, нәрсе, бұйым;

C) Көне, жаңа, ескі.

ВЕНН диаграммасы.

Омонимдер.

Өзіне тән белгілері

1) айтылуы бірдей, мағыналары бөлек сөздер
2) әр сөз табынан болады, соған орай атқаратын қызметтері де бөлек болады.

Ортақ қасиеттері:

1) тіліміздегі сөздердің қолданылу аясының кең екенін көрсетеді;

2) сөз байлығын көрсетеді;

3) көркем әдебиетте, жұмбақ, жаңылтпаш, өлең жолдарында көркемдік әдіс ретінде жұмсалады.

Синонимдер.

Өзіне тән белгілері;

1) айтылуы бөлек, мағыналары жақын сөздер;

2) бір сөз табына қатысты болып, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Рефлексия.

- Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Қандай әсер алдыңдар?

- Өз әсерлеріңді мына жұлдызшалар арқылы білдіріңдер.

Егер сабақ ұнаса, қызыл жұлдызды аспан әлеміне іліндер. Егер сәл түсінбеген жерлерің болса, сары жұлдыз іліндер. Егер сабақ мүлдем ұнамаса, күлгін түсті жұлдызды таңдаңдар.

Бағалау. Топбасшының бағалау парағындағы бағаларын алып қорытынды баға қоямын. Сабақ соңында кері байланыс жасау.

Үйге тапсырма беру. Мамандықтар бойынша синоним сөздерді қатыстыра отырып шағын мәтін құрастыру.

Г.ОРАЗБАЕВА,
А.Пушкин атындағы
жалпы орта мектебі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Т.Рысқұлов ауылы

ЕТІСТІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Мақсаты: білімділік-етістіктің сөйлемдегі қызметін меңгерту, етістік туралы алған білімдерін тиянақтау; дамытушылық-ойлау, қабылдау қабілеттерін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, туған жерін, елін сүйуге тәрбиелеу.

Түрі: жана оқу материалын оқып-үйрену сабағы.
Қолданылған технология: деңгейлеп оқыту.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, талдау.

Көрнекілігі: плакат-сызбалар, сөз жұмбақ, суреттер, көмекші құралдар. Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру:

Оқушылармен амандасып, түгелдеп, зейіндерін сабаққа аудару .

II. Үй тапсырмасын тексеру. Дәптерден үй жұмысын тексеру.

- Балалар, біз сендермен етістік бойынша өткен

тақырыптарды пысықтаймыз.

I деңгей. «Білімді байқап көр» (теориялық білімдерін тексеру).

Жазылған сұрақтарға оқушылар жауап береді.

1.Етістік дегеніміз не?

2.Етістіктің құрамына, тұлғасына қарай қандай түрлері бар? Мысал келтір.

3.Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Мысал келтір.

4.Есімше дегеніміз не? Қалай жасалады?

5.Көсемше дегеніміз не? Жасалу жолы.

б.Етістер дегеніміз не? Қандай түрлері бар?

7.Өздік етіс дегеніміз не? Қалай жасалады?

8.Өзгелік, ырықсыз, ортақ етіс қалай жасалады?

9.Тұйық етістік дегеніміз не? Қалай жасалады?

10.Етістіктің шақтары және оның түрлері?

11.Етістіктің райлары және жасалуы (Мысал келтіре отырып айтады).

2-деңгей. «Сен қалай ойлайсың?»

Берілген сөйлемдерден, мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден етістіктерді тауып, мағынасын анықтайды.

Морфологиялық талдау жасау.

1.Түлік төлден өседі. (мақал)

2.Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.
(Шәкәрім)

3.Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
(Абай)

4.Оспандар трактор айдап, бір күн де тоқтатқан жоқ. (С.Жүнісов)

5.Қарғадан қарға туар қарқылдаған.

Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған.

Дегендер «Мен жақсымын» толып жатыр, пайдасы өз басынан артылмаған... (Базар жырау)

6.Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген ер атанады. (Б.Момышұлы)

III. Жаңа сабақ.

Етістіктің сөйлемдегі қызметі.

1.Етістік шақ, рай тұлғаларында жіктеліп келіп , сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Жартасқа, бардым, күнде айғай салдым.

Сөйлемнің соңында тұйық етістік жатыс септігінде немесе басқа тұлғаларда тұрып- ақ сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарады. Мысал: Қонақтар көрмені көруде.

2.Етістіктің көсемше тұлғасында келіп, қимылдың амалын, әр түрлі қасиетін білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім. (Абай.)

3.Тұйық етістік септеліп, кейбір шылаулармен тіркесіп келіп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Сауысқанның тамағы шокуменен табылған (Б.Алтынсарин).

7.Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты-киімін түземек. (Абай).

3-деңгей. «Бүлдірген теру» ойыны.

Бүлдірген суреттері ілініп тұрады. Оқушылар «Бүлдіргендерді» теріп, жазылған сұрақтарға жауап береді.

1.Есімше етістіктерді тап.

Айтқан, кезбек, барып, тұрғалы, сөйлер, келетін.

2.Көсемшелі етістіктерді тап.

Санап, сөйлей, көретінбіз, жүргелі, келермін.

3.Күрделі етістіктерді ата.

Сөйлеп отыр, жазды, барады, айтып берді, кіріп шық, басқар, қайтып кет.

4.Тұйық етістіктерді тап.

Ағар, сырла, келу, алып кел, сындыру, көтеру, бару, жақындай береді.

5.Туынды етістіктерді тап.

Шегеле, бөл, өт, ақылдас, жырла, оқы.

6.Дара етістіктерді тап.

Әдеміле, ағар, көріп болған еді, айтып болды, көмектесті, келді.

«Артық білім-кітапта» (Кітаппен жұмыс). 19-жаттығу. Етістіктерді тауып, сұрақ қою арқылы сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын көрсет.

Үлгі: Қайран қалдым - мен не істедім?- баяндауыш.

IV. Сабақты бекіту.

1.Бүгін сабақта не түсіндік?

2.Сабақтан алған әсерім ...

Сонымен, балалар, біз етістік тарауын осымен аяқтадық. Алған білімімізді тексеріп көру мақсатында мына жұмбақты шешейік.

«Тез тап» егер сөзжұмбақты дұрыс шешсең, көрсетілген ерекше тор көзде «Етістік» сөзі шығады.

4.Етістік есімше және тұйық етістік тұлғаларында атау септікте келіп, заттанып, сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: Көрмес- түйені де көрмес. Издеген жетер мұратқа.

5.Етістік есімше тұлғасында немесе ілік септігіндегі тұйық етістік зат есімдермен тіркесіп келіп, анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Білудің шегі жоқ.

6.Етістік есімше не тұйық етістік тұлғаларында септеліп келіп, атау мен іліктен басқа септіктерде толықтауыш қызметін де атқарады. Мысалы: Енді оған сөйлеуді қойдым.

V. Бағалау. Үйге тапсырма беру.

I деңгей: 194-жаттығу.

2-деңгей: F.Мүсіреповтің «Ананың анасы» шығармасынан үзінді жазу, етістікті тауып, морфологиялық талдау жасау.

3-деңгей: «Тәуелсіздік-тұғырым» деген тақырыпта етістіктерді қатыстырып шығарма жазу.

С.БИЖАНОВ,
№4 орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы

ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

Мақсаты	1. Білімділік: оқушылардың фонетика тарауынан алған лингвистикалық білімдерін жаттығу жұмыстары арқылы бекіту. 2. Тәрбиелік: оқушыларды еңбекке, елдікке тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. 3. Дамытушылық: оқушылардың ауызша және жазбаша тіл мәдениетін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.		
Күтілетін нәтиже	Дауысты дыбыстардың жазылу ерекшелігін біледі.		
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, орыс тілі.		
Әдісі	Кіріктірілген сабақ.		
Кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Рефлексия
I. Ұйымдастыру бөлімі (2 минут)	1. Оқушылармен сәлемдесу. 2. Оқушыларды түгелдеу.	1. Оқушылармен сәлемдесу. 2. Оқушыларды түгелдеу.	
II. Үй тапсырмасымен жұмыс (2 минут)	2. Өткен тақырыптағы ережелерді сұрау. Жүгіртпе сұрақтар: 1) Фонетика нені зерттейді? 2) Жуан дауыстылар қалай жасалады? Дауыстыларды ата. 3) Жіңішке дауыстылар қалай жасалады? Дауыстыларды ата.	2. Өткен тақырыптағы ережелерді айтады. Жүгіртпе сұрақтар: 1. Фонетика нені зерттейді? 2. Жуан дауыстылар қалай жасалады? Дауыстыларды ата.	үш шапалақ

СӘБИТ МҰҚАНОВ. "ЛАШЫН"

Мақсаты: білімділік-оқушыларға С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығын таныту, «Лашын» әңгімесіне терең үңілу, мазмұнын ашу, жан-жақты талдау; дамытушылық-жеке тұлғаны шығармашылық жұмыс жасауға, өз ойын еркін жеткізе білуге, тіл тазалығын сақтауға, тәрбиелеп дамыту; тәрбиелік-саятшылық-өнердің бір түрі, ата кәсіп екендігін айта келіп, осы бір салт-дәстүрге қызығушылығын ояту, қазақтың ұлттық құсбегілік өнерін дәріптеу. Түрі: ізденіс сабағы. Әдісі: Сын тұрғысынан ойлау, еркін жазу, сұрақ-жауап, әңгімелесу, талдау.

Көрнекілігі: Сәбит Мұқанов портреті, слайд, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі (2 минут)

II. Үй тапсырмасын сұрау: а) М.Әуезов. "Ақын қонақтары".

Шолу сұрақтары:

а) Әңгіме қалай басталып еді?

ә) Әңгіме кейіпкерлері кімдер?

б) Абайдың сырт келбеті қалай суреттелген?

в) Абайдың сырқатынан айығуына не себеп болды?

г) Зере мен Ұлжан әңгімелері.

д) Құтты қонақ жырлары.

е) Барлас берген бата. Батаның қазақ тәрбиесіндегі мәні.

и) Қонақтарға ризалық.

-Балалар, осы әңгімеде Абайдың өмірінің бір кезеңі-балалық шағы туралы айтылады. Себебі, М.Әуезовтің балалық шағы да осы ауылда өткен еді. Сондықтан, М.Әуезовтің Абай туралы, оның өмірі туралы көсілте жазуының да бір сыры осында жатса керек. Енді кейбір жазушыларымыз өзі бастан кешкен оқиғаларды, балалық шағын өзі жазады. Оны "автобиографиялық әңгіме" деп те атайды. Сондай шығармалардың бірі-С.Мұқановтың "Өмір мектебі" романы.

III. Жаңа сабақ: С.Мұқанов 1900 жылы Солтүстік Қазақстанда дүниеге келген. Молдадан оқып сауат ашқан. Абайдың, Ғ.Тоқайдың шығармаларын сүйсіне оқып, одан тәлім алған. Омбы қаласынан мұғалімдік оқуды бітіреді. Шығармалары: "Мөлдір махаббат",

	4) Ашық дауыстылар қалай жасалады? 5) Қысаң дауыстылар қалай жасалады? 6) Еріндік, езулік дауысты дыбыстар қалай жасалады?	3) Жіңішке дауыстылар қалай жасалады? Дауыстыларды ата. 4) Ашық дауыстылар қалай жасалады? 5) Қысаң дауыстылар қалай жасалады? 6) Еріндік, езулік дауысты дыбыстар қалай жасалады?	
III. Жаңа сабақ (5 минут)	1) Бір буынды сөздердің дауысты, дауыссыз дыбыстарын өзгертіп, жаңа сөздер құраңдар: ат, тал, сой, ақ, ес, ін, ұл, күн, қак, жаз. 2) «Дауыстылар» деген сөзге ертегі, әңгіме, сөзжұмбақ құрастыру.	1) Бір буынды сөздердің дауысты, дауыссыз дыбыстарын өзгертіп, жаңа сөздер құраңдар: ат, тал, сой, ақ, ес, ін, ұл, күн, қак, жаз. 2) «Дауыстылар» деген сөзге ертегі, әңгіме, сөзжұмбақ құрастырады.	үш шапалақ
Оқулықпен жұмыс 4	250-жаттығу.	250-жаттығу.	оқулық
Дәптермен жұмыс 11	251-жаттығу. 252-жаттығу. Фонетикалық талдау жасау, 258-жаттығу. 259-жаттығу.		оқулық
Сергіту сәті (1 минут)	Сергіту сәті. «Әріп» ойыны арқылы дене қимылын жасату.		
Қорытынды.	1. Фонетика нені зерттейді? 2. Әріп пен дыбыстың айырмашылығы неде? 3. Сөйлеу мүшелеріне нелер жатады?		
VIII. Бағалау. 7 минут	9) «Таңдау» әдісі. 1. Маған сабақ қызықты болды деп ойлаймын _____ қызықсыз болды деп ойлаймын. 2. Мен сабақта: көп нәрсені үйрендім _____ үйренгенім аз болды. 3. Мен басқаларды мұқият тыңдадым _____ зейінсіз тыңдадым. 4. Мен пікірсайыстарға жиі қатыстым _____ сирек қатыстым. (ауызша орындау)		
IX. Үйге тапсырма. (5 минут)	1. Ережелерді жаттау. 255-жаттығу. Мәтіннен бес сөзге фонетикалық талдау жасау.		

"Аққан жұлдыз", "Балуан Шолақ", "Ботагөз", т.б. Біз бүгін "Өмір мектебі" романынан алынған "Лашын" атты үзіндісімен танысамыз. Енді жазушының «Лашын» әңгімесін талдайық (оқушыларға әңгімені алдын-ала оқып келу берілді).

Сендер «Лашын құс» туралы не білесіздер, лашын қандай құс? (Лашын құс туралы бейнеролик).

- Иә, әңгіме қалай басталған еді?
- Балғабайдың Ахметі кім?
- "Атбегі", "Құсбегі" дегеніміз кімдер?
- Лашын келбеті әңгімеде қалай сипатталады?
- Ахметтің лашынды құс алуға шығаратын мезгілдері?
- Лашынның үйрек алу тәсілдері?
- Лашынның қазды алған кездегі амалы?
- Лашынға қарсы дуадақтың көрсететін қайраты?
- Құс салудың қызықты кезеңі қандай?
- Құстардың отқа шығу мезгілі. Жаудан қорғанатын мүшесі?
- Ахметтің айласы қандай?
- Таңқалдырған қуаныш.

IV. Дамыту.

Топтық тапсырмалар:

1-топ: Әңгімеден Ахметтің портретін тауып жаз, Лашынға сипаттама бер.

2-топ: Саятшылық дегенді қалай түсінесің? Тенеулерді, шығармадағы құс атауларын теріп жаз.

3-топ: Жоспар құру, дабыл жайлы дерек айту ..

(Топтық тапсырмаларды тексеру)

РАФТ стратегиясы.

1-топ. Тақырып: Лашын-саят құсы (форма-хат)

2-топ. Тақырып: Саят құсын қорғандар! (үндеу)

3-топ. Тақырып: Саятшылық-өмірдің бір қызығы (ой толғау).

V. Қорытындылау: Ия, балалар біз бүгін ғажайып өнер - құсбегілік туралы біраз сыр шеттік. Қазақ халқы қандай да болсын өнерді аса қадірлеген. «Құс болсаң жібектен бау тағар едім, қолға ұстап сылап сипап бағар едім» деген өлең жолдарынан халқымыздың құс салу өнеріне деген сүйіспеншілігін көреміз. Ендеше құс салу-атадан қалған асыл мұра. Ендігі міндет-осы ата кәсібімізді білгірлікпен жалғастыру.

VI. Үйге тапсырма:

1. Аңшылық кәсіпке байланысты мақал-мәтелдер жазу.

2. Құсбегілік тақырыбында шағын әңгіме құрау.

VII. Оқушыларды бағалау.

Н. ДҮЙСЕНОВА,
Т. Айбергенов атындағы
мектеп-гимназия.
 ОҚО, Шардара ауданы

ЕСІМДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕНУІ

Мақсаты:	Есімдіктің түрленуін оқушы іс-әрекеті арқылы меңгерту.				
Міндеті:	Есімдіктің мағыналық түрлерін табады, басқа сөз табынан ажырата біледі.				
Күтілетін нәтиже:	Есімдікті сөйлемдегі қызметіне қарай синтаксистік талдау жасау тәсілін меңгереді.				
Жұмыс түрі:	Жеке, жұптық, топтық.				
Уақыт	Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар. Құралдар
2 мин.	Кіріспе Ұйымдастыру	1. Сәлемдесу. 2. Сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыру	Сәлемдесу. Өз есіміне сын есім тіркестіріп айту.	форма-тивті	Кеспе қағаз
1 мин.	Топқа бөлу	Қызыл, жасыл алма бойынша топқа бөліну.	1-топ. «Қызыл алма». 2-топ. «Жасыл алма».		Жұлдызшалар
8 мин.	Үй жұмысын сұрау	1. «Жұлдызды сәт» ойыны. 1. Біз тіл білімінің қай саласын оқып жатырмыз, ол нені зерттейді? 2. Зат есім, оның мағыналық түрлерін ата. 3. Сын есім, сұрақтарын ата. 4. Сын есімнің мағынасына қарай түрлерін атаңдар 5. Сын есімнің түрленуін қалай атаймыз? 6. Салыстырмалы шырай деген не? Жасалу жолы? 7. Күшейтпелі шырай деген не? 8. Зат есімнің түрленуі деген не?	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. 1. Морфология. Ол сөз құрамын, қосымшаларды, сөз табын зерттейді. 2. Жалпы, жалқы есім. Деректі, дерексіз зат есім болып бөлінеді. 3. Анықтамасы мен сұрақтарын атайды. 4. Сапалық, қатыстық сын есім. 5. Шырайдың 4 түрі бар.		

5 мин.	9. Сан есім, мағыналық түрлерін атаңдар. 10. Сан есімнің түрленуі дегеніміз не? 2. «Тілдік тренажер» ойыны арқылы зат есім, сын есім, сан есімдерге талдау жасайды.	6. Зат сынын екінші зат сынымен салыстырып, бір-бірінен кем я артық екенін білдіреді 7. Заттың біркелкі сындық белгілерін күшейтеді не кемітеді . 8. Жалғаудың 4 түрін қабылдауы	формативті Табыс өлшемі. 1. Тапсырманы нақты, жүйелі орындау. 2. Ой мен сөздің үйлесімділігі 3. Қосымша дерек ұсынуы.	Г.Т.Тұрсынова А.А.Қасымбек А.Н.Нұрғазы «Қазақ тілі» 7-сынып «Арман-ІІВ» Сызба-таблица Электронды оқулық
5 мин.	Өтілген тақырыпты қорытындылап, жана сабақта электронды оқулық пайдаланамын. 1-топқа тапсырма 2-топқа тапсырма	9. Анықтамасын, сұрағын, мағыналық түрлерін атайды. 10. 4 түрлі жалғау жалғануын түрленуі дейміз	формативті	Такта, бор
5 мин.		1. Астана. 2. Әсем. 3. Он. 4. Тіс дәрігері. 5. Оқушы. 6. Қара ала. 7. Арман. 8. Жиырма бір. 9. Балалы. 10. Мақсағ. 11. Оқулық. ЭО тындау арқылы жіктеу есімдігінің түрленуі туралы мағлұматпен танысады. «Мен» есімдігінің септелу үлгісі «Мен» есімдігінің жіктелу үлгісі		
12 мин.	Негізгі бөлім 89-жаттығуды орындаңдар. 1. Қожанасырға бір кісі келеді. (морфологиялық талдау) Оқулықпен жұмыс. 2. Қожа оны қуанып қарсы алады. (синтаксистік талдау)	1-топ талдау жұмысын орындайды. 2-топ мәтіннен септеулі жіктеу есімдігін табады. (Оны, онымен, сенің, сіз, мені, мен, біздің)	формативті	

5 мин	Қорытынды. «Топтастыру» стратегиясы	Дене қимыл жаттығуын жасайды	суммативті	АКТ
2 мин	Топпен бағалатамын	1-топ. Есімдіктің мағыналық түрлері 2-топ. Жіктеу есімдігінің түрленуі 3-топ. Тест тапсырмалары.	Өзін-өзі бағалау Өзара бағалау	Постер жасау Маркер
2 мин	Кері байланыс жасатамын	Топ басшы топ мүшелерінің жинаған ұпай санын жариялайды.		Бағдаршам
1 мин	Есімдіктің түрленуі. Жіктеу есімдігі			Стикер
	Бағалау	1. Бүгінгі сабақта не сәтті өтті? 2. Топпен жұмыс жасағанда саған көмек қажет болды ма? 3. Сенің ұсынысың ...		
	Рефлексия			
	Үйге тапсырма	90-жаттығуды орындау. Тест тапсырмасы		

Ж.БУКЕТОВА,
Жамбыл облысы,
Тұрар Рысқұлов ауданы

Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК- ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» шығармасының стильдік-тілдік ерекшелігін ұғындыру. Міндеттері: мәтіннің тілдік ерекшелігін ұғындыру арқылы өздігінен білім алуға ықпал ету; сөйлеу мәдениетін жетілдіру; ой қорытындысын жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: белсенді іс-әрекет арқылы мәтінді жан-жақты талдайды; өз ойын еркін және дәлелді жеткізе білуге төселеді; топтың белсенділігі артады; шығармашылық қабілеті дамиды.

Типі: жаңа сабақты меңгерту.

Түрі: кіріктірілген (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі)

Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, іздену, «РАФТ» әдісі, проблемалық сұрақ, «Бес жолды өлең» әдісі, семантикалық карта. Көрнекілігі: Елбасының еңбектері, 2014, 2015 жылғы жолдаулар, газеттер. Оқыту формасы: топтық, жұптық, жеке жұмыс.

Сабақтың жүру барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Өзге тілде сөйле адамды таң қылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық.

Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік! – деп бүгінгі сабағымызды қоғам қайраткері, ақын М.Шахановтың туған тілімізді қадірлеуге, қастерлеуге шақыратын өнегеге толы өлеңімен бастайық. Бағалау өлшемдерін түсіндіріп кетемін.

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Білу	Бейнежазба көрсетіледі. Мәтін таратылады. Сұрақтар қойылады. 1. «Тәуелсіздік толғауы» қай жылы жазылды? 2. Мәтін қандай стильде жазылған?	Топтасады. Мәтінді шолып шығады. Сұрақтарға жауап береді.
Түсіну	Себебін анықтау. I топ 1. Неліктен публицистикалық стильге жатқыздыңдар? 2. Толғауда қандай мәселелер көтерілген? II топ 1. Толғау не үшін сөз мәдениеті тарауына енгізілді? 2. Толғаудың өзектілігі неде?	Топтасып жұмыс жасайды. Себептерін анықтап, әр топтан бір оқушы қорғайды. Тапсырманы тез орындауға, жылдам кимылдауға тырысады.
Қолдану	Орыс тілі Семантикалық карта, «Бес жолды өлең» әдісі	
Талдау	Тақтамен жұмыс Берілген сөйлемдерге морфологиялық талдау жасау. 1. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас күдіретін жан жүрегімізбен түсінеміз. 2. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. 3. Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі. 4. Ол алтын күні жарқырап, алтын қыраны қалықтаған Қазақ Елінің ашық аспаны астында дүниеге келген әрбір сәбидің жүрегіне орнайды. Синтаксистік талдау жасау 1. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы Рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады. 2. Бұл қағидаларды мүлтіксіз сақтай отырып, біз Отанымыздың көк байрағын ұстаймыз, оны Қазақстан дамуының жаңа биіктерінде асқақтата беретін боламыз. Жай сөйлем түріне, сөз тіркесіне талдау. 1. Оның көздеген межелеріне қалай да жететін мақсаткерлігі бар. 2. Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Пунктуациялық талдау жасау 1. Ол әрбір азаматтың жүрегінде, әр шаңырақтың төрінде, елімізде бой көтерген әрбір үйде, әрбір қала мен ауылда салтанат құрады.	Жеке-жеке тапсырмаларды орындайды. Ауызша, жазбаша талдау жүргізеді.

<p>Жинақтау</p> <p>Бағалау. Рефлексия. Оқушыларды бағалау.</p>	<p>Ағылшын тілі</p> <p>Баяндап беруші</p> <ul style="list-style-type: none"> Өз ойына сүйене отырып мәтінді маңызды фактілермен баяндайды <p>Зерттеуші</p> <ul style="list-style-type: none"> Кейіпкердің мінезін жан-жақты сипаттайды <p>Сұрақтар құрастырушы</p> <ul style="list-style-type: none"> Негізгі оқиғаны қамти отырып, сұрақтар дайындайды <p>Сілтеме табушы</p> <ul style="list-style-type: none"> Мәтіннен жаңа сөз табады, мағынасын ашады <p>Суретші</p> <ul style="list-style-type: none"> Мәтінді суретке түсіреді <p>Дәнекер</p> <ul style="list-style-type: none"> Өмірмен байланыстырады <p>РАФТ әдісі</p> <p>Р- рөл оқушы бала</p> <p>А-аудиотория сынып бөлмесі</p> <p>Ф-форма арнау</p> <p>Т-тақырып «Елім деген-Елбасы»</p> <p>Мен қай баспалдақтамын?</p> <p>Жинақтаушы баға</p>	<p>Ізденеді, жаңа сөздерді тауып, суреттейді.</p> <p>Мағынасын ашады.</p> <p>Өз ойларын айтады, жазады.</p> <p>Бүгінгі сабақтан алған әсерлерін жазады.</p>
--	---	---

Қорытынды: -Көк байрағы желбіреген бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болсын! Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ЖОРАБАЙ,
«Қосағаш» жалпы орта мектебі,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Қазығұрт ауданы

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ. «ШАЛКӨДЕ ЖАЙЛАУЫ»

Оқу мақсаты	Ақын өлеңін мәнерлеп оқиды, идеялық мазмұнын ашады. Өлең құрылысына және тіліне талдау жасайды.		
Негізгі түйінді идея	Оқушылар ауызша және жазбаша ойларын еркін, жүйелі жеткізуге қалыптасады. Табиғаттың сырын түсінуге, сүйеге дағдыланады.		
Негізгі дерек көздері, көрнекіліктер, сілтеме	Оқулық, электронды оқулық, қанатты сөздер, ақын туралы мағлұматтар, әдістемелік, Формат А3, маркер, стикер.		
Табыс өлшемдері			
Барлық оқушы	Көпшілік оқушы	Жекелеген оқушы	
Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығымен қысқаша танысады. «Шалкөде жайлауы» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын өз сөзімен жеткізеді.	Өлеңнің құрылысына талдау жасайды. Шығармадағы көркемдегіш тәсілдерді табады. М.Мақатаевтың «Атамекен» өлеңімен салыстырады.	«Ауылымның табиғаты» тақырыбына бір шумақ өлең жазады. «Табиғат-Адам-Қоғам» арасындағы байланысқа пікір білдіреді.	
Кезеңдер	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылармен амандасу, топқа бөлемін. «Күй анызы» «Бесеудің хаты» «Аққулар ұйықтағанда»	Үлестірмедегі үзіндінің қай шығармадан алынғандығын тауып, үш топқа топтасады.	Үлестірме қағаздар
Ой қозғау	1. «Қанатсыз құс маңып барады, Көзінен жас тамып барады». 2. «Қаза толы кілкілдеп, Қайнайды жай бүлкілдеп».	Проектор арқылы көрсетілген жұмбақты шешеді.	АКТ

Үй тапсырмасын сұрау	«Нұр» сөзі кездесетін мақал-мәтелдер айту. Ақын қолданған көркемдегіш тәсілдерден мысал келтіру. Ақын туралы жинап келген мәліметтерді айту.	1. Қадір ақынның «Нұр» өлеңін жатқа айтады, 2. Тапсырмаларды орындайды.	Жұмыс дәптері
Кіріспе. Қызығушылықты ояту. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі.	Қадір ақын казактарды кімдерге таныстырды? Қадір ақынның кітабының түсі қандай? Қадірдің «казак тілі», «ынсап», «ұят» сөздерінің синонимдерімен кездесетін өлеңін айт.		АКТ
Негізгі бөлім. Мағынаны тану.	1. Өлеңді мәнерлеп оқу. 2. Берілген сұрақтарға жауап беру және тапсырманы орындау. 3. Өлеңге сатылай талдау жасау. 1-топ өлең тақырыбы мен ақын идеясын түсіндіреді; 2-топ өлең құрылысы бойынша; 3-топ өлең тілі бойынша. Слайд арқылы М.Мақатаев «Атамекен» өлеңінен үзінді көрсету. Кәне, достым, екеуіміз қиялменен, «Шалкөдені» аралап қайталық бір...	Топ болып орындайды, бір-біріне түсіндіреді, топ бір-бірін бағалайды. 1-топ. Ақын сұлу табиғатпен қалай бетпе- бет келді? 2-топ. Ақын қиялы қалай өлең болып өрілді? 3-топ. Өлеңде ұлттық болмыс қалай көрінген? -туған жер тақырыбы -туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғатпен етене араласа жүріп оның кереметтігін тану, адам бар асыл қасиетті туған жерден алады; -өлеңде 6 шумақ, -1 шумақта 4 тармақ, -11 буынды кара өлең ұйқасымен жазылған; -Ақ бұлттар Шалкөдеңде төркіндеді, бусанып жату, қиял қайығына отыру (кейіптеу);	Формат А3

«Венн диаграммасы» әдісі	Киік ойнап шатында, бөктерінде, «Айғайтас», Шалкөденің нақ төрінде. Қырағы көз шекара-Құмбел анау Қытайменен екі ортаны қақ бөлуде. «Шалкөде» екі таудың арасында, Екі өзен тулап жатыр сабасында. Жалғанда гүл біткенні бәрі осында, Жалғанда шөп біткенні бәрі осында, Адамға шипа болар дәрі осында.	-ақ бұлттар, нар таулар (эпитет) -өлең-жырдың көктемі, көңілдің күмбезі (метафора). Мақатаевтың өлеңін оқып танысады. Екі ақынның өлеңіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарына талдау жасайды.	АКТ, Формат А3.
Қорытынды. Ой толғау.	«Табиғат-Адам-Қоғам» арасындағы байланыс	1-топ. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. 2-топ. Табиғатты қорғау борышымыз. 3-топ. Адамдардың табиғатқа әсері. Берілген тақырыпты суретпен бейнелеп, түйген ойларын айтады.	Формат А3
Үй тапсырмасын беру	Қадыр Мырза Әлі «Шалкөде жайлауы»; М.Мақатаев «Атамекен» өлеңдерін жаттау.	Тапсырманы жазып алады.	
Бағалау	Бағалау өлшемдері бойынша	Күнделікке баға қойғызады.	
Кері байланыс	Екі өлеңнен қандай әсер алдың?	Әр оқушы сабақтан алған әсерін жазады.	Стикерлер

Б.КАПАЕВА,
«Еркіндік ЖОББМ» КММ.
 Қарағанды облысы,
 Шет ауданы,
 Еркіндік ауылы

Тілдік мақсат. Ертегіні мәнерлеп оқыта отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту. Қызығушылықтарын арттыра отырып, өз ойларын еркін жеткізуге қалыптастыру.	Оқушылар (сипаттай алады): - Ертегіде тұспалдап келген сөздердің мағынасын аша алады. - Сұрақтарға ауызша, толық жауап бере алады. - Ойын еркін жеткізе алады. - Ертегіден алған тәрбиені топтастырып бере алады.
--	---

«АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ

Сабақта қол жеткізілуге тиісті оқу мақсаты: (SMART мақсаты/ стандартпен байланыстыру)	Ертегі бойынша алған білімдерін қорытындылайды және функционалдық сауаттылықтарын арттырады. - Негізгі ойды пайымдауға үйренеді және мәтіндегі тұспал сөздердің мағынасын ашады. - Алған білімді өмірмен байланыстыруға дағдыланады.
Сабақ мақсаттары: - Ертегі бойынша алған білімдерін тексеру, қорытындылау және функционалдық сауаттылықтарын арттыру. - Ертегідегі негізгі (идеяны) ойды пайымдауға үйрену және мәтіндегі тұспал сөздердің мағынасын ашу. - Алған білімді өмірмен байланыстыруға дағдылану.	Барлық оқушылар (А, В, С оқушы жасай алады): - Диалогтық қарым-қатынасқа еркін түсе алу; - Ертегінің идеясын анықтай алу; - Ертегінің мазмұнын түсіндіре алу; Оқушылардың басым бөлігі (А, В) (көптеген оқушылар жасай алулары керек): -«Жуан-жіңішке» сұрақтарға жауап бере білу; -Мәтінді түсініп оқи отырып, талдай алу; -Кейіпкерлер өмірімен ағысу Кейбір оқушылар (А) (кейбір оқушылар жасай алуы тиіс): -ертегі оқиғаларын өмірмен байланыстыра алу; -кейіпкерлерге мінездеме беру; -алған білімдерін өмірде қолдана алу;

	Негізгі сөздер мен тіркестер (Оқушылар осы сөздермен не істей алады). Мысалы: миграция сөзімен не істей алады?)
	Адамның жаманы, құстың жаманы, шөптің жаманы, Уәли бай, меңді сұлу, Барсакекмес, қайрақ, пышақ, балға, төс, т.б.
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер (Тілдік стратегиялар: оқылм, тыңдалым, жазылым, айтылым):
	Талқылауға арналған тармақтар: - Хан уәзірлеріне қандай тапсырма берді? - Хан Жаманға қандай тағам берді? - Жаман тұлпарды қалай сынады? - Суретте кім бейнеленген? - Уәзірлер неліктен құстың жаманы деп қырғауылды таңдады? - Жаман не үшін шөптің жаманы қарақоға деді? - «Аяз би» ертегісінде Жаманға Меңді сұлу қандай заттар берді? - Жаман не үшін «Аяз би» атанды? - Біздің ауылда қандай құстар және шөптер бар? Олардың пайдасы қандай?
	Жазылым бойынша ұсыныстар:
	Оқушылар өздерінің сүйікті кейіпкерлеріне хат жазып, өз ойымен бөліседі.
Алдыңғы оқу	Жоспар тараулары мақал-мәтел арқылы алынды. «Зымыран сұрақтары» қойылды.
ЖОСПАР	

А.ТУРДАЛИЕВА,
«Қосағаш» жалпы орта мектебі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Қазығұрт ауданы

Ғ.МҮСІРЕПОВТИҢ «ҰЛПАН» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Жоспарланған уақыт (Сабақтың жүру барысы/45 м.)	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыздар)	Ресурстар
Басталуы (Қызығушылықты ояту)	Балалардың белсенді әрекеті (жеке, жұпта, топта) «Шаттық шеңберде» тұрып бір-біріне бүгінгі күнге «Алақан жылуы» арқылы сәттілік тілейді. «Аяз би», «Ер Төстік» тобына бөлініп, топ атын қорғайды. Ертегі туралы білегін ақпараттармен бөліседі.	«Жарайсындар!»

Ортасы (Мағынаны тану)	Балалардың белсенді әрекеті (жеке, жұпта, топта) -«Зымыран сұрақтары» әдісінде өз білімдерін көрсетеді. «Накыштап оқу, рөлмен оқу» әдісінде оқулық бойынша жұмыс жасайды. -Семантикалық картамен жұмыс -«Сұрақ-жауап» әдісі «Аяз би» еретегісінен қандай тәрбие аламыз?	АКТ бойынша орындалады. «Тамаша!», «Бәрекелді!» АКТ-мен орындау.
Аяқталуы (Ой толғанис)	Балалардың белсенді әрекеті/кері байланыстар (жеке, жұпта, топта) «Активатор 2,1» әдісі арқылы сабақ барысындағы 2 ұнаған жағы, 1 кемшілікті тілекпен жеткізеді.	
Қосымша ақпарат	1-қосымша (күн суреті) 2-қосымша (смайликтер) 3-қосымша (ертегі кейіпкерлерінің суреті слайдта)	Сайт материалдары, электронды оқулықтар, бейнежазбалар

Оқу мақсаты	Романдағы кейіпкерлер бейнесін ашу арқылы оқушылар романның мазмұнын, идеясын, тақырыбын ұғынады.	
Негізгі түйінді идея	Ғ.Мүсіреповтың шығармашылығы және оның өзіндік шеберлігін таниды. Романның мазмұнын ашумен бірге кейіпкерлердің сипатын сан қырынан талдай отырып, оларға түрлі көзқараста баға бере алады. Өз ойларын жүйелі жеткізе білуге, ой қорытуға дағдыланады. Алған білімдерін өмірде қолдана алады.	
Негізгі дерек көздері, көрнекіліктер, сілтеме	Оқулық, бағдарлама, әдістемелік, «Ұлпан» романы, кесте, интерактивті тақта, Формат А3, маркер, стикер.	
Табыс өлшемдері		
Барлық оқушы	Көпшілік оқушы	Жекелеген оқушы
Романдағы кейіпкерлер бейнесін ашу арқылы оқушылар романның мазмұнын, идеясын, тақырыбын ұғынады.	Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романына мазмұндық талдау жасай алады, шығарма тілінің көркемдік ерекшелігі мен жазушының кейіпкерлерді сомдаудағы шеберлігін таниды.	Шығарма тіліне әдебиет теориясы бойынша талдау жасайды. Шығармашылық жұмысты орындайды.

Кезеңдер	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Ресурстар
Кіріспе Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру, назарын сабаққа аудару. Үш топқа бөлу. Топтарымыздың аттарын бұлай деп алуымыздың себебін түсіндіру. Бұл әйел аналардың есімдерінің маңыздылығын қалай түсіндіресіңдер?	Оқу құралдарын түгелдеп орындарына жайғасады. 1-топ. «Ұлпан» тобы 2-топ. «Сара» тобы 3-топ. «Ұлжан» тобы. Топ аттарына өз пікірлерін білдіреді.	Кеспе қағаздар. Интерактивті тақта.
Ой қозғау	Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романының жазылу себебі не деп ойлайсыңдар? Оқушыларды ізденіске сыни ойлануға баулу.	Өз ойларын білдіреді.	Интерактивті тақта
Үй тапсырмасын сұрау.	Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар.	Оқушылар мазмұны бойынша дайындаған сұрақтарын бір-біріне қояды, жауап береді. Бір-бірінің сұрақтарын бағалайды. «Ұлпан» романы қашан жазылды? Есеней Ұлпанға сөз салғанда Ұлпан қандай жауап айтты? Есеней Ұлпанға құда түсіп келгенде, неге «Ұлпан арзанға түспейтін қыз» деді? Мұның мәні неде? Мүсірептің әйелі кім? Ол екеуі қалай танысады? Ұлпанның күйеу баласы кім? Ол қандай адам? Біжікен анасына «Торсан бұзық адам екен...» деп оны маңына жолатпауын не себепті өтінді? Жазушының «Ана» тақырыбындағы шығармаларының жиынтығы ретінде 1974 жылы «Ұлпан» романы дүниеге келді. «Ұлпан арзанға түспейтін қыз» деді.	«Ұлпан» романы Оқулық

Негізгі бөлім «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі	«Кейіпкерлер әлемі» әдісі.	Кейіпкерлерге мінездеме береді, шығармадан үзінді алып дәлелдейді.	Оқулық Кесте Формат А3, маркер								
	Шығарманы сатылай кешенді талдау: Шығарманың авторы: Шығарманың аты: Шығарманың тақырыбы: Идеясы: Жанры: Кейіпкерлері: Көркем сөз айшықтары: теңеу – эпитет – метафора- портрет: Мақал-мәтелдер: Шығарманы композициялық құрылымына қарай талдау. Басталуы – Байланысуы – Дамуы – Шнеленісуі – Шарықтау шегі – Пролог (сөз соңы) –	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Кейіпкерлер</th> <th>Оның мінезі</th> <th>Шығармадан үзінді</th> <th>Оқушы пікірі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Ұлпан</td> <td>Ақылды, биязы да инабатты, адал жар</td> <td>– Ақнарым, сен мені адам қыла басталды, – деді аттанарда. – Жәк, Есеней, сен көлеңке күндік жерге түсетін бөйтерексің. Мен сенің саянда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тиетім сенің амандығың! – деді Ұлпан. – Сенсіз мен қым болар есім?..»</td> <td>Ұлпан ақылды көркіне сай қыз. Ұлпанның көрмегені жоқ, ол сонда да өзінің батыл ұстаған. Ұлпанның мінезі, даналығы мен қызықтылығы, жарын құрметтеуі, жоғары бағалауы, еліне көмек болуы</td> </tr> </tbody> </table> <p>Шығарманы сатылай кешенді талдау: Шығарманың авторы: Ғ. Мүсірепов. Шығарманың аты: «Ұлпан» романы. Шығарманың тақырыбы: XIX ғасырда қазақ даласында болған тарихи шындықтар суреттеледі. Идеясы: қазақ әйелдерінің бойындағы парасаттылық пен көргендікті, мейірімділік пен шамдандықтың, жарына, еліне деген сүйіспеншілікті, ұрпақ тәрбиесін бекем ұстанған асыл аналарды дәріптеген.. Жанры: проза (роман). Кейіпкерлері: Есеней, Ұлпан, Артықбай, Несібелі, Торсан, Біжікен, Мүсіреп, Шынар, Әсіреп, Науша, Жаниш а, Кенжетай т.б. Көркем сөз айшықтары: теңеу: өзіндей сұр бойдақ, күнімдей жарқырап, ұзақ түндей; эпитет: найзагер батыр, сұр бойдақ, сунғыла қыз, арзанға түспейтін қызбын, бауқеспе ұры; метафора: Есеней, сен көлеңке күндік жерге түсетін бөйтерексің. Мен сенің саянда шырылдаған бозторғаймын. Портреттер: Шымыр денелі, сұңғақ бойлы, оуқа мойын, қисық жауырың, Мұртының жоғарғы жағы таңқита қырлыған, екі миығы тышқан көрген мысықтың мұртындай дірлдеп қояды. Істік мұрын. Қара төбетей киген шақша бас. Мақал-мәтелдер: «Сорлыңды зары арлығы кездесей», «Малым-жаным садағасы, жаным -арым садағасы», «Байлық-бір жұттық, бағыр-бір оқтық», «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар», «Құлыққа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар», «Қыс азығын жаз жимай, жарлы қайдан байысын», «Баласыз әйел панасыз әйел», «Жақынды жаттай сыйла, жат көңілінен түнісің» Шығарманы композициялық құрылымына қарай талдау. Басталуы – Есенейдің көші</p>	Кейіпкерлер	Оның мінезі	Шығармадан үзінді	Оқушы пікірі	Ұлпан	Ақылды, биязы да инабатты, адал жар	– Ақнарым, сен мені адам қыла басталды, – деді аттанарда. – Жәк, Есеней, сен көлеңке күндік жерге түсетін бөйтерексің. Мен сенің саянда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тиетім сенің амандығың! – деді Ұлпан. – Сенсіз мен қым болар есім?..»	Ұлпан ақылды көркіне сай қыз. Ұлпанның көрмегені жоқ, ол сонда да өзінің батыл ұстаған. Ұлпанның мінезі, даналығы мен қызықтылығы, жарын құрметтеуі, жоғары бағалауы, еліне көмек болуы	
Кейіпкерлер	Оның мінезі	Шығармадан үзінді	Оқушы пікірі								
Ұлпан	Ақылды, биязы да инабатты, адал жар	– Ақнарым, сен мені адам қыла басталды, – деді аттанарда. – Жәк, Есеней, сен көлеңке күндік жерге түсетін бөйтерексің. Мен сенің саянда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тиетім сенің амандығың! – деді Ұлпан. – Сенсіз мен қым болар есім?..»	Ұлпан ақылды көркіне сай қыз. Ұлпанның көрмегені жоқ, ол сонда да өзінің батыл ұстаған. Ұлпанның мінезі, даналығы мен қызықтылығы, жарын құрметтеуі, жоғары бағалауы, еліне көмек болуы								

А.БЕЙСЕМБАЕВА,
Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Күршім ауданы

Б.МАЙЛИН. «ТҮЙЕБАЙ»

Максаты	Тақырыптың балаға ой салар идеясын баса ашуға мүмкіндік беру. Өз бетінше қорытынды шығару дағдыларын дамыту		
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру		
Күтілетін нәтиже	Оқушылар тақырыптың жалпы сипаттамасы туралы түсініктерін дамытып, оқып үйренеді		
7 модульдің қолданылуы	АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Кім шапшаң, Жигсо, Инсерт.		
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушыларды сапқа тұрғызып, 1-4 дейін санау арқылы топқа бөлу Алтын ереже құру қажеттігі туралы айту. Әр топқа бағалау парағын таратып беру. Фигуралармен бағалау әдісімен бағалау үшін фигуралар таратып беру «Сандарды бейнеле» ойыны арқылы психологиялық ахуалды жақсарту	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың алтын ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Фигуралар арқылы топтар өзара бағалайды. Әр топ өздеріне берілген сандарды дене мүшелерімен, қимылымен бейнелеуі.	
Тренинг			
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім	Өткен тақырыпқа қатысты сұрақ-жауап Кім шапшаң әдісі бойынша	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы тексеру. Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау.	Оқушылардың мұндағы мақсаты топтасу, санау арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.
Қызығушылықтарын ояту			

Түсіну	«Жигсо» әдісі бойынша «Түйебай» әңгімесінің тақырыбын өздері талқылап, қайталау мақсатында, жаңа тақырыпқа қадам басу үшін қосымша тапсырмалар таратылады.	Оқушылар көлемді мәтінді әрқайсысы жеке-жеке топ ішінде оқып шығып топпен талқылайды, сосын топтар құрамы өзгертіліп, құрамында әр бастапқы топтан бір белсенді оқушы бар жаңа (сарапшылар тобы) топтар құрылды. Құрылған сарапшы топ берілген тапсырмаларды біріге талқылап орындайды. Осыдан кейін олар өз топтарына қайта оралып, өздерінің бұрынғы топтағы достарына кезекпен өз жанұяларында түсінген материалдарын тиянақты түрде жеткізіп, үйретуі керек	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлерімен санаса білуі Топпен жұмыс жасау.
Қолдану	тақырыпқа байланысты постер әдісін пайдалану	Топтарға жаңа тақырып бойынша және өткен сабақты толық меңгерту мақсатында өз пікірлерін сурет арқылы қорғайды, ол үшін конвертке салынған сұрақтар таратылады. Мектеп туралы өз ойларын суретке салады	Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, тақтаға шығып тапсырманы қорғау
Сергіту сәті	«Балаландар би» атты жаттығу жасау	Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау	Интербелсенді тақтадағы бейнероликтегідей жаттығулар жасайды.
Талдау	Сұрақ-жауап кезеңі	Тақырыпты оқып шығуға уақыт беру Әр топ сұрақтар дайындайды.	Бір-біріне сұрақтар қоя отырып тақырыптың негізгі идеясы мен мазмұнын ашу.
Жинақтау	Топпен жұмыс «Инсерт әдісі» арқылы жалпы бүгінгі сабақта не үйренгендерін тексеру арқылы тақырыпты жинақтау	Берілген әдіс бойынша оқушылар бүгінгі сабақтан не үйренгендігін білу үшін оқушылар өз ойларын айтады.	Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, өзара пікір алмаса, топпен, жеке дара тапсырмаларды орындау.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау (2 мин) Бағдаршам, бағалау парақшалары	Бағалау парақтарын таратады. Бір-бірін бағалауды қадағалау.	Топты бағалау. Өзін-өзі бағалау.
Рефлексия	Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі (2 мин) ББҰ кестесін толтыру.	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну	Ұсынылған стикерді толтыру.

А.КИСТАУБАЕВА,
Т.Г.Шевченко атындағы орта мектеп.
 Ақтөбе облысы
 Әйтеке би ауылы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Негізгі идея: Абай туралы көп мәлімет алады. Ақын өмірі мен шығармашылығымен таныса отырып, өлеңдерінің тақырыбын аша алады, өз ойларын, пікірлерін еркін жеткізе алады. Абай шығармашылығына талдау жасай алады. Абай өлеңдерінен сусындаған әр шәкірттен ойы озық, өресі биік тұлға қалыптасады.

Оқу мақсаты: оқушыларға ізденіс тапсырмаларын бере отырып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту, ақын өлеңдерін оқи отыра, оқушыларды еркін сөйлеуге, сыни ойлауға қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыстануына ықпал ету, елжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

Табыс өлшемдері

Барлық оқушылар:			Оқушылардың көпшілігі	Жекелеген оқушылар
Сабақ кезеңдері	Уақыты	Мұғалім не істейді?	Оқушылар не істейді?	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	5мин.	Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. «Шын жүректен...» тренингін өткізу. Қима қағаздарға жазылған ақынның өлеңдері, аудармалары, әндері арқылы топқа бөледі. «Ақындар», «Аудармашылар», «Әнші - сазгерлер» деп оқушыларды қолдарындағы қима қағаздары арқылы үш топқа бөліп орналастырады. Бүгінгі сабақ барысында орындалатын тапсырмаларға сәйкес бағалау парағын дайындап, топ көшбасшыларына беру. Оқушылардың қатысуымен топтың ережесін қабылдау. Топтың ережесін тақтаға іліп қою.	Әр оқушы қолына берілген жүректі ұстап тұрып, шын жүректен тілегін айтады. Сынып оқушылары қима қағаздарға жазылған ақынның өлеңдері, аудармалары, әндері арқылы топқа бөлініп топтасады. Топтар бірігіп топтың алтын ережесін шығарып, қабылдайды.	Жүрек, өлең жолдары жазылған қиындылар, топтың алтын ережесі, бағалау парақшалары.

Қызығушылықты ояту	5 мин.	<p>Жүрегіңнің түбіне терен бойла, Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла Соктықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма,- деп ақынның өзі айтқандай «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», тар жол, тайғақ кешу өмірін кешкен, өкініш пен өксігі көп, қайғысы мен қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде де ел мұңын «асау жүрегінен» ағыта, шабытты жыр ғып төккен алып Абай туралы жыр алыбы Жамбылдың өлеңімен бастағанды жөн көріп тұрмын. Абайдың суретін көрген ол: Мына тұрған Абайдың суреті ме? Өлең сөздің ұқсайтын құдіретіне. Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған Өр Абайдың төтеген кім бетіне? - деп айтқан екен. «Жуан және жіңішке» сұрақтар арқылы оқушылардың ұлы ғұлама ойшыл туралы не білетіндерін анықтау; Алдын ала берілген ізденіс тапсырмаларының нәтижесін көру;</p>	<p>Оқушылар өздеріне берілген алдын ала ізденіс тапсырмалары бойынша білгендерін ортаға салады. «Жуан және жіңішке» сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мәтін, оқулық, жұлдызшалар, А-3, маркер, түрлі түсті қағаздар</p>
--------------------	--------	--	--	--

ШЕРХАН МҰРТАЗА. «ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАРА»

Мақсаты:

а) білімділік: «Жүз жылдық жара» әңгімесінің тақырыбын, көтерген идеясын ашу.

ә) дамытушылық: өз көзқарасын әдеби, жүйелі тілмен жеткізе білу дағдыларын жетілдіру

б) тәрбиелік: экологиялық тәрбие беру. Қоршаған табиғи ортаны қорғап, сақтауға баулу, адамгершілік қасиеттерді бағалай білуге үйрету.

Сабақтың түрі: бекіту сабағы.

Әдіс-тәсілі: өзіндік ізденіс, әдеби-мәтіндік талдау, сын тұрғысынан ойлау.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, биология.

Көрнекілігі: жазушының портреті, шығармаларының көрмесі.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық дайындық.

1. «Менің тілегім...» /оқушылар тілегі/

2. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

II. Ой қозғау.



Негізгі бөлім	20 мин.	<p>Ұлы ғұламаның өмірі мен шығармашылығы жайында бейнебаян көрсетіледі.</p> <p>Оқулық бойынша ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы үш топқа өз беттерінше оқуға мәтін беріледі. «Ақындар» тобына ақынның өлеңдері жайында, «Әнші - сазгерлер» тобына ақынның өмірі мен әндері туралы, «Аудармашылар» тобына ақынның аудармалары жайында оқып, танысу тапсырылады. Оқушыларға алдыменен жеке, сосын жұпта, содан кейін барып топта талқылатады.</p> <p>«Мен айтамын, сен жалғастыр» әдісімен жұмыстандырады. Әрбір топ мүшелері топ ережесін сақтай отырып, бірін айтқанын бірі қайталамай оқулықта берілген мәтін бойынша әңгімелейді. Үш топқа бір - бірін бағдаршам түстері арқылы бағалатады.</p>	<p>Оқушылар ақын туралы бейнебаян тамашалайды.</p> <p>Оқулықпен жұмыстанады.</p> <p>Берілген қосымша материалдармен танысады. Жеке, жұпта, топта қарастырады.»</p> <p>Мен айтамын, сен жалғастыр» әдісімен топтың алтын ережесін сақтай отырып, жұмыс жасайды.</p>	<p>Оқулық, мәтіндер, маркерлер, бағдаршам, флип-чарттар</p>
---------------	---------	--	--	---

Ой-толғаныс	5 мин.	<p>«Алты қалпақ» әдісімен қорытындылатады. Бүгінгі сабақта меңгерген білімдерін қазіргі өмірмен байланыстырып, «Алты қалпақ» әдісімен жұмыстандырады.</p> <p>1-қадам: класты 3 топқа бөліп, әр топ қалаған қалпағын «өлшеп көріп» берілген мәселе бойынша өз көзқарастарын айтады:</p> <p>«Ақ қалпақ» - СТАТИСТИКАЛЫҚ (оқылған тақырып бойынша нақты деректер келтіреді.)</p> <p>«Сары қалпақ» - СӨТТІЛІК (сәтті кезеңдерді айтады)</p> <p>«Қара қалпақ» - СӨТСІЗДІК (оқып жатқан тақырыптың сәтсіз тұстарын айтады.)</p> <p>«Көк қалпақ» - АНАЛИТИКАЛЫҚ (барлық топтың пікіріне талдау жасайды.)</p> <p>«Жасыл қалпақ» - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ (жанаша ойлар мен болжамдар жасайды.)</p> <p>«Қызыл қалпақ» - СЕЗІМТАЛ (топ тақырыпты оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды.</p> <p>2-қадам: әр топтың жасаған жұмысы барысында қалпақ түріне байланысты атқарған қызметі бойынша жұмыстарын жұлдызшалар арқылы бағалатады.</p>	<p>Оқушылар «Алты қалпақ» әдісімен жұмыстанады. Сонында оқушылар тапсырманы ең жақсы орындаған оқушыға қолдарындағы жұлдызшаларын сыйға тартады.</p>	
-------------	--------	--	--	--

III. Мағынаны тану. Жазушының «Жүз жылдық жара» шығармасына тоқталайық. Ол үшін тірек – сызбаға сүйене отырып, шығарманың мазмұнын еске түсірейік. Біз шығарманы 5 бөлікке бөліп, тақырып қойған болатынбыз. Әңгіме мазмұнын оқушылар әңгімелейді.



Енді шығарманы әрі қарай толық талдау үшін мынадай 4 деңгейлік тапсырма орындаймыз.



Деңгейлік тапсырмалар бойынша жұмыс:

1. Оқушы деңгейі. Сұрақ-жауап әдісі.

- Шығармада баяндалатын оқиға қай жылдары, қандай жағдайға байланысты өтеді?

- Мыңбұлақ ауылын жазушы қалай суреттейді? Әңгімедегі Мыңарал, Шоқыбас сайы қай жерде орналасқан?

- Әңгімені оқи отырып, Жуанкүл тартып жатқан жазаны дұрыс деп ойлайсындар ма? Неге?


- Қазіргі кезде Жуанкүлдар бар ма?

- Жасыл желек, ну орманды соғыс кезінде амалсыз қырықса, қазір бейбіт кезде неге кеседі?

2. Алгоритмдік деңгей. Оқулықпен жұмыс.

Оқулықты пайдалана отырып, әңгіме кейіпкерлері туралы ой жинақтау.

Шығарма тілімен Кенжекүл мен Жуанкүлға сипаттама беру.



3. Эвристикалық деңгей. Жұппен жұмыс.

«Түсініктеме күнделігі».

I топ:

Шығарманың аты	Шығармада кездесетін мақал-мәтелдер	Тұрақты тіркестер
Жүз жылдық жара	Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады. Біреу өлмей, біреу күн көрмес. Ұра берсе, құдай да өледі. Ылдида сиыр мөңіресе, таудағы арқардың мүйізі сырқырайды.	Шыбын жанын шүберекке тую, артын бақты, көзі жету, құлақ аспау

II топ:

Шығарманың аты	Бахтияр бағының тал –терегі	Бахтияр бағының шипалы шөптері	Бахтияр бағының құстары
Жүз жылдық жара			

III топ:

Шығарманың аты	Соғыс тақырыбына қатысты сөздер	Халықтық ырымдар
Жүз жылдық жара	Батыстағы кара мылтық, соғыстың жесір әйелдері, Смоленск, ну орман танкілердің таптауынан, зеңбіректердің снарядінен, аспаннан жауған бомбалардан жапа шекті, Мыңбұлақтан майданға кеткен 60 азамат, т.б.	Киіз үйдің шаңырағын отқа жақпайды. Үкі жүрген жер киелі. Киелі ағашты кесуге болмайды.

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН. БАЛА ШОҚАН

4. Шығармашылық деңгей
1) «Бес жолды өлең» (тақырыпқа байланысты бес жолдан тұратын қорытынды шығару)

1. Кім? Не? Байшынар
2. Қандай? саялы, киелі
3. Не істеді? сая болды, жайқалды, ыңырсыды
4. Сөйлем. Бауырларынан айырылған Байшынар күңіренді.

5. Синоним. ағаш

IV. Ой-толғаныс.

2) Сұрақ –рефлексия (мына сұрақтар жауабын өзіңше аяқта).

Әңгімені оқығанда мені қызықтырғаны:

Мен үшін ең аянышты жері:

Әңгіме авторы жазушы Шерхан Мұртаза туралы ойым:

V. Қорытынды. Жазушының ғибратқа толы әңгімесін оқи отырып, қоршаған ортаға араша болу – біздің міндетіміз. Адам мен табиғат –егіз ұғым

VI. Үйге тапсырма: Қалаулары бойынша орындауға:

1) әңгімеде кездесетін дәрілік шөптердің емдік қасиеті туралы жазып келу.

2) әңгімеден өздеріне ұнаған үзіндіні жатқа оқу

Сыныпқа ортақ тапсырма: «Байшынар неге күңіренді?» (ойтолғау)

VII. Бағалау.

Сабақтың мақсаты	«Бала Шоқан» әңгімесін қорытындылау, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шығарманы жан-жақты талдау, адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, топта жұмыс жасау арқылы оқушылардың арасында ынтымақтастық, достық атмосферасын қалыптастыру.			
Табыс өлшемдері	«Бала Шоқан» әңгімесін қорытындылайды, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шығарманы жан-жақты талдайды, адамгершілік құндылықтар, топта жұмыс жасау арқылы оқушылардың арасында ынтымақтастық, достық атмосферасы қалыптасады.			
Технология, әдіс, стратегиялар	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар	Уақыты
Үй тапсырмасы Мазмұнын айту	Оқушылармен амандасу, түгелдеу. -Сәлеметсіздер ме, балалар? Отырыңыздар. Бүгін сыныпта кім кезекші, барлық оқушылар сабақта түгел ме? Тактаға күннің жады жазылады. «Бала Шоқан» әңгімесін оқып, мазмұнын айту. Сұрақтар қоя отырып, шығарманың мазмұнын сұрау. 1-топ: 1. Сары бала не себепті қуанды? 2. Мысық неліктен Шоқаннан қорқып, оны жатырқады? 3. Шоқанның үйінде қандай жағдай орын алды? 2-топ: 1. Шоқан анасына қандай тілек айтты?	Оқушылар амандасу, кезекші мәлімет береді. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы шығарманың мазмұнын айтады.	Такта, бор Оқулық, сұрақтар	2 1 15

Топтық жұмыс. Жоспар құру. Құрылысына талдау. Талқылау кестесі.	2. Мысықтың балшықтан жасаған мүсіндері туралы Шыңғыстың пікірі қандай болды? 3. Шоқанның уәдеге беріктігін қай ісінен көруге болады? 3-топ: 1. Мысық Шоқанға арнап қандай мүсіндер жасаған? 2. Шоқанның Мысықты үйіне ертіп келуінде қандай себеп бар? 3. Сары бәйбіше Мысыққа қандай мейірімділік танытады? Өтілетін тақырып тақтаға жазылады. Дәйексөз: «Кір тигізбей ұста ойыңның өресін, Мейірім етсең, мейірімділік көресін». 1-топ: Әңгімеге жоспар құру. 2-топ: Әңгімені құрылысына қарай талдау:	1-топ: Әңгімеге жоспар құрады. 2-топ: Әңгімені құрылысына қарай талдайды. 3-топ: Талқылау кестесін толтырады.	Тақта, бор Оқулық, дәптер, талқылау кестесі, қалам	10
	Шығарманың тақырыбы, идеясы Әңгіменің басталуы Шиеленісуі Оқиғаның байланысы Шарықтау шегі Шешімі 3-топ: Талқылау кестесі: Шығарманың тақырыбы Негізгі кейіпкерлер Әрекеті Осы әрекетке итермелеген не нәрсе? Кейіпкер бойындағы қасиет Әңгіме қалай аяқталады?			

Мұғалім сыйы	1-топ: «Бала Шоқан» әңгімесі бойынша 2 жуан және жіңішке сұрақтар дайындау. 2-топ: Жақсылық, мейірімділік туралы мақал-мәтелдер жазу. 3-топ: Бала Шоқанның өнерге деген қызығушылығы болашақ өміріне қалай әсер етті деп ойлайсындар? Адамгершілік туралы бейнетаспаны көрсету. Осы бейнетаспаның мазмұнын «Бала Шоқан» әңгімесімен байланыстырады. Құндылық ағашын пайдалана отырып бүгінгі сабақтан өзіне қандай құндылықтарды ала алғаны туралы айтады.1-топ: «Шоқан – қазақтың маңдайына біткен шокжұлдыз» 2-топ: «Жақсы іс көп жасайды» 3-топ: «Достық қымбат өмірде» тақырыбында эссе жазу. Эссеге қойылатын талаптар: - 10 сөйлемнен кем болмауы керек. -«Бала Шоқан» әңгімесімен байланыстырылуы керек. -Тақырыптан ауытқымау және аша білу керек. -Стильдік және грамматикалық қателерді жібермеу керек. Кері байланыс парағы толтыруға беріледі. -Осымен оқушылар, сабақ аяқталды, сау болыңыздар.	1-топ: «Бала Шоқан» әңгімесі бойынша 2 жуан және жіңішке сұрақтар дайындау. 2-топ: Жақсылық, мейірімділік туралы мақал-мәтелдер жазу. 3-топ: Бала Шоқанның өнерге деген қызығушылығы болашақ өміріне қалай әсер еткені туралы өз ойларын айтады. Бейнетаспаны қарайды. Осы бейнетаспаның мазмұнын «Бала Шоқан» әңгімесімен байланыстырады. Құндылық ағашын пайдалана отырып бүгінгі сабақтан өзіне қандай құндылықтарды ала алғаны туралы айтады. Кері байланыс парағын толтырады.	Дәптер, қалам Интербелсенді тақта, видеоролик, оқулық, дәптер, қалам Кері байланыс парағы, қалам	5 9 3
--------------	--	---	--	---------------------

А.САБЫРЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы
№5 жалпы орта мектеп.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: оқушылардың жай сөйлем түрлерінен алған білімдерін жинақтау, жүйелеу, нығайту, талдау дағдыларын жетілдіру;

2. Дамытушылық: жай сөйлем түрлерінен алған білімдерін сабақ барысында ойын ашық айтуға бағыттау;

3. Тәрбиелік: оқушылардың оқуға деген саналы көзқарастарын қалыптастыру, адамгершілік құндылықтарын жетілдіру.

Сабақтың типі: қайталау сабағы.

Сабақтың әдісі: Сын тұрғысынан ойлау, АКТ.

Пәнаралақ байланыс: әдебиет.

Сабақтың көрнекілігі: Сөзжұмбақ, Ребус, Флипчарт, үлестірме парақшалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасу.

II. Өткен сабақты пысықтау.

A) Сөзжұмбақ

1. Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында

айтылған сөйлемді қалай атаймыз? (сұраулы сөйлем)

2. Дүниеде бар екен жалғыз көзді,

Киімін үйіп тастап, күдер үзді. (ине)

3. Не істеді? Не қылды? Қайтті? сұрағына жауап беретін сөйлем мүшесі. (баяндауыш)

4. Айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылған сөйлемді қалай атаймыз? (лепті сөйлем)

5. Бала күлді. Сөйлемі жай сөйлемнің қай түрі? (жалаң сөйлем)

6. Екі немесе одан да көп сөздерден тұратын мүшені қалай атаймыз? (күрделі)

7. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын тыныс белгісі. (сызықша)

8. Анықтауыш мүшені қалай сызамыз? (ирек)

9. Қалай? Қашан? сұрағына жауап беретін сөйлем мүшесі. (пысықтауыш)

Ә) Ребус (сөйлем) деген сөз шығады.

Сұрақтар.

1. Сөйлем дегеніміз не?

2. Сөйлем мүшелер дегеніміз не?

3. Сөйлем құрылысы нешеге бөлінеді?

4. Сөйлем айтылу мақсаты мен сазына қарай нешеге бөлінеді?

5. Сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне не жатады?

6. Тіл білімі неше салаға бөлінеді?


III. Жаңа сабақ.

Эпиграф

*Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым,
ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен
оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық...*

(Абай Құнанбаев)

«Топтастыру» стратегиясы



Кім жылдам? Сұрақ-жауап әдісі.

1. Тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелердің қатысуымен жасалатын сөйлемнің түрі. (жайылма сөйлем).

2. Толымды сөйлем дегеніміз.....(айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысқан жай сөйлем).

3. Бастауышы бар, жоқ болса, сұрақ қою арқылы тауып алуға болатын сөйлемнің түрі қалай аталады? (жақты).

4. Қыс. Қаңтар айы. Айсыз бұлтты түн. Жай сөйлемнің қай түрі? (Атаулы).

IV. Кітаппен жұмыс. «Мағынаны тану» кезеңі

88-жаттығу. Мәтінді оқып, түсініктеме беріндер. Өңгімедегі жай сөйлемнің түрлерін талдаңдар: жақты, жақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, атаулы.

Бейнелі сөздерді, фразеологизмдерді табындар.

Шұбар тайым табылды.

Үлгерімі төмен оқушыға жұмыс түрін беремін.

№ 1-парақша.

Жай сөйлемнің түрлерін ажырату.

Мұңды бір дауыс жақындап келеді.

Елбасымыздың сындарлы саясатының нәтижесінде Қазақстан қарыштап дамып келеді.

Еркіндік көктемі. Дербес ел болу көктемі.

№ 2-парақша.

Жай сөйлемнің түрлерін ажырату.


Абайдың Шұбарға жаны ашыды.

Астана. Бәйтерек. Самаладай жарқыраған шамдар.

Ол жүгірді.

№3-парақша.

Графикталық диктант



Ол кеше мектептен келді. Ол келді. Қараңғы түн. Қыздар ше? Менің жақсы оқығым келеді.

Жеке жұмыс.

1. Тек тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлемнің түрін деп атаймыз. (жалаң сөйлем).

2. Атаулы сөйлем дегеніміз

(іс-оқиғаны баяндамай, тек заттың, құбылыстың, мекеннің, мезгілдің атауын білдіретін сөйлем).

3. Сол күні қарлы жаңбыр жауған екен. Ұлпа уәделі жерге келсе, аттың ізі бар да, жігіт пен ат жоқ!

Үзінді қай әңгімеден алынған? Авторы кім? Бірінші сөйлем жай сөйлемнің қай түрі? (С.Мұқанов. «Есіл бойында», жақты, жайылма, толымды).

4. Бастауышы мүлдем болмайтын сөйлем сөйлемнің қандай түрі? (Жақсыз).

5. Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалып айтылатын сөйлем сөйлемнің қандай түрі? (толымсыз).

V. Дәптермен жұмыс.

Сатылай кешенді талдау.

Балалар жарысқа кетті. Асқардың ұғына түскісі келді. Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді. Қанат оянды. Баяу ескен қоңыр жел. Арман бүгінгі сабаққа жақсы дайындалып келді.

Синтаксистік талдау.

Ол даладан жүгіріп келді. Ол шапшаң сөйлейді. Шу қаласын салдырды.

Семантикалық карта

№	Мысалдар	Жақты сөйлем	Жақсыз сөйлем	Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем	Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем	Атаулы сөйлем
1	Маған сабақтан қалуға болмайды.							
2	Көлдің биік қабағы.							
3	Қайта-қайта келе берді.							
4	Бізге көбірек оқу керек.							
5	Сырдың суы ышқынып ағады.							
6	Беті дуылдап кетті.							

Сәйкестендіру тесті.

1. Жақты сөйлем.

1. Кілең ығай мен сығай, жайсаң мен жампоз.

2. Жақсыз сөйлем.

2. Боран ұйытқи соғып тұр.

3. Жалаң сөйлем.

3. Әлі жауап қатпаған Абайды сөйлеткісі келді.

4. Жайылма сөйлем.

4. Дос жүрегіне сенеді.

5. Толымды сөйлем.

5. Өзім сөйлесемін.

6. Толымсыз сөйлем.

6. Ақан бүгін шиті мылтықпен киік атып әкелді.

7. Атаулы сөйлем.

7. Аспан бүгін тап - таза.

VI. Қорытынды.

Тест.

1. Жалаң сөйлемді көрсет:

A) Адақ еш уақытта мұндай қуанған емес.

B) Қартқожа сөйлеп тұр.

C) Жоғары қарады.

2. Бастауышы жасырын тұрған сөйлем қалай аталады?

A) Жалаң сөйлем.

B) Жайылма сөйлем.

C) Жақсыз сөйлем.

3. Жақсыз сөйлемді көрсет:

A) Сабақтан кешігуге болмайды.

B) Баяу ескен қоңыр жел.

C) Туған жерге туың тік.

4. Толымды сөйлемді көрсетіңіз:

A) Өзеннен балық аулаймыз.

B) – Қайда барасыз?

C) Абай Ділдамен оңаша қоштасты.

5. Жалаң сөйлемді белгіле:

A) Қалың қар.

B) Қар жауды.

C) Бүгін жауды.

6. Атаулы сөйлем қандай сөз табынан екенін көрсетіңіз:

Түн. Аспан. Бұлт.

- A) Есімдік;
- B) Етістік;
- C) Зат есім.

7. Атаулы сөйлемді табыңыз:

- A) Ағасы бардың жағасы бар.
- B) Таң мезгілі.
- C) Су жылы екен.

8. Қайсысы жақсыз сөйлемнің жасалу жолына жатпайды?

- A) -ғы, -гі, -қы, -кі тұлғалы қалау райлы етістік;
- B) Атау немесе барыс септігіндегі тұйық етістіктен соң «керек», «мүмкін» сөздерінің тіркесуі;
- C) Баяндауышы зат есімнен басталады.

9. Жақты сөйлемді табыңыз:

- A) Менің бұл сөзге қосылғым келмеді.
- B) Біздің ашық сөйлесуіміз керек.
- C) Қалың қар жауды.

10. Толымсыз сөйлем қандай жағдайда жиі қолданылады?

- A) Диалог жағдайында;
- B) Құрмалас сөйлемде;
- C) Сөйлем мүшелері түгел қатысып, ой толық айтылғанда.

VII. Үй тапсырмасы. «Біздің Елбасы» тақырыбына эссе жазып келу. Жай сөйлемнің түрлерін қолдану.

VIII. Бағалау.

Ж.АБДИРОВА,
М.Мирманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Бірлік ауылы

СӨЗ ТАПТАРЫН ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік-оқушылар сөз табынан өткенді қайталай отырып, білімдерін бекітеді. Құрамдық, мағыналық түрлерін ажырата біледі. Теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру арқылы алған білімдерін жүйелей отырып, сөз таптарын толық меңгере түседі; тәрбиелік-мәдениеттілікке, ептілікке, бірін-бірі сыйлай білуге үйренеді. Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін насихаттау арқылы ойынға деген қызығушылығы артады; дамытушылық- Оқушылардың ойлау қабілеттері мен шығармашылық қабілеттері дамиды. Өз ойын дәлелдеп, қорыта білуге дағдыланады.

Көрнекілігі: семантикалық карта, интерактивті тақта, сатылай кешенді талдау парағы, ойынға қатысты ат, текемет, әже суреті, слайдтар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, ән-күй, этнопедагогика.

Түрі: сайыс сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, семантикалық картамен жұмыс, деңгейлік тапсырма, ойыны, психологиялық

тренинг, топтық жұмыс.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру бөлімі
Оқушылармен амандасу.
Оқушыларды түгелдеу.
Құралдарын тексеру.

Психологиялық тренинг (Оқушыларды тақтаға шығарып ретімен топқа бөлу)

1-топ. «Жидебай» тобы. 2-топ. «Қарасаз»тобы.

(Әр оқушы топтарын жинақтаған соң, «Жидебай» тобы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай»әнін айтады. 2-топ. «Қарасаз» тобынан бір оқушы Мұқағалидың «Елім барда» өлеңін мәнерлеп оқиды.)

Қызығушылықты ояту.

Мұғалім: - Бәріміз тақтаға қарайық, осы кезге дейін біз қазақ тілінің қай салаларымен таныстық? (Оқушылар сұраққа жауап береді).

1. Қазақ тілінің салаларын ата.
2. Морфология нені зерттейді?
3. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?
4. Сөздерді неше топқа бөлеміз?

Мұғалім: -Балалар, біз сайысымызды бастаймыз.

Эстафеталық сайыс. (Екі топқа сұрақтар беріледі, әркім білетін сұрағына жауап береді)

II. Денейлік тапсырма.

1-деңгей.

Берілген сөйлемнен зат есім мен сын есімдерді тап.

2-деңгей.

Семантикалық картамен жұмыс жасайды.

3-деңгей.

(Мына сөйлемдерге морфологиялық сатылай кешенді талдау.)

Кітап соңында өткізген шақтарын Абай бақытты санайды.

Таулар- менің таусылмайтын бақытым,
Ал ырысым-ұланғайыр кең далам.
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,
Туған елім болса екен бақытты.

III. Ойын «Білеміз бе?»(Шарты: 1-топ «Ат ерттеу»
2-топ. «Текемет салу».

Ат әбзелдерінің артындағы сұрақтарға жауап береді. Әжейдің текеметін әдемілеп аяқтайды. (Сұраққа жауап.)

IV. «Кім жылдам?» ойыны.

(Тақтада берілген жұмбақтың шешімін тауып, ауызша мофологиялық талдау)

1. Асты тас,
Үсті тас
Ортасында шандыр бас.
2. Өрнектеп, сәндеп,
Тігістерін бүгетін.
Солпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін?

3. Ешкімге ештеңе татырмайтын адамды қалай атаймыз?

4. Жан аямай жұмысты жақсы істейтін, маңдай тердің жемісін жейтін адамды қандай адам дейміз?

5. Қолымда үш алма,
Інімде бес алма,
Барлығын қосқанда
Болады неше алма?

6. Айтқанға сене салатын, еш нәрсені байыптап байқамайтын адамды қалай атаймыз?

7. Айгүл жеті ағам бар десе, Нұргүл алты ағам бар дейді, екі отбасының балаларын қосқанда қанша болады?

V. Шығармашылық жұмыс.

Ертегі құрастыру.

Ұлы Жеңістің 71 жылдығына орай «Біз Жеңісті жырлаймыз!» тақырыбына өлең жазу.

VI. Сабақты қорыту. «Сұхбат алу» тренинг өткізу.

Бүгінгі сабақтың өзгешелігі неде?

Сіз сабақтан қандай әсер алдыңыз?

Ұнаса несімен ұнады?

VII. Бағалау. Әр топтың топ басшысы оқушылардың жауабын бағалайды.

VIII. Үйге тапсырма:

«Жеңіс туын желбіреткендер!» тақырыбына шағын шығарма жазу.

А. НАУРЫЗАЛИ,
Орал гуманитарлық-
техникалық колледжі,
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

АТА МҰРАСЫ - ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Ғұмар Қараш қазақ халқының ақын, ойшыл, философы, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер-ағартушы, діни шарифат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білетін, Алаш идеясын насихаттаушысы болған деседі. Ғұмар Қараш (бұрынғы Бөкей Ордасы) қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданына қарасты Борсы ауылында 1875 жылы дүниеге келген. Әкеден жастай жетім қалса да ағайын-туыстар қамқорлығымен әуелі ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашады. Атамыз Шәңгерей Бөкеевті ұстаз тұтқан. Ұстазы шәкіртіне орыс, европа елдерінің көрнекті шығармаларымен таныстырып, басты-басты роман, повестерді әңгімелеп береді. Ол бар білгендерін ауыл адамдарына мәлімдеп отырған деседі. Атамыз табиғатынан зерек, білімге құштар болып өседі. Әр саладағы орыс тіліндегі шығармаларды өздігінен оқитын дәрежеге жеткендігін сөзіміздің дәлелі ретінде айта кеткеніміз жөн. Жалпы атамыздың

туған жері, өскен ортасы жөнінде әр түрлі кітап және баспа беттерінде тарихшылар мен қаламгерлер көрнекті тұлға жөнінде жазып басылым беттеріне жариялап келеді. Әлі болса да зерттеулерді қажет етеді. Атамыз өз дәуіріндегі кең таралған «Айқап», «Мұғалім», «Шора» журналдары, «Қазақстан», «Ұран», «Дұрыстық жолы», «Қазақ дұрыстығы» сияқты газеттерге сол дәуірдің көкейкесті мәселелері хақында өлеңдері мен мақалаларын жариялап тұрған деседі. 1911-1913 жылдары алғаш Ордада кейін Оралда басылған «Қазақстан» газетін шығаруға, оның саяси- мәдени дәрежесін көтеруге атсалысты. Осы кезеңде қазақтың саяси көзін ашатын, рухани байытатын «Ойға келген пікірлерім», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тұмыш», «Бедел қажы» атты кітаптар жарияланды. Ол Ғабдолла Мүштақ (Алланың зерделі құлы) атты бүркеншікпен «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттіне мақалалар жазып тұрды. Атамыз аз жыл ішінде ғана қазақ елін қалыптастыруға, тұтастылығын оятып, жанына серпін туғызуға байланысты қыруар еңбек атқарған. «Тіршілік таласы» атты мақаласында қазақтың шыққан тегін тармақтап тарқата келе имандылық, ар тазалығы, ағайын арасындағы сыйластық, біліктілік жайларын жан-жақты баяндап, ел тағдыры, дәуір сипаты, өмірдің өзекті мәселелері жайында атап айтқан. Өзі ұстаз тұтқан ұстазының қолдап көмек көрсетуі арқасында ел аузынан тараған естеліктерді жинап, көне мұраларды жинақтап, Орынбор қаласында «Шайыр», «Көкселдір» атты екі жинақ шығарды. 1911 жылы жарияланған «Ар-

ождан-сенім өлшемі» атты мақаласында ол «Әрбір жағдайда ар-ождан биік тұруы керек. Сонда ғана оның қасиеті жоғары болмақ», - деп жазады. «Күн туды» - деп аталатын өлеңінде өзі жырлап өткендей: «Екі талай іс болып, Елге қиын күн туды. Аспанда ай, күн тұтылып, Жер жаһанды қан жуды. «Алаш» атты ел болып, Адамдықты табарсың, - деп тұжырымдаған ақын тәуелсіздікке ұмтылудың, қараңғылықтан құтқаратын күн болып, ататынын ұғынықты тілмен жұртшылық санасына сіңіруге тырысты. 1916 жылы Бөкейліктер атынан Петерборға барып, Астархан басып алған жерді қазаққа орнымен бөліп бер деген өтініш хат тапсырып, 1917 жылы Ордада өткен Бөкей халықтарының съезіне қатысады. 1917-1919 жылдары Алаш қозғалысына белсене араласады. Алаш орда үкіметі – Ұлт кеңесі анықталатын екінші съезінде қазы болып сайланады. 1918 жылы Ордадағы педагогика техникумында сабақ береді. Сол жылы қыркүйекте Бөкей губерниясының мұғалімдер съезіне қатысады. 1918-1920 жылдары губерниялық кеңестердің төрт съезінде делегат болады. Съезде мағыналы сөз қозғайды. Ордада ұйымдастырған айына екі рет шығатын «Мұғалім» атты журналды шығарушылар алқасына кіреді. Ол осы журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды. 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газеттінің алқа мүшесі, әрі тілшісі болады. 1920 жылы маусымда Бөкейдің II губерниялық партконференциясында губкомның пленум мүшесі, ал сол жылы I пленумда губкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып сайланады. Қайраткер

халық қамқоршысы, әрі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Қоғамдық жұмыстар арқылы халықпен етене араласып, елге танылады. Сөйткен қайталанбас тұлға 1921 жылы 12 сәуірде Құнаншапқан деген жерде қашқын әскерлер қолынан қапияда мерт болады. Қайраткер негізінен бала оқытуды, жалпы қазақ жұртын білім мен біліктілікке баулуды негізгі мақсаты етсе де, өзі секілді зиялы қауым өкілдерімен ортақтаса отырып, қазақ елін қалыптастыруға сүлелі үлес қосады. Қазіргі таңда қайраткердің ұмыт қалған еңбектері ғалымдардың арасында соңғы кездері жіті зерттелуде. Атамыздың артында қалған мол мұраларын жинақтап зерттеу – бұл Алаш арыстарының бірін қайтадан қауыштыру мақсатында әр жылдары жазған еңбектерін мезгіл – мезгіл жариялатып отырып, жас ұрпақты ізеттілік пен саналыққа тәрбиелеудің басты құралы болары сөзсіз. Сондықтан қайраткерлер туралы ғұмыр деректеріне қатысты мәліметтерді хаттап жинағанда алдыңғы лектен көрінген атамыздың есімін әрқашан естен шығармағанымыз жөн. Кейбір қоғам қайраткерлері және атамыздың өмір жолы мен шығармашылығын зерттеушілер Ғұмар Қараш пен Абай Құнанбайұлын қатар қояды. Қоғам қайраткерлері немесе әдебиеттанушы қаламгерлеріміз екі атамызды да қазақ халқының бірлігі тұтас, тұғыры биік, көкірегі ояу, ұлтжанды, сауатты, еркін де әділетті болуын, қазақ деген халықтың бар екенін барлық елге танытып, жариялау мақсатында қосқан үлестерімен ұқсастырады. Ғұмар атамыздың өмір деректері мен шығармашылығын қоғамдық өмірге

қосқан еңбектерінің осы уақытқа дейін танылмауының себебін: Алаш қозғалысымен байланыстырады. Қазіргі таңда атамыздың туған күніне орай көптеген түрлі қоғамдық орындар мен мәдениет ошақтарында, әсіресе кіндік қаны тамған жерінде еске алу мақсатында әр жыл сайын кезекті мерекелік шаралар өткізіліп тұрады. Ағымдағы жылы атамыздың шығармашылығын дүйім жұртқа насихаттау барысында Жәнібек аудандық кітапханасында «Ғұмар жырлары ұмытылмайды» атты Ғұмар оқуында атамыздың «Екі бауырға» - атты өлеңін мәнерлеп оқыған едім. Шығарманың мағынасына үңіле отырып, өлеңнің тамаша бейнеленгенін, салыстырмалы түрде сынап, қала мен даланың ерекшелігін сипаттай келе, жік-жікке бөлінбей, біртұтас халық ретінде татулықта, достықта, ұлтаралық қарым-қатынаста, өзге ұлт өкілдерімен қоян-қолтық араласып жатсынбауын қалағанын ұғынуға болады. Атамыздың әрбір шығармаларын оқып, мағынасын ашқан сайын ерекше күйге еніп, бойыңда қандай да тылсым күш пайда болғандай сезінесің, бұл тылсым күш әдебиетке, тілге, поэзияға деген сүйіспеншіліктен, тебіреністен туындайтыны белгілі. Өскелең жас ұрпаққа қазақ халқымыздың өр тұлғалары мен атамыз сықылды ақын, ойшыл, философ, қайраткер – ағартушыларымызды жас ұрпаққа үлгі өнеге етіп, ұрпақтан – ұрпаққа мұра етіп қалдырған асыл қазынасын сары майдай сақтап, насихаттау арқылы шығармашылығын дүйім жұртқа танытуымыз қажет деп ойлаймын.

А.АБДРАХМАНОВА,
И.Құтпанұлы атындағы орта мектеп.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы,
Жібек жолы ауылы

«МЕН ӨМІРДІ ЖЫРЛАУ ҮШІН КЕЛГЕНМІН!»

*(М.Мақатаевтың 85 жасқа толу мерейтойына арналған
әдеби-сазды сайыс)*

Мақсаты: білімділік-М.Мақатаев өмір жолымен, шығармашылығымен оқушыларды таныстыру; тәрбиелік-Отанды туған жерді сүйеге тәрбиелеу, ақын жырларынан үлгі алу; дамытушылық-оқушының сөйлеу мәдениетін дамыту.

Көрнекілігі: ақынның портреті, шығармалары, ақын туралы естеліктер, нақыл сөздер.

Жоспары:

1. Кіріспе бөлім.
2. «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін».
3. «Өлеңнен өрілген ой».
4. «Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап».

Жансая: -Қайырлы күн қадірменді жыр сүйер қауым!

Камила: -Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаев атамыз биыл 85 жасқа толып отыр. Ақынның шығармаларына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!» атты әдеби сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Жансая: -Қазақтың ақын ұлы Мұқағали Мақатаевтың туған күнін иісі қазақ баласы жыл сайын атап өтеді.

Бүгін менің туған күнім,

Ой бәлі-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.

Камила: *-Мына дүние неге жатыр үндемей,*

Алаулатып тойдың шогын үрлемей.

Құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып,

«Мынау шапан,

Мынау атың мін» демей.

Жансая: *-Мына жұртқа жақпады ма әлденем?!*

Бекер өмір сүргенім бе әлде мен?

Халқым,

Сенің қасиетіңді білем деп,

Босқа өмірім өтті ме екен әуремен?!

Камила: *-Айтамын деп қуанышың, мұңыңды,*

Басқа арнаға бұрдым ба әлде жырымды?!

Мен бәрібір өзіңменен бір болам

Өзегінен тепсең-дағы ұлыңды,-

деп Мұқағали атамыз өзінің туған күніне жыр арнап кеткен екен. Бүгін біз де атамыздың туған күніне орай әдеби кешімізді ұйымдастырып отырмыз.

Жансая: *-Кезінде ақиық ақын М.Мақатаев:*

«Ақынмын деп қалай мен айта аламын,

Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жсауып өзіне қайтарамын», -

деп қарапайым қазақтың қара өлеңінің жілігін шағып, майын ішті. Дегенмен, өзінің әділ бағасын ала алмай

кеткен ақынның әділ таразысы халық болды. Оны күллі халық сүйіп оқиды, оқи бермек. Мұқағали шын мәнінде, бір туар екенін халыққа таныта білді.

Камила: - Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы кез келгенімізді қызықтырары сөзсіз. Ол 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келді. Әкесі Сүлеймен осы өңірде колхоз ұйымдастырушы болды. 1941 жылы майданға аттанып, содан оралмады. Шешесі Нағиман қарапайым шаруа адамы еді.

Жансая: - Балалық шағынан-ақ ақын ерте есейді, еңбекке ерте араласты. Орта мектепті бітірген соң ауылдың хатшысы, комсомол қызметінде болды. 1954-1962 жылдар арасында қазақ радиосында диктор болды, 1962-1972жылдар аралығында «Социалистик Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында бөлім меңгерушісі, 1972-1973 жылы Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып жұмыс істеді.

Камила: -Мұқағалидің тұңғыш өлеңі 1948 жылы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде басылды. Мұқағали поэзиясы – таңғы шықтай мөлдір поэзия. Ақынның «Дариға жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Өмір-дастан», «Атамекен», «Райымбек», т.б. кітаптары жарық көрді.

Жансая: -Ақынның «Аманат» жыр жинағы 2000 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Бүгінде Мұқағали ақынның 13 кітабы бойынша 1834 өлең, 19 поэмасы бар екені анықталып отыр. Мұқағалидың 35 мың жолға жуық өлеңі поэзия сүйер қауымның іздеп жүріп оқитын жырына айналды. Ақын өлеңдеріне 100-

ден астам әндер жазылды.

Камила: -Бүгінде ақынның ортамызда болмағанына налимыз, ал медет тұтармыз-алып ақынның өзінің көзіндей көрінетін өркеш-өркеш өлеңдері халқынан қалтқысыз бағасын алып, келер ғасырға керуен көшін сенімді түрде ұзатып барады. Азаматтық пен адамгершілікті асқақ мұраты санаған ақынның жүрек сырлары шынайы болмысымен, ақиқаттың алдында аласармауымен қымбат та құнды.

Жансая: -Мұқағали – біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі. Ақынның өзі «Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онды мен не жазам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем» деген екен. Құрметті ән сүйер қауым, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне көптеген әндер де шығарылған. Соның бірі ақынның туған жері Қарасазға арналған әнін назарларыңызға ұсынамыз.

Камила: -Жыр десе ішкен асын жерге қояр болашақ ақындар бүгінгі сайысымызды бастамас бұрын әділқазы алқаларымен танысып алайық.

Қатысушылардың ұпай сандары 5-10 балдық жүйемен бағаланады. Әділқазы алқалары даулы мәселелерді шешеді, жеңімпаздарды анықтайды, жүлделі орындарды бөледі. Ал ендеше көп созбай сайысымызды бастайық.

Жансая: -Сайысымыз үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» деп аталады. Бұл сайыста оқушылар ақынның бір өлеңін ой кестесіне сай көркемдеп оқиды. Сонымен қатар оқушының жатқа оқи білу шеберлігі, сахналық мәдениеті, тіл тазалығы,

жүріс тұрысы жоғары дәрежеде болуы тиіс.

Камила: - Онда ортаға сайысқа қатысушы оқушыларды шақырып, реттік сандарын алуларын сұраймыз.

Жансая: - Ортамызға бірінші нөмірлі оқушыны қалдырып, қалғандарыңызды орындарыңызға отыруларыңызды сұраймын. Ендеше қашан да ақиқаттың ақ туын көтеріп, әділет пен адалдақты тең ұстаған ақынның ғажайып сырлы өлеңдеріне кезек берейік.

Камила: - Екінші сайысымыз «Өлеңнен өрілген ой» деп аталады. Бұл бөлімде оқушы өзі оқыған өлеңнің тақырыптық мазмұнын ашады, көркем ой кестесімен тақырыпты дамытады. Оқушының шешендігі, ой жүйелігі, ұтымды жауабы ескеріледі.

Жансая: - Үшінші бөлім «Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап» деп аталады. Бұл айдарда оқушы берілген дайын ұйқасты пайдалана отырып, тұжырымды, түйінді бір өлең туғызады. Ол ұтымды, жұрт көңілінен шығатындай болуы керек.

... жайған күн,
... байландым
... бақ қонғын.
... айналдым!

Ендігі кезек әділ қазы алқаларына беріледі.

Камила: - Әбділда Тәжібаев: «Өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса М.Мақатаев та көз жұмған жоқ. Қатарымызда, күнбе-күн қасымызда. Өне ол мұзбалақ қыранша дүр сілкініп, бүкіл залды бір өзі толтырып, жазық мандайы жарқырап, жалтырап жыр оқып тұр!...» деп Мұқағали туралы өзінің ақ тілегін

айтқан екен.

Жансая: - «Қазақ халқының бір ғана Абайы болса, Мұқағали да жалғыз..

Құдіретті ақынға көзі тірісінде көрсетілмеген құдіреттің, берілмеген сый-сияпаттың орнын толтырудың бір жолы, бір жөні бар: ол ақынның қисапсыз рухани қазынасын ұлт игілігіне асыруға асығу».

Камила: - Осымен М.Мақатаев шығармашылығына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!» атты әдеби сазды кешімізді аяқтаймыз.

Қызықты грамматика

ОЙЛАП КӨРІҢДЕР

Төмендегі сөздер жеке тұрғанда қандай ұғым білдіреді, сан есімнен және басқа сөздермен тіркесіп сөйлем құрамында келгенде қандай ұғым білдіреді екен, ойлап көріңдер.

Елі, сүйем, қарыс, уыс, құшақ, құлаш, тұтам, кісі бойы, адым, табан.

Бір *елі* ауызға екі *елі* қақпақ. (Мәтел)

Соғысты біз сүйеміз ел жылатқан,

Ол -ісі қанқұмардың қарғыс атқан.

Елім-бай, бақшам - жеміс, жер-суым - мол,

Бір *сүйем* тілемейміз жерді жаттан.

(Жамбыл)

Астыңда бедеуі бар алты *құлаш*.

(«Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырынан»)

Б.АХМЕТЖАНОВА,
М.Ғабдуллин атындағы
№3 көптілде оқытатын
кәсіби мектеп-гимназиясы.
Ақмола облысы.
Көкшетау қаласы

ЕРЛІК ПЕН НАМЫСТЫҢ АҚЫНЫ-МАХАМБЕТ

Ашық журналдың мақсаты:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарынын өлеңдері арқылы оқушыларға түсіндіре отырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салған ерекше қасиетін оқушы бойына дарыту.

2. Өмірі мен өлеңдерінің ерекшелігін аша отырып, күйлері, термелері жөнінде түсінік беру. Ерлікке, Отанды қастерлеуге шақыру.

3. Өршіл жырлары арқылы ерлікті ту еткен Махамбеттің ерлігін қастерлеуге баулу, елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу.

Ашық журнал төрт беттен тұрады.

1-бет. «Күреспен өткен ғұмыр».

2-бет. «Махамбет-дауылпаз ақын».

3-бет. «Махамбет-күйші».

4-бет. «Мәңгілік ғұмыр».

М.Өтемісұлы «Мұнар күн» бейнеролик.

1-бастаушы.

Махамбет

Махамбет...

Білмеймін жел ме, сел ме

Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?

Әділетсіз дүниенің қабырғасын

Махамбетше сөгер жан кездесер

2-жүргізуші.

Махамбеттің әлі биік еңсесі,

Сол еңседен шығып жатыр ел сесі.

Ақын жүрек мәңгі сөнбес жанартау,

Жалын атып тұрар мәңгі өр төсі.

1-жүргізуші.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов Махамбеттің ақындық күдіретін жоғары бағалай келіп, былай деп жазды:

«... Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман талабы». Бұл -классик ақынымыздың шығармашылығына берілген әділ баға деп білуіміз керек.

2-жүргізуші. Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі.

1-жүргізуші.

Қазақ халқы талай қиын кезеңді басынан кешірді. Елін, жерін көзінің қарашығындай қорғаған, оның мүддесі үшін қабырғасы қайысып, қасық қаны қалғанша қорған болуды мақсат еткен дара – тұлға батырлары

болған. Олар сабырдың тәуекел мен арманның түлегі. Міне осындай көрнекі өкілдердің бірі - Махамбет Өтемісұлы.

2-жүргізуші.

Ол - тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кең пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Махамбет Нарын өлкесінде өмір сүріп, « кара қазан, сары бала қамы үшін» ашық қимылға шыққан, халықты соңына ерте білген. Ол ерлікті, өрлікті өзі ғана жасамай, бүкіл поэзиясына ерлікті ту етті, оны кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырды. Олай болса М.Өтемісұлының өмірбаянына зер салайық.

1-бет. «Күреспен өткен ғұмыр» 1-слайд. 1-оқушы.

Махамбеттің өмірі бейнеролик.

1-жүргізуші. Отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ жыршысы

Менің атым – Махамбет,

Жасқұстағы Жәңгір хан

Ісінен болдым құса - дерт.

Атасы өткен Айшуақ

Соны көзі көрді ғой:

Менің атам Өтеміс

Елдің қамын жеді ғой - деген жалынды отты сөздерін еске ала отырып мына көрініске назарымызды салайық.

Көрініс: Сарайда отырған Жәңгір хан. Айналасында Баймағамбет сұлтан, сарайдың билері, уәзірлері, т.б.

Шабарман: - Уа, биеке, Махамбет кеп, түсіп жатыр.

Жәңгір хан: -Мұнда алып келіндер, сөйлесейік, бірақ оғаш сөз сөйлемендер, не десе де көне беріндер..

(Махамбет кіріп келеді)

Махамбет: - Ассалаумалейкум!

Билер: - Уағалейкумассалям! Кел, төрлет, отыр!

Жәңгір хан:- Әй, Махамбет!. Бір-бірімізбен тағы да бетпе-бет жүздесіп қалдық. Байқаймын, әлі сол баяғы мінезің, әлі сол бұрынғы тілің көрінеді. Қашып - пысып жүріп, еркінсіп сөйлеу - сенің не теңің? Тіл безеу сенің қай сәнің?

Махамбет: - Тілімнің уы жыланның тіліндей екі айыр, бірі сізге тисе, бірі өзіме тиеді.

Жәңгір хан: - Ау, Махамбет! Сөзді қояйық! Арамызда шыққан от ауызды, орақ тілді ақын емессің бе? Жырла мені мақтап мына жұртқа.

Махамбет: - Айтсам айтармын, хан Жәңгір, жұртқа жасаған ісінді. Қарапайым халықтың ақысын жеп, табаныңа таптамадың ба мына жұртты?

- Хан емессің қасқырсың,

Қас албасты басқырсың.

Достарың келіп табалап,

Дұшпаның келіп басқа ұрсын.

Хан емессің аянсың,

Айыр құйрық шаянсың.

Жәңгір хан: - Токтат! Жетеді енді.

1-жүргізуші:

Махамбет - ақын, ұраны болған қазақтың

Толғаулары мен жырлары толы азаттық

Теңдік үшін алысқан ата жауымен

Өр мінездік қанына сіңген қазақтың.

2-жүргізуші:

Ұрпағың бүгін намысты ерлер жетелі.

Жайды, міне қазақ халқы өркенін

*Еркіндік алып, ерікті болған кезімде,
Махамбет баба, рухыңа тағзым етемін.
Оқушылар М.Өтемісұлының өлеңдерін оқиды..*

Махамбет көтерілісі бейнеролик .

2-бет. «Махамбет–дауылпаз ақын!»

Махамбеттің жырларына тоқталады).

Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жаракты жауды тоқтатып» елі үшін құрбан болған ердің арманы жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді.

Махамбеттің:

*Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға
Қас үлектен туған катепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,*

Біздің бүйткен бұл іске, - деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай да болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын елін сүйуге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді. Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз тағдырын салыстырады. Махамбет көл қорыған қызғыштай елі үшін отқа түседі:

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос.*

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Ел қорыған мен едім
Мен де айырылдым елімнен
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.*

1-жүргізуші:-XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше.

Өлең - тәрбие құралы. Көне заманнан бері халқымыз тәрбие құралы ретінде ертегі, аңыздарды, батырлар жырлары мен дастандарды, өлеңдер мен терме, баталарды, мақал – мәтелдерді тиімді пайдаланып, ұлттық дәстүрімізді жалғастырып отырды.

2-жүргізуші: -Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды.

Махамбет жырларын ту етіп ұстап, көңілдеріне тоқып жүрген оқушыларға сөз беріледі.

Махамбеттің көтеріліс кезеңінен хронологиялық кесте таныстырылады.

Журналдың 3-беті. «Махамбет – күйші».

Махамбет ақын мен Махамбет батырдың осы қасиеттерін біз күйші Махамбеттен, композитор Махамбеттен де анық байқағандаймыз. Егер біз Махамбет тағдырын ел кегін жоқтаған ердің ереуіл ғұмыры деп танитын болсақ, оның жырларын сол ереуіл өмірдің поэтикалық шежіресі деп білеміз. Мынау жеті күй бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнмен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып,

көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда да Махамбеттің сол таныс даусы, таныс шабыты, Махамбет жүрегiнiң сол таныс дүрсілі. Оның күйлері: «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе», «Өкініш», «Жайық асу», ауға шапқан» «Жұмыр, Қылыш» пен «Қайран Нарын».

Махамбеттің күйшілік өнері туралы айтылып, «Жұмыр қылыш» күйі орындалды.

4-бет. «Мәңгілік ғұмыр».

1-жүргізуші:-

Ақыры жетті күн бүгін,

Ақырып теңдік сұраған.

Түнектің түріп түндігін,

Ат міндің сұлу құладан.

Парызың бүгін өтелген,

Әр ізің жатыр жаңғырып.

Азаттық туын көтерген,

Ақынның жыры мәңгілік!

2-жүргізуші: -Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек.

1-жүргізуші: - Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иіп, елімізді одан әрі көркейтеміз.

2-жүргізуші: -Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

А.ӘЛМАХАН,
Қ.И.Сәтбаев атындағы мектептің
9-сынып оқушысы.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

АНА – КӨКТЕМ, ҚЫЗ – КӨКТЕМ

Көкірегімде күй ойнаған кезінде,
Бөленемін көктем бейне сезімге.
Жүрегімнің жымыңдаған жұлдызы,
Ару көктем сенің сұлу көзінде.
Жапыраққа малшынғанда жан-тәнім,
Жаңбыр сынды аспанға үміт артамын.
Жанарыңнан көргім келсе жылылық,
Құшағына тығыламын қалқаның.
Сұлусың ғой, сырлысың ғой көктемім,
Сенде екен менің нұрлы сәттерім.
Шабытыма шыр айналған кезінде,
Сен жайында жырға тұнар дәптерім.
Күн шуағың шуағындай анамның,
Жыр шырағың жұмағындай даламның.
Ана-көктем, еркелетші сен мені,
Маңдайынан сипап ақын балаңның.
Сыңарыма ұқсатамын өзінді,
Өзің болып от жанарым көз ілді.
Шуағым-ау, қуантсаңшы нұрыңмен,
Ақын жүрек, аңқылдаған сезімді.
Тап осылай ұнатамын көктемді,

Көктем маған ұсынды тәтті әнді.
Жүрегіммен жолдайыншы өлең қып,
Көктем-қызға жазып қойған хаттарды.
Бос сезімге бас қатырып алаң боп,
Жүретұғын менің дағы шамам жоқ.
Деп өзімді тұрғанымда кінәлап,
Көктем-Ана сүйіп алды анам боп.
Ана-көктем, қыз-көктем!...

АРУАҒЫҢА БАҒЫШТАДЫМ ЖЫРЫМДЫ

О, Ақыным, ақтангерім, ғазалым,
Жырдан таққан алқасының ғажабын.
Өзіңе деп өзегімді толғатып,
Өркеш-өркеш өлеңімді жазамын.
Алдаспаным, көгімдегі шағалам,
Жүрегіңнен айналайын аламан.
Өлең бердің өрнек-өрнек өрімі,
Кемеңгерлік қиялыңнан тараған.
Жанарыңнан шашылғанда арай-нұр,
От жүрегім жазған еді талай жыр.
Аруағыңа бағыштадым жырымды,
О, Ақыным, жақұтыңа балай жүр.
Қарасаздың қыраны едің шын құмар,
Жанарларға түскен мұңды жыр қылар.
Тағдырымды ұқсатамын тұманға,
Жүрегінде тіршіліктің шын жылар.
Жыр бақытын сездім ақын тілінен,
О, Айбарым, жарқыраған күнім ең.
Жырың барда, нұрың болып төгіліп,
Үнің барда, үмітің боп тірілем.
Тамыздырдың тілегіңмен елге нұр,
Өсіріп ең өлеңіңмен әнге гүл.
Поэзияның патшасына айналдың,
Халқы мақтап, қадамына сенген ұл.

НАЙЗАСЫМЕН ЖАУДЫ ТҮЙРЕП, ҚАЛАМЫМЕН ОТ ӨРІП...

Найзасымен жауды түйреп, қаламымен от өріп,
Өз халқының қамын ойлап, туын биік көтеріп.
Арамзаның басын алып, халқы үшін туған ұл
Кешірмейтін жасағанды оңды-солды қателік.
Қаламыңнан от ұшып, жанарыңнан жас тамды,
Сен басқарған әскерлер елім деп жер жастанды.
Қол астыңа жинадың қайсар мінез,
«Елім» деген, еміренген, «жерім» деген жастарды.
Әрбір сөзің қамшыдай өтер сабап,
Жырларыңнан кетердей жүрек қанап.
Өлеңінді оқыған әрбір адам,
Өміріне өнеге, алар сабақ.
Келбетіңе қарасам бейнең сұсты,
Ал кірпігің бейнелеп тұр қылышты.
Көздеріңе көз салып көп ойландым,
Байқасам көргендеймін қыран құсты.
Семсеріңе санаңның сырын егіп,
Соқпақ жолға қалдырып жымыңды анық.
Қайсарлықтың қайратты түгін өріп,
Өзің болып тіл қаттым бүгін жанып.
Ереуіл атқа ер салған болсам бекер,
Тұлпар түгіл тоқымы жоқ ақынмын.
Сен менің замандасым болсаң егер,
Мен сенің жай әскерің болатынмын.
Астына жасырынған қанатыңның.
Қыр баласы едім мен қыран құшқан,
Көкірегін қамықса жыр-ән қысқан.
Жалғыз өзің алыстың зұлымдықпен,
Болсын мейлі пиғыл жау, құман дұшпан
Жаутаң қаққан жанарымның ішінде,
Бір үміт бар үлбіреген гүл сынды.
Махамбетті көрсем бе деп түсімде
Араладым өлең дейтін тылсымды.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 08.08.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2016 ж., 144 бет, Алматы.